

2021
№4

KAZAKHSTAN

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің Р. Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты жанындағы Тарихи материалдарды
зерттеу бойынша республикалық ақпараттық орталығы

Республиканский информационный центр по изучению
исторических материалов при Институте востоковедения
им. Р. Б. Сулейменова Комитета науки Министерства
образования и науки Республики Казахстан

SHYGYS

МАЗМҰНЫ ✦ CONTENT ✦ СОДЕРЖАНИЕ

ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІНІ ЕСКЕ АЛУ IN MEMORY OF ABSATTAR HAJJI DERBISALI ПАМЯТИ АБСАТТАРА ХАДЖИ ДЕРБИСАЛИ

ҚАЙРАТ ЛАМА ШАРИФ

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы..... 3

ҚАЙРАТ ЛАМА ШАРИФ

Учитель, что родитель – о добре помышляет..... 6

ДҮКЕН МӘСІМХАНҰЛЫ

Жақсы адам өтті жалғаннан 9

РАФИЯ ДЕРБІСӘЛИЕВА

Бас ием туралы естелік..... 16

ШАМШӘДИН КЕРІМ

Діни оқу орындарының бірегей зерттеушісі 24

ҒАНИ НЫҒЫМЕТОВ

Ұлы ғалым, дінтанушы және абзал азамат еді... 29

ИСЛАМ ЖЕМЕНЕЙ

Тарихқа енген тұлға (Әбсаттар Дербісәлі жайында)..... 31

MARIYASH MAKISHEVA

A Bright Memory to a Bright Personality 39

БОЛАТБЕК БАТЫРХАН

Ғұлама ғалым, ұлы ұстаз 41

ДИНАРА ЖАНАБЕРГЕНОВА

Шейх Абсаттар хаджи Дербисали
о сокровищах исламской культуры в Казахстане..... 47

БАҒДАТ ДҮЙСЕНОВ

Ғалымның хаты, жақысының аты өлмейді 51

ШЫНАР ҚАЛИЕВА

Әбсаттар Дербісәлінің ғылыми мұрасы..... 64

Әбсаттар Дербісәлі еңбектерінің мезгілдік көрсеткіші. Хронологический указатель трудов Абсаттара Дербисали..... 69

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ БАТЫС ЕУРОПА ЖӘНЕ ШЫҒЫС ДЕРЕККӨЗДЕРІНЕН АЛУ

Ә. Б. ДЕРБІСӘЛІ, М. Х. Дулатидің «Жаһан наме» дастанынан үзінділер
Баспаға дайындаған Б. Дүйсенов 73

Б. Д. ДҮЙСЕНОВ, Д. Е. МЕДЕРОВА, Қ. С. ҚҰРМАНБАЕВА

Арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің зерттелуі және тілдік ерекшеліктері 86

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР НАУЧНЫЕ ИЗДАНИЯ

SCIENTIFIC PUBLICATIONS 93

Редакционная коллегия:

*Абусеитова М. Х. – председатель
(Казахстан)*

Алимгазинов К. Ш. (Казахстан)

Алимова Д. А. (Узбекистан)

Анне-Мари Вильмено (Бельгия)

Байтанаев Б. А. (Казахстан)

Джин Нода (Япония)

Додхудоева Л. Н. (Таджикистан)

Жанаев Б. Т. (Казахстан)

Жумагулов К. Т. (Казахстан)

Зайцев И. В. (Россия)

Кусаинова Т. Ж. (Казахстан)

Масимханулы Д. (Казахстан)

Оразбаева А. И. (Казахстан)

Попова И. Ф. (Россия)

Самашев З. С. (Казахстан)

Смагулов Т. Н. (Казахстан)

Сулейменов О. О. (Казахстан)

Султанғалиева Г. С. (Казахстан)

Табынбаева З. С. (Казахстан)

Токо Фудзимото (Япония)

Турдалиева Ч. Д. (Кыргызстан)

Ужкенов Е. М. (Казахстан)

Урула Симс Уильямс

(Великобритания)

Уяма Томохико (Япония)

Францис Ришар (Франция)

Шаймарданова Н. Ж. (Казахстан)

Редакторы:

В. Корешкова, К. Смадилова

Корректор Н. Садыкова

Компьютерная верстка

В. Корешковой

Дизайнер К. Карпун

Адрес редакции:

г. Алматы,

Издательство «Шығыс пен Батыс».

050009, г. Алматы,

пр. Абая, 143, оф. 220.

Тел.: 394-40-45, 394-42-32

Журнал зарегистрирован
Министерством информации
Республики Казахстан
в 2004 г. Свидетельство № 4881-Ж.
Перерегистрирован Министерством
информации Республики Казахстан
в 2020 г. Свидетельство
№ KZ76VPY00027373

Подписано в печать 22.11.2021.
Формат 70 × 100^{1/16}. Уч.-изд. л. 9,9.

Усл. п. л. 6,5, вкл. 1,5 п. л.

Тираж 500 экз.

Отпечатано в типографии
«SERVIS PRINT»

ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІНІ ЕСКЕ АЛУ

ҚАЙРАТ ЛАМА ШАРИФ

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Қазақ арабистикасының іргетасын қалаушы Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі менің алғашқы Ұстазым екенін мақтаныш тұтамын.

Бүгінгі таңда мұндай сөзді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және шығыстану факультеттерінің еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген жүздеген түлегі де мақтанышпен айтып жүргені ақиқат.

1977 жылы Совет Одағының атеистік идеологиясы белең алып тұрған шақта, қазақ мектептерінің саны жылдан-жылға азайып, ана тілін еркін білетін жастардың жоғары оқу орындарына түсу аясы тарыла бастаған заманда Мәскеудегі атақты Шығыстану институтында білім алған жас ғалым Әбсаттар Дербісәлі сол кездегі КазГУ-дің атақты ректоры академик Ө. Жолдасбековтың қолдауымен Ленинград, Ташкент университеттерінде араб тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған қазақ оқытушыларының басын қосып, филология факультетінде араб тілі мен әдебиеті бөлімін ашты. Алғашқы жылы он студент, кейінгі жылдары жиырма бес студент оқуға қабылданып, қазақ ғылымында арабистика саласы осылайша қалыптаса бастады.

Араб тілі бөлімінің тәй-тәй қадам баса бастаған «сәби шағында» аяқтан шалушылар да көп болды: бір жағынан коммунистік идеологияның шолақ белсенділері Қазақстанда араб тілін оқыту қажеттігін жоққа шығарып жатса, екінші жағынан атеизмнің жалауын көтеріп жүргендер бұл бөлім молдалар дайындайды деп күдіктенді. Дей тұрғанмен, көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков бастаған ұлтжанды зиялылар Қазақстанда араб тілін оқыту маңыздылығы зор екеніне көрегендікпен қарады.

Кейін КазГУ-дің филология факультетіндегі араб тілі мен әдебиеті бөліміне түсуге ниет білдірген талапкерлердің саны күрт өсіп, осы мамандыққа қызығушылар көп болған кезде өз балаларын орыс мектептеріне берген ығай мен сығайлар араб тілі мен әдебиетін орыс тілінде оқыту керек деп талап қоя бастады. Сол кезде де ауылдың шаңын жұтып туып өскен Әбсаттар Дербісәлі бастаған зиялы қауым қазақ мектептерінде араб тілін шетел тілі ретінде оқыту саясатын ұстанып, ана тілін жетік білетін қазақ жастарын ғана осы мамандыққа дайындау жолында табандылық көрсетті. Аллаға шүкір, сол кездегі ұстаным бүгін өзінің дұрыстығын айқын дәлелдеп берді.

1981 жылы Павлодардан Алматыға оқу іздеп келген мен де Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі шәкірттерінің қатарына қосылдым. Ол кезде араб тілі оқулықтары тапшы болатын. Әбсаттар ұстазымыз Ташкенттен Б. З. Халидовтың оқулығын қаражатын төлеп алдырды да, әрбір студенттерге бір-біреуден таратып берді.

Кейін Ә. Дербісәлі, М. Мәженова, Б. Тасымов, Г. Рамазанова, Ж. Тоқмамбаев, Н. Өсеров және тағы басқа ғалым-оқытушылар мектеп сыныптарына арналған араб тілі оқулықтарын жазып шығара бастады.

Сол кездегі Әбсаттар Дербісәлінің жас мамандарды дайындаудағы сіңірген ерен еңбегі – Мәскеуде өзімен бірге оқыған таныс-тамырларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қазақ студенттерін араб елдерінің университеттерінде араб тілінің қыр-сырын үйрететін біржылдық арнаулы курстарға жіберу еді. Өткен ғасырдың 80-жылдары мұндай жағдай Ресейдегі Шығыстану университеттерінің студенттерінің еншісінде ғана болатын. Оның үстіне Мәскеуден бес орынды жырып алғанда Иордания университетінің тілдік курстарына оқуға баруға үміткерлердің «жоғары жақта отырған» туған-туыстары көрпені өз жақтарына қарай тартқысы келді. Сонда өзінің әділдігімен ерекшеленетін Әбсаттар Дербісәлі үміткерлердің «жағрафиясына» қарамай, ең алдымен оқуы үздік әрі қоғамдық жұмысқа белсене ат салысып жүрген студенттерді іріктеді.

Әбсаттар Дербісәлі өз студенттерін университет қабырғасында ғылыми жұмыстарға да ерте баули білді. Жазғы каникул кезінде студенттер ҚР Ғылым Академиясының Қолжазба бөлімінде практикадан өтетін. Сол практикаға жұмыстарға жетекшілік еткен Әбсаттар аға ата-бабаларымыздан қалған асыл қолжазба мұраларды көздің қарашығындай сақтап қалуға, ортағасырлық рухани, мәдени, ғылыми мұраларды оқу тәсілін үйретті. Ұлы жібек жолындағы көне қалалар, ислам ескерткіштері туралы қызықты әңгімелері бізді қатты еліктіретін.

Әлі есімде, университеттің бірінші курсына оқып жүргенде Әбсаттар Ұстазымыздың «Шыңырау бұлақтар» атты кітабы жарық көріп, сол еңбектен Отырар шаһарынан Әбу Насыр әл-Фараби есімді ғалымдар шыққанын алғаш рет оқып, өзіміздің бай тарихымызға құрметпен қарай бастадық.

80-ші жылдары Қасиетті Құран кәрім кітабының Саблуков аударған орыс тіліндегі нұсқалары Коммунистік партияның аудандық комитеті бекіткен арнайы тізім бойынша ғана таратылатын қилы заманда Әбсаттар Дербісәлі «Араб әдебиеті» атты кітабы арқылы қазақ оқырмандарына мұсылмандардың басты кітабының мән-мазмұнын ашып, «Фатиха» мен «Ихлас» сүрелерін қалай оқу керектігін үйретті. Міне, Әбсаттар Ұстазымыздың осындай ғылыми тәсілі арқылы көптеген адамдар мұсылмандық сауаттылығын аша бастады.

Совет Одағы кезінде ҚазҰУ-дің араб тілі бөлімін аяқтап, Йемен, Ирақ, Либияда тәржімашы болып істеп жүрген түлектері Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі Ұстазымен хабар үзіскен жоқ. Араб өркениетінің бесігі болып саналатын Хадрамаутта (Оңтүстік Йеменде) аудармашы болып жұмыс істеген жылдары Ұстазыммен жазысқан хаттарымды жеке архивімде әлі күнге дейін сақтап келемін.

Кейін Еліміз тәуелсіздігін алып, егеменді ел болып жатқанда Әбсаттар Дербісәлінің бір топ шәкірттері Сыртқы істер министрлігіне қызметке кірдік. Міне, дипломатияның қыр-сырын үйрене бастаған шағымызда араб елдерінің сыртқы саясатын, экономикасын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін жақсы білетін Әбсаттар Дербісәліден әрдайым ақыл-кеңес сұрап тұратынбыз. 1998 жылы Қазақстанның Сауд Арабиясында Елшілігі ашылғанда Әбсаттар Дербісәлі кеңесші болып тағайындалды. Ұстазымыз эр-Риядта дипломатиялық қызмет етіп жүрген

жылдары екі ел арасында тығыз қарым-қатынастар орнатылып, бүгінгі таңда сол жұмыстардың жемісін көріп келе жатырмыз.

Сол жылдары Елбасымыздың бастамасымен Египет үкіметі Алматыда «Нұр-Мұбарак» Ислам мәдениеті орталығын салды. Құрылысы әлде қайда біткен орталықты іске қосуда кері тартпа пікірлер болып, екі жақты ынтымақтастыққа көлеңкесін түсіре бастады. Бірнеше жылдар бойы тоқырауда қалып қойған бұл мәселе Әбсаттар қажы Дербісәлінің Қазақстанның Бас мүфтиі болып сайланған кезден бастап қайта жанданып, үкіметаралық келісіммен барлық өзекті мәселелердің түйіні шешілді. Египет Президенті Хосни Мұбарак Әбсаттар қажы Дербісәлінің ерен еңбегін жоғары бағалап, 2001 жылы мамыр айында Каирде Ислам істері жөніндегі Жоғары мәжіліске қатысқан 370-ке жуық мұсылман елдерінің діни қайраткерлерінің алдында 1 дәрежелі «Өнер және ғылым» орденімен марапаттағанда қуанышымда шек болмады.

Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі Сауд Арабиясында жинақтаған мол дипломатиялық тәжірибесінің арқасында Бас мүфти болған алғашқы жылдары сол кезде ҚР Ақпарат, мәдениет және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед бастаған Қазақстан делегациясы Сауд Арабиясы Корольдігінің Қажылық министрлігімен келісім шартқа отырып, қажылық мәселесі де реттеле бастады. Соның арқасында қазақ қажыларының саны жылдан жылға артуымен болды.

Осы күндер (наурыз, 2021) әл-Азһар аш-Шариф Бас имамы доктор Ахмед ат-Тайебтің шақыруымен фарабитанушы, ҚР ҰҒА академигі Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі Мысырдың Ислам ғылым Академиясы мен Мысырдағы Қазақстан елшілігі бірлесіп ұйымдастырған «Екінші Ұстаз әл-Фарабидің Ислам өркениетіне қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми конференцияда Мысыр елінің рухани-зиялы қауымы алдында араб тілінде мазмұнды баяндама жасады. Сонымен қатар Елшілікте Әбсаттар Ұстазым әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің баспасы шығарған «Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері» атты кітаптың тұсауын кесті.

Hundreds of graduates of the Faculty of Philology and Oriental Studies of al-Farabi KazNU are proud that Absattar Bagizbaevich Derbisali was their Mentor. This article by A. Derbisali's pupil, Kairat Lama Sharif, presents memories of a scientist-teacher who made heroic efforts to create the first Arab branch in a higher educational institution in Kazakhstan, train young specialists, and about his works written for the course of teaching the Arabic language.

Сотни выпускников филологического факультета и факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби гордятся, что Абсаттар Багизбаевич Дербисали был их Наставником. В данной статье воспитанника А. Дербисали, Кайрата Лама Шарифа, представлены воспоминания об ученом-педагоге, который приложил героические усилия для создания первого арабского отделения в высшем учебном заведении Казахстана и подготовки молодых специалистов, о его трудах, написанных для курса обучения арабскому языку.

УЧИТЕЛЬ, ЧТО РОДИТЕЛЬ – О ДОБРЕ ПОМЫШЛЯЕТ

Я горжусь моим первым Наставником, основателем казахской арабистики академиком НАН РК, профессором Абсаттаром Багисбаевичем Дербисали. Действительно, сотни выпускников факультета филологии и востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, работающие в разных концах нашей страны, произносят эти же слова.

В 1977 году, когда атеистическая идеология Советского Союза достигла своего апогея, количество казахских школ уменьшалось с каждым годом, в период, когда началось сокращение приема в высшие учебные заведения молодежи, свободно владеющей родным языком, молодой ученый Абсаттар Дербисали, получивший образование в известном московском Институте востоковедения, заручившись поддержкой прославленного ректора КазГУ того времени – академика У. Жолдасбекова, объединил преподавателей-казахов, обучавшихся в университетах Ленинграда и Ташкента по специальности «арабский язык и литература», и создал отделение арабского языка и литературы на филологическом факультете. В первый год были приняты на учебу десять, в последующие годы – двадцать пять студентов. Так началось формирование арабистики в казахстанской науке.

В «младенчестве», на заре создания отделения арабского языка, появилось много недоброжелателей. С одной стороны, активисты коммунистической идеологии противились необходимости обучения арабскому языку в Казахстане. С другой стороны, ярые сторонники атеизма опасались, что это отделение будет готовить представителей духовенства. Тем не менее, патриотически настроенная интеллигенция во главе с видным государственным деятелем Озбекали Жанибековым дальновидно поддержала открытие нового отделения, осознавая особую важность преподавания арабского языка в Казахстане.

Позднее появилось много желающих овладеть данной специальностью и резко возросло количество абитуриентов, поступающих на отделение арабского языка и литературы, а сильные мира сего, отдававшие своих детей в иные школы, стали выставлять требования по обучению арабскому языку и литературе на ином языке. Интеллигенция во главе с Абсаттаром Дербисали, который вырос в ауле, придерживалась политики обучения арабскому языку в качестве иностранного в казахских школах. Именно они проявили упорство в подготовке специалистов по данной специальности исключительно из среды казахоязычной молодежи, в совершенстве владеющей родным языком. Слава Аллаху, что выдержка, проявленная в то время, ясно доказала свою правоту сегодня.

В 1981 году, в поисках знаний, я из Павлодара приехал в Алматы и пополнил ряды воспитанников Абсаттара Багисбаевича Дербисали. В то время не хватало учебников по арабскому языку. Наш преподаватель Абсаттар ага на свои средства закупил учебник Б. З. Халидова из Ташкента и раздал студентам. Впоследствии А. Дербисали, М. Маженова, Б. Тасымов, Г. Рамазанова, Ж. Токмамбаев, Н. Осеров и другие стали авторами учебников арабского языка для школ, которые и были изданы.

Выдающимся вкладом Абсаттара Дербисали в подготовку молодых специалистов того времени считаю направление студентов-казахов на годичные специальные курсы по арабскому языку в университеты арабских стран. Помогали знакомые и однокурсники известного ученого из Москвы. В 80-годы прошлого века это было прерогативой студентов университетов востоковедения России. Когда он «урвал» 5 мест у Москвы, высокопоставленные родственники желающих поехать на языковые курсы в Университет Иордании предприняли попытки препятствовать ему. Отличающийся справедливостью, Абсаттар Дербисали, не обращая внимания на «географию» кандидатов, в первую очередь отбирал отличников учебы и активистов по общественной работе.

Своих студентов Абсаттар Дербисали старался еще в стенах университета увлечь научной работой. Во время летних каникул они проходили практику в отделе рукописей Академии наук РК. Будучи руководителем нашей практики, Абсаттар ага научил нас способу чтения средневекового духовного, культурного, научного письменного наследия, чтобы сохранить как зеницу ока драгоценное рукописное достояние, оставшееся от наших далеких предков. Его увлекательные рассказы о древних городах, памятниках ислама на Великом Шелковом пути зачаровывали нас.

Помню, когда я учился на первом курсе университета, увидела свет книга нашего учителя Абсаттара – «Шыңырау бұлактар» («Чистые источники»), из которой мы впервые узнали об ученом Абу Насре аль-Фараби из средневекового казахского города Отрар (Фараб) и начали с уважением относиться к нашей богатой истории.

В 80-е годы, когда книга Священного Корана на русском языке в переводе Саблукова распространялась только по специальному списку, утвержденному райкомом Коммунистической партии, Абсаттар Дербисали посредством книги «Арабская литература», которая раскрыла содержание главной книги мусульман, научил казахских читателей читать суры «Фатиха» и «Ихлас». Благодаря такому научному подходу А. Б. Дербисали к преподаванию многие стали овладевать духовной грамотой мусульман.

Выпускники отделения арабского языка КазГУ, работавшие переводчиками в Йемене, Ираке, Ливии, не прерывали связи с Учителем Абсаттаром Багисбаевичем Дербисали. Я до сих пор храню в своем личном архиве переписку с Учителем за период своей работы переводчиком в Хадрамауте (Южный Йемен), колыбели арабской цивилизации.

После того как наша страна обрела независимость и стала суверенной, группа воспитанников Абсаттара Дербисали поступила на дипломатическую службу в Министерство иностранных дел. Когда мы приступили к изучению нюансов дипломатии, мы постоянно обращались за советом к Абсаттару Дербисали, знатоку внешней политики, экономики, культуры, традиций и обычаев арабских стран.

В 1998 году открылось посольство Казахстана в Саудовской Аравии. Абсаттар Дербисали был назначен советником. За годы дипломатической службы нашего Учителя в эр-Рияде между двумя странами сложились тесные взаимоотношения, и ныне мы пожинаем плоды этой работы.

В те годы, по инициативе Главы государства, египетское правительство построило в Алматы Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак». Строительство было завершено, но при вводе университета в эксплуатацию появились

отрицательные отклики, которые бросали тень на двустороннее сотрудничество. Эта проблема на протяжении многих лет была предана забвению, но с момента избрания Абсаттара кажи Дербисали Верховным муфтием Казахстана на нее вновь было обращено внимание. Все актуальные вопросы были решены в рамках межправительственного соглашения. Не было предела моей радости, когда президент Египта Хосни Мубарак высоко оценил заслуги Абсаттара Хаджи Дербисали и наградил известного ученого, государственного и общественного деятеля орденом «Искусство и наука» I степени перед лицом 370 исламских религиозных деятелей Азии, Африки, Европы и Америки. В мае 2001 года они приняли участие в международной конференции, организованной Верховным советом по исламским делам Египта в Каире.

Благодаря огромному дипломатическому опыту Абсаттара Багисбаевича Дербисали, накопленному в Саудовской Аравии и в первые годы пребывания в качестве Верховного муфтия, казахстанская делегация, возглавляемая тогдашним министром информации, культуры и общественного согласия РК М. А. Кул-Мухаммедом, заключила договор с Министерством Хаджа Королевства Саудовская Аравия. Были урегулированы вопросы по хаджу, благодаря этому количество казахских паломников стало увеличиваться из года в год.

По приглашению имама аль-Азхар аш-Шариф – шейха доктора Ахмеда ат-Тайеба в марте 2021 года фарабиевед, академик НАН РК Абсаттар Багысбаевич Дербисали выступил с содержательным докладом на арабском языке перед духовными и интеллектуальными деятелями Египта на Международной научной конференции «Вклад второго учителя аль-Фараби в исламскую цивилизацию», организованной Исламской Академией наук Египта совместно с посольством Казахстана в Египте. В посольстве мой Наставник Абсаттар презентовал книгу «Мудрые мысли и изречения Абу Насра аль-Фараби», увидевшую свет в издательстве Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Перевод профессора Светланы Ананьевой.

Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің филология және шығыстану факультеттерінің жүздеген түлегі Ұстазы болғанын мақтанышпен айтады. Бұл мақалада Ә. Дербісәлінің шәкірті Қайрат Лама Шарифтің ғалым-ұстаздың Қазақстандағы жоғары оқу орындарында алғаш араб тілі бөлімінің ашудағы, жас мамандарды дайындаудағы сіңірген ерен еңбегі, араб тілі курсы оқытуда жазған еңбектері жайлы естеліктері жазылған.

Hundreds of graduates of the Faculty of Philology and Oriental Studies of al-Farabi KazNU are proud that Absattar Bagizbaevich Derbisali was their Mentor. This article by A. Derbisali's pupil, Kairat Lama Sharif, presents memories of a scientist-teacher who made heroic efforts to create the first Arab branch in a higher educational institution in Kazakhstan, train young specialists, and about his works written for the course of teaching the Arabic language.

ЖАҚСЫ АДАМ ӨТТІ ЖАЛҒАННАН

Үстіміздегі жылы (2021) шілде айының 14-інен 15-не қараған түні әйгілі шығыстанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, еліміздегі ЖОО мен дін істерінің бірегей ұйымдастырушысы, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Дербісәлі Әбсаттар қажы Бағысбайұлы фәни дүниеден бақилық мекеніне аттанып кетті. Уақытқа аял бар ма, «туған ай – тураған ет» дейді атам қазақ. Қарап отырсақ, содан бері шапқан аттай, атқан оқтай зулап жарты жылдай уақыт өте шығыпты.

Әбекең мәңгілік мекеніне осылай асығыс аттанады, біз артында қалып осылай естелік жазып отырамыз деп кім ойлаған?! Керісінше біз Әбсаттар ағамыз алдағы жылы 75 жасқа келеді, амандық болса бес-алты жылдан соң 80 жылдық мерейлі жасқа толады, сол кездерде ол кісінің өмір жолы мен шығармашылығы туралы асықпай, кеңінен толғанып мерекелік ақ тілекке толы баяндама жасаймыз, ауқымды іс-шаралар өткіземіз деген жоспарымыз бар еді... Амал қанша, адамның ойлағаны емес, әманда Алланың дегені болады екен. Бұндайда монах Томас Кемпистің (1379–1471) «Мәсікке еліктеу туралы» дейтін теологиялық трактатынан алынған «Человек предполагает, а бог располагает» (адам жоспарлайды, ал құдай орналастырады») деген жосыққа бас иземей көріңіз.

Исламда да бұл жағдай бізге пәлендей тосын болмауға тиіс. Өйткені, Пайғамбарымыз Мұхаммед (салаллаху әлейхи уәссалам) бізге «Иннә лилләһи уә иннә иләйхи ражиун» деп, яғни «Алладан келдік және оған қайтамыз» дегенді үйретіп кетті. Оның үстіне, тумақ бар жерде өлмектің де барлығы дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Майлықожа жыраудың да «Тумақ сүннет болғанда, өлмек парыз» деп кеткенін бәріміз білеміз. Ендеше, Алланың ақ өліміне «анау-мынау, ақ-көк» деп әңгіме айту Хақтың ісіне шәк келтіргендік болып шықпақ. Сондықтан біздің ендігі міндетіміз марқұм Әбсаттар қажыға иман байлығын тілеумен бірге, оны жиі еске алып, өнегелі өмір жолы мен еліне еткен еңбегін өскелең ұрпақ санасына ұялату болуға тиіс.

Академик Әбсаттар қажыны еске алуға арналған бұл жазбамды мен ол кісімен алғаш қалай танысқанымнан бастағанды құп көріп отырмын.

1991 жыл 16 желтоқсан. Қазақ халқының сан ғасырлық арманы орындалған күн!

Ол кезде біз арғы бетте – Қытай елінде өмір сүріп жатыр едік. Сол күннен бастап азат Отанға оралу – басты арманымызға айналды.

Сөйтіп жүрген күндердің бірінде бізге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен ұстаздық қызметке арнайы шақыру келді. Оның қалай келгені, ол – өз алдына бөлек әңгіме...

Сол шақырту бойынша 1993 жылы ақпан айының 20 күні аңсаған азат Отанның топырағына табанымыз тиді. Ол күні сенбі болатын. Сенбі, жексенбі демалып,

дүйсенбі күні – яғни ақпанның 22 күні әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ге имене қадам басып, Шығыстану факультеті қытайтану кафедрасына бардым. Кафедра меңгерушісі мені факультет деканына алып барды. Декан Әбдіғани Чупеков деген ағамыз кем сөзді, өте кішіпейіл жан екен. Ол кісі көп кідірмей әлдекімге менің келгенімді айтып телефон соғып еді, трубканың ары жағындағы дауыс не дегенін қайдам, Чупеков ағам: «хорошо, хорошо, қазір» деп басын шұлғи берді. Сосын трубканы тез қоя салды да, орнынан ұшып тұрды. «Проректор қонақты алып маған келіндер деп жатыр. Кеттік», – деді. Ол заманда мен «проректор» деген сөздің не қызмет екенін түсінбейтін едім. «Онысы кім болды екен?» – деген оймен әлгі кісілерге ілестім де жүріп отырдым. Көп қабатты ғимараттың әлде 7-ші, әлде 8-ші қабатына көтерілдік. Маңдайшасында «Тілдер және халықаралық байланыс жөніндегі проректор, филология ғылымдарының докторы, профессор Дербісәлиев Әбсаттар Бағысбайұлы» деген жазуы бар есікке тұмсық тіредік. Кідірмей ішке кірдік. Әдеміше келген ақсары, көккөз, толқынды қоңыр шашты, жирен мұртты жігіт ағасы есікке таман келіп аман-сәлем жасасты. Келіп тұрғанымыз әйгілі шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлі ағамыз екен. «Ой, айналайын Дүкенжан, қош келдің! Ел-жұрт, ауыл-аймағың аман ба?» – деп кәдімгі мені бұрыннан танытын адамдай амандасып жатыр. Мен шамалы таңырқап қалдым. Сөйтсем, ҚР ҰҒА академигі, ректор Көпжасар Нәрібаевтың тапсырмасы бойынша мені ҚазҰУ-ге ұстаздық қызметке шақырудың барлық шаруасын Әбекең өзі ұйымдастырып, өзі қадағалап отырған екен. Аз-кем әңгімеден соң Әбсаттар аға телефон соғып жатақхана туралы біреуге тапсырма берді де, «ал Дүкенжан, 15-ші жатақханада бөлмең дайын. Оқытушылық жүктеменді кафедра меңгерушісі бөліп береді. Қалған әр қандай сұрағың болса, мына кісілерге айтасың. Бұл кісілер шеше алмаса немесе шешпесе кез-келген уақытта тікелей менің өзіме кел. Ректорға сенің келгеніңді айтам. Ол кісі де уақытына қарап, өзіңді қабылдайтын шығар...» деп шығарып салды.

Әйгілі шығыстанушы ғалым, еліміздегі ЖОО мен дін істерінің бірегей ұйымдастырушысы, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Әбсаттар ағаммен менің алғашқы таныстығым міне осылай басталып еді. Сол күннен бастап Әбсаттар Бағысбайұлы бізге тікелей жауапты куратор проректорлықтан тыс, кейде декандық, кейде кафедра меңгерушілік қызметті де қоса атқарып жүрді. Сол кездерде әр түрлі жиналыстарда Әбсаттар ағаның жып-жылы, шуақты жүзіне қарап отырып «Қандай шуақты, қандай мейірімді, қандай мәдениетті адам еді?! Осындай мейірімді болып та басшы болуға болады екен-ау» деп таңдана қарайтынмын. Әрине, қит еткен қиыншылықтың бәрін Әбекең жүгіріп барып айта бермейсің ғой... Ол кездегі біздің (шеттен келген ағайындар) қиыншылығымыздың дені тұрақты тіркеуге тұру, ықтиярхат алу, азаматтық алу, виза алу, баспана, аспирантураға түсу, жатақхана т.с.с. мәселелер еді. ҚазҰУ-нің №15 жатақханасында тұратын, дүниенің түкпір-түкпірінен келген қандастардың ҚазҰУ-мен қатысы болса да, болмаса да, бәрі басы ауырып, балтыры сыздай қалса, немесе қатты ерініп тұрмаса болғаны, университет проректоры Әбсаттар Бағысбайұлын іздеп бара беретін. Ал Әбекең болса шеттен келген ағайынның

бәрін кезексіз қабылдап, сағаттап мұндасып отыра берер еді немесе жан-жаққа телефон соғып олардың қиыншылығын шешіп беруге қолма-қол кірісіп кетер еді.

Кейін ол кісі 1997–2000 жылдары Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Қазақстан елшілігінің кеңесшісі деген қызметпен шетелге кетті. Осы жылдарда ғана аралас-құраластығымыз шамалы үзіліп қалды. 2001 жылы елге оралып, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы – Бас мүфти қызметіне тағайындалды. Бұл кезде әр түрлі конференциялар, діни іс-шаралар кезінде жүзdesіп қалып жүрдік. Сол қысқа жүздесудің өзінде жеке біздің қал-жағдайымызды ғана емес, бір кездері ҚазҰУ-дің №15 жатақханасында тұрған ағайындардың бәрінің қал-ахуалын тәптіштеп сұрар еді. Мұндайда мен ол кісінің есте сақтау қабілеті мен бауырмалдығына да таң қалар едім.

Әбекең еліміздің «Бас мүфтиі» болған жылдарда тек өзі ғана «қажы», «шеих» атанумен шектеліп қойған жоқ, есесіне осы жылдарда еліміздегі мешіттер санының артуынан бастап, имамдардың біліктілігін арттыру, дін істерін жүйелеу, дін істерін ғылыми түрде басқару жұмыстарымен білек сыбана айналысты. Бұл жұмысты ол имамдар мен дін қызметкерлерінің киім-формаларын бір ізге түсіруден бастады. Сол дәстүр елімізде күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келеді.

2013 жылы Әбекең Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры қызметіне тағайындалды. Әбсаттар Бағысбайұлы басқарған 7 жылда институт ғылыми әлеуеті жағынан да, халықаралық байланыс және рейтинг жағынан да жаңа белеске көтерілді. Академик Әбсаттар қажы Шығыс елдерінде, әсіресе мұсылман Шығыс әлемінің архивтерінде жатқан, еліміздің ежелгі тарихы мен мәдениетіне қатысты мұрағаттардың отанға оралуына, сондай-ақ олардың ғылыми айналымға енуіне жүрек қанын сарқа, көз майын тауса еңбек етті.

Өткен жылдың (2020 ж.) маусым айынан бастап Әбсаттар аға екеуіміздің жолымыз Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында қайта қиылысты. Бір жылдан бері Әбекең менің шын мәніндегі ақылшы ағам, келісті кеңесшім, ұжымның арқатірек ақсақалы бола білді. Біз пақыр әрі қарай да осылай бірге жұмыс істеп жүре береміз деп ойлапшыз... Өлім емес, өкпеге қимас жақсы адам еді. Тек жақсы адам ғана емес, туған халқы мен Отаны алдындағы азаматтық борышын артығымен орындаған ұлағатты ғалым еді. Тіпті қазірге дейін елге бергенін қанағат тұтпай, қалған ғұмырында да көз майы мен жүрек қанын ел-жұртыма сарқып берсем деген арманның жетегінде жүр еді. Амал нешік?!

Иә, Әбсаттар қажы Бағысбайұлы айтып-айтпай еліміздегі Шығыстану ғылымының іргетасын қалап, әрі оның дамуына күллі ғұмырын арнаған шын мағнасындағы фанат ғалым еді. Сонау XX ғасырдың 1989 жылы Ресейдің орталық қалаларынан шығыстану мамандығы бойынша тұңғыш рет докторлық диссертация қорғап, Отанына үлкен арман арқалап оралған жас ғалымның әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетінің ашылуына тікелей мұрындық болғанын бүгінде біреу білсе біреу білмейді. Ұстаз, ғалым ретінде ҚР ҰҒА академигі Әбсаттар қажы Дербісәлінің алдынан неше жүздеген арабтанушы жас мамандар, көптеген ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторлары түлеп ұшты. Ғалым ретінде ол ондаған монографиялар мен оқулықтардың, неше жүздеген зерттеу еңбектерінің авторы.

Ол халқымыздың ежелгі тарихы мен мәдениетіне қатысты деректерді шетелдік дереккөздерінен, әсіресе араб мұрағаттарынан іздеп тауып, ел игілігіне айналдырған бірегей ғалым еді. Ғалымның сондай талмай, тапжылмай ұзақ жылдар айналысқан зерттеулерінің жемісті бір арнасы Тараз өлкесіне қатысты. Ғалымның еңбектерінде Тараз тарихына қатысты өзге ғалымдарда кездесе бермейтін тың мәліметтер көптеп кездеседі. Оның себебі шығыстанушы ғалым араб тілді дереккөздерінен еркін пайдаланатын һәм қажымай-талмай іздейтін. Атап айтқанда ғалымның «Ежелгі Тараз және Ислам жәдігерліктері» деген еңбегінен: «Әбу Саъд ас-Самани (XI ғ.): «Тараз түрік шекарасындағы Исфиджабқа (Сайрамға) жақын шаһар. Бұрын да, қазір де бұл шаһардан көп имамдар мен ғұламалар шыққан... Исфаһанда (Иранда) Тараз деген белгілі көше бар. Байқауымша, бұл жерге көпестер келіп тұрғандықтан көшеге осы атау берілген». Әбд ар-Рашид әл-Бакуи (XIV ғ. екінші – XV ғ. бірінші жартысы): «Тараз – Шаш (Ташкент) өлкесінің алыс бөлігіндегі Түркістанға кіріге жатқан қала. Бұл ислам елдерінің шекарасы. Оның құнарлы жері, жақсы суы, тамаша ауасы бар және ол жаннат бағын еске түсіреді. Тұрғындары, еркегі және әйелдері болсын өте сұлу болып келеді. Олардың шырайлылығы туралы мәтел де шығарылған», – деген мүлде тың деректерді оқуға болады. Тынымсыз ізденісі һәм жанкешті еңбегінің арқасында ғалым соңғы жылдардағы зерттеуінде Тараздан орта ғасырларда шыққан 50-ге жуық ойшыл, парасат иелерінің аты-жөндерін тізіп, олардың өмірбаяны мен шығармалары туралы деректер берген болатын.

Солардың ішінде академик Әбсаттар қажының көбірек тоқталып, тереңірек зерттеу жүргізгені – Каирдегі Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс медресесін басқарған, соңына көптеген мұра қалдырған, Ханафи мәзһабын берік ұстанған ғалым Һибатулла әт-Тарази әт-Түркістани (1271–1334) өмірі мен шығармашылық жолы туралы.

Ғалым өз зерттеулерінде Һибатулла әт-Тарази әт-Түркістани жөнінде жазылған көптеген деректерді іздеп тауып, еңбектеріне жан-жақты талдау жасай отырып, оны отандық ғылымның айналыма енгізді. Әбсаттар Бағысбайұлы көзі тірісінде Түркия кітапханаларында арнайы ат басын бұрып барып, онда айлап отырып, ғалым бабаның «Шарх Ақидати-т Тахауи» («Тахауидың «ақидасына» түсіндірме»), «Табсиратул-л асрар фи шархи «әл-Манар» («Әл-Манардың» түсіндірмесіндегі сырларды көрсету») деген екі кітабын тауып, оны отандық тауарихнаманың қазынасына қосады. Айта берсек ғалымның ғылымға қосқан қомақты үлесі мен ғылымда ашқан жаңалығы туралы тұтас бір монографиялық еңбекті арнауға тура келеді.

2019 жылы тамыз айының 26-сы күні ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы күллі түркі жұртының мақтанышы, «мұғалім сәни» (екінші ұстаз) атанған ғалым-философ Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық (870–2020) мерейтойын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы жарлыққа қол қойған болатын.

Алайда 2020 жылдың басынан бері әлемді әлекке салған тәжтажалдың кесірінен, біздің елімізде ғана емес, күллі жер жүзі елдерінде де ауқымды іс-шараларды былай қойып, қарапайым күнделікті тірліктің өзі ырғағынан жаңылып,

адамзат ой-санасының қолау тайдай кібіртіктеп қалғаны жасырын емес. Тіпті кейбір елдерде байтал түгілі бас қайғы болып, жан олжаның жағдайына көшіп кетті.

Дегенмен өмір-өзен, бұрынғыдай арқырап-бұрқырамаса да, өз арнасымен жәйлап жылып ағып, бәрі бір алға озып жатты. Тіршілік жалғасып жатты...

Елімізде билік пен халық жұдырықтай жұмылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, бір тарапта індет қауімімен күресе жүріп, тағы бір тарапта өмір арбасын өз ырғағымен алға жылжытып та жатты. Жоспарланған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялардың дені онлайн форматында өткізілді. Өсіресе өткен жылы (2020 ж.) еліміз көлемінде жаппай аталып өтуге тиіс Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық, ұлы Абайдың 175 жылдық мерей-тойлары, әрине, бұрынғы жаймашуақ замандағыдай болмағанымен, бұл саладағы тірлік мүлде қаңтарылып қалған жоқ. Соның жарқын мысалы ретінде ғұлама әл-Фараби мен хакім Абайға қатысты онлайн түрінде тоқтаусыз өткізілген конференцияларды, іркіліссіз жарық көрген іргелі еңбектерді атап айтқан болар едік.

Соның бірі 2020 жылдың жазында әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің баспа үйінен жарыққа шыққан «Әбу Насыр әл-Фараби – даланың дара тұлғасы» атты іргелі зерттеу еңбегі. Кітап авторы Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлі. Баспа бояуы кеуіп үлгермеген кітабының бір данасын өз қолтаңбасымен бізге сыйлауға алып келген ғалымның шырайлы жүзінен балаша қуанып тұрғанын аңғару қиын емес еді. Авторды құттықтап, жылы лебізімізді білдірдік.

Қолға тиген кітапты дереу оқып шығатын әдетіміз бойынша кітапты дереу парақтай бастадық. Еңбекті баспаға ұсынған – ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Ғылыми кеңесі. Зерттеудің жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев. Пікір жазған – философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаев. Олай болатын да қисыны бар. Себебі «екінші ұстаз» атанған әл-Фараби бабамыз ең әуелі ұлы ойшыл, философ-ғалым ғой. Сондықтан аталған зерттеудің еліміздің екі бірдей мүйізі қарағайдай философ-ғалымдарының сүзгісінен өтуі еңбектің салмағын одан сайын арттыра түсетіні ақиқат.

Аталған кітапқа шығыстанушы-ғалымның Ұла даланың дара перзенті жайлы ұзақ жылғы ізденісінен туған қазақ және орыс тілдерінде әр жылдары жазған мақалалары мен ой-толғаныстары, сондай-ақ өзге ортағасырлық отыздан астам Отырар ойшылдарының өмір жолы мен еңбектері зерделеген толымды да толғақты толғамдары топтастырылыпты. Көлемі 26,25 баспа табақ.

Кітап тілдік сыйпатына қарай екі тарауға бөлінген. I тарау «Ұлы дала кеменгерлері» деп аталады. Бұл бөлімге «Әбу Насыр әл-Фараби – Отырардың жарық жұлдызы», «Ұлыға тағзым», «Фарабитанудың қайнар бастаулары» секілді оншақты зерттеу еңбектері топтастырылған. Кітаптың «Ученые и мыслители Великой степи» деп аталатын орыс тіліндегі екінші бөліміне «Абу Наср аль-Фараби – гений Великой

степи», «Средневековый Отрар (Фараб) и отрарские ученые IX–XV веков» деп аталатын салмақты зерттеулері бастаған оншақты еңбегі енгізілген екен.

Әбсаттар қажы Дербісәлінің ұзақ жылдардан бері Ұлы даланың дара тұлғасы Әбу Насыр әл-Фарабидің және еліміздің ертеде өмір сүрген өзге де ойшылдарының жазба мұрасын дүниенің түкпір-түкпірінен іздеп тауып, зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп жүрген ғалым екендігінен һәмма жұрттың хабары бар. Ол Түркия, Египет, Сирия, Марокко, Испания, Германия, Англия, АҚШ, Индия және т.б. жұрттар кітапханалары мен қолжазба қорларында сақтаулы Әбу Насырдың еңбектерін жинақтап, саралап, ой елегінен өткізіп, жүйелі түрде зерттеп жүрген бірегей арабист-ғалым-тұғын.

Марқұмның өз зерттеулерінен тыс, ортағасырлық араб тарихшы-шежірешілері: Джамал ад-дин әл-Қифти, Ибн Әби Усайбиға, Ибн Халликанның Әбу Насыр жайлы жазба деректерін де араб тілінен қазақ тіліне аударған еңбектерінің өзі бір төбе еді.

Жалпы Шығыстану ғылымының жан-жақты дамып, барлық ғылымдарда қарыштап өскен, ұлттық рухани сұранысына жауап берген бай-бағылан дәуірін тудырған ортағасыр ойшыл-ғалымдары, олардың ғұмыры, зерттеулері, шығармалары туралы бүгінге дейін жазылып келген зерттеулер, ой-пікірлер академик Ә. Дербісәлінің аталған еңбегінде жаңаша пайыммен сарапталып, соны пікір, тың тұжырымдармен толығырақ түскені бірден көзге түседі.

Ұлы ойшыл, ұлы ұстаз Әбу Насыр Әл-Фарабидің мерейтойы қарсаңында еліміз оқырмандары үшін іргелі сауға болып болған мазмұны терең қомақты еңбектің мән-маңызы тіптен бөлек екені даусыз ақиқат еді.

Марқұм Әбсаттар қажының сөз болып отырған еңбегінде тек қазақ халқының ғана емес, әлем мәдениеті мен ғылымның тарихында есімі ерекше қастерленіп айтылатын аса ірі ортағасырлық ұлы тұлға, ұлы философ-ғалым, математик, физик, астроном, лингвист, логик, музыка зерттеушісі, Отырар ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидың адамзаттың ой-сана дамуына қосқан елеулі үлесі мен ұлылық қырлары жан-жақты қамтылған болатын. Оның мәңгі ескірмейтін, қашанда жақұттай жарқ-жүрқ еткен інжу-маржандай терең ойлары мен тәрбиелік мәні зор, философиялық толғаныстары, әрісі күллі адам баласының, берісі байтақ Шығыс жұртының дүниетанымына ерекше ықпал еткені белгілі.

Академик Әбсаттар Дербісәлі өз ізденісін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғалармен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет, (ғылым) майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес» деген ұстанымын берік тұғыр ете отырып, Әбу Насыр әл-Фарабидің адамзат тарихындағы алатын орнын, ғылыми-философиялық ұстанымын анықтау жолында аянбай тер төккенін аңғару қиын емес еді. Сондықтан да теңдессіз ойшыл, әлемнің «екінші ұстазы» атанған ұлы бабамыз туралы бұндай іргелі еңбектің жарық көруін еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға деп толық сеніммен айта аламыз. Оның үстіне марқұм академик Әбсаттар қажының аталған еңбегінің 2020

жылы, ұлы бабабымыздың 1150 жылдығы қарсаңында жарық көруі – мерейтойдың мерейі мен мазмұнын тіптен айшықтай түскен болатын.

Жоғарыда сөз еткеніміздей «Әбу Насыр әл-Фараби – даланың дара тұлғасы» атты еңбегін ағамыздың ізгі тілегімен, қолтаңбасымен өз қолынан қабылдап алғаннан кейін, бірден оқуға кірісіп кеттік. Соның нәтижесінде көп кешікпей біздің «Екінші ұстаз» туралы еңбек» атты мақаламыз қағаз бетіне түсті. Одан ізі суымай ел газеті «Егеменнің» бетінде жарық көрді. Сондағы Әбсаттар ағаның қуанғанын көрсеңіз! Кәдімгі тұңғыш кітабы енді жарық көріп, ол туралы тұңғыш рет пікір оқып отырғандай адамдай мәз болды. Сөйтсем, оның өзі ғалымның өз еңбегіне деген үлкен жауапкершілік пен зор құрметтің белгісі екен-ау...

Айтып-айтпай академик Әбсаттар қажының ақылшы ағамыз, батагөй ақсақалымыз, шығыстану ғылымының мәуелі бәйтерегі болып ортамызда жүргенінің өзі ұжымға бедел, әріптестеріне абырой, жастарға өнеге мектебі еді... Оның үстіне Әбсаттар ағаның шығармашылық бағытындағы арманы да көп, жо-спарлары да мол еді... Амал нешік?! Күтпеген жерден артында «аһ ұрып» қала бердік.

Дәтке қуат етерлігі, Әбекеңнің артында өнегелі өмір жолы, ұшан-теңіз мол ғылыми мұрасы, ұрпақтары мен шәкірттері қалды. Халық даналығында айтылғандай «ғалымның хаты өлмейді!» Осы тұрғыдан келгенде академик Әбсаттар қажы Бағысбайұлының мәңгілікке беталған шынайы ғұмыры енді басталмақ!

Жатқан жерің жәннатта, топырағың торқа болсын жаны жайсаң жақсы аға!

The article presents the memoirs of the director of R. B. Suleimenova Institute of Oriental Studies Dukena Masimkhanuly about his acquaintance with Doctor of Philology, Professor Absattar Haji Derbisali and the scientist's activities in the development of oriental science. The scientist A. Derbisali wrote scientific works about the great geniuses of the Kazakh people, until the last day of his life he worked with Arabic-language sources related to the history and culture of Kazakh people, and conducted thorough research.

В статье представлены воспоминания директора Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова Дукена Масимханулы о знакомстве с д. ф. н., профессором Абсаттаром хаджи Дербисали и деятельности ученого в развитии востоковедной науки. Ученый А. Дербисали написал научные труды о великих гениях казахского народа, до последнего дня своей жизни работал с арабоязычными источниками, относящимися к истории и культуре нашего народа, проводил тщательные их исследования.

БАС ИЕМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

1966 жылы Шымкент қаласындағы №12 Қазақстанның 40 жылдығы атындағы мектеп-интернатты үздік аяқтадым. Сол жылы оқуға түсудің сәті түспеді. Содан Шымкент облыстық радио және теледидар тарататын комитетке жұмысқа орналастым. Мен қызмет істейтін осы мекемеге Шымкент педагогикалық институтының 2-курс студенттері тәжірибе алмасуға келді. Сол жерде жұмыс істеп жүрген жастар бірден олармен шүйіркелесе кеттік. Танысу барысында бәріміз жиналып теннис үстелі қойылған холлда теннис ойнайтынбыз, студенттік өмірдің біз үшін қызықты әңгімелер айтылады. Әңгіме желісі бірте-бірте ойыстап барып оқып жүрген сабақтары жайлы да сыр шертілетін.

Студенттер семинарға дайындалғанда тақырыптары бірдей болғанмен, бір-біріне көрсетпей тың деректер жинайтындары туралы әңгімелері ерекше әсерлі болды. Себебі, бәріміздікі ұқсас болса сабақта дискуссия тартымды, әрі қызық болмайды, оның үстіне тақырып жөнді ашылмайды деп, бір арықша келген сары жігіт ойын тұшымды етіп айта түсетін. Неге екені қайдам, сол жігіт жастарды өзіне тартып, әсерлі әңгімесімен әлі студент болмаған біз сияқты жастарды қызықтыра ынталандыратын. Шіркін, мен де оқуға түсіп осы қыз-жігіттердей студент болсам деп армандайтынмын. Бұл 1967 жылдың наурыз айы еді. Кейін ол жігітпен жақын танысып, достасып едік. Ол – Әбдсаттар Дербишалиев (Кеңес үкіметі кезінде бәріміздің ныспыларымыз осылай орысшаға жақын, бұрмаланатын) болатын. Осы облыстық радио және телевизия комитетінің теледидар бөлімінде жастар программасын жүргізді, соңынан аталмыш мекемеде диктор болып қосымша қызмет атқарды. Сонымен қатар, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне, Республикалық жастар газеті «Лениншіл жасқа» да жиі-жиі мақалалар жазып тұрды. Оларды да қызыға оқитынбыз.

Ал, біздің жас, студенттік өмірімізде өзіндік бір жазылмаған заңдылықтар мен қағидалар болатын. Егер де бір жігітке бойжеткен ұнап қалса, ол оның соңынан қалмайтын. Алайда, ол қыздың жігіті болса, басы бос емес деп, ешбір жігіт жоламайтын. Жолай қалған күннің өзінде қыздың айналасындағы достары қорғайтын: «Ұят қайда, оның жігіті бар! Басы бос емес». Ол кез бізде, Шымкентте ұл болсын, қыз болсын достыққа адал, берік болатынбыз. Біріміздің мінімізді бірімізге тайсалмай тіке бетке айтып, кемістігімізді түзетіп жүретін едік. Дос қыздар бірігіп стипендия алғанда, ортамызда кімде не жоқ, соны сатып алып бәріміз бірге қуанатынбыз. Сол кездегі сәнде қыздарға арналған алғашқы модельді лакталған туфлилер болды. Сатып алуға мүмкіндік бола бермейтін. Бағасы біз алатын қаржыдан анағұрлым жоғары. Ортадан ақша жиып құрбыларымызға алма кезек керегін сатып алып, әсіресе аяқ киім, не басқа да киім-кешектермен қажетімізді қанағаттандырушы едік. Осылайша бір-бірімізге жан-жақты көмек беруге дайын жүретінбіз. Қызғаныш, алдап-арбау, уақытша болса да теріс қимылға барып, пайдаланып кету ойымызға кіріп те шықпайтын. Жігіттер де өз сөзінің иесі болатын. Нағыз азаматтар еді. Сол жастық

шағымыздағы шырайлы Шымкентім нағыз имандылық пен адамгершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, мол мейрімділік, қамқорлық, достық, жолдастық, сыйластық, қарапайымдылықтың қайнар көзі еді. Әлі де ондай адамгершілік құндылықтар осы біздің Оңтүстікте сақталуда. Осындай қалада мектеп бітірдім. Жоғарғы оқу орнына түстім. Шымкентте бастаған оқуымды Алматыда аяқтап, елге оралып, болашақтың даңғыл жолы деген үлкен Өмір мектебінің де есігін ашуды осында бастадым. Қалай дегенде Шымкент – шындықтың шынары, адалдықтың алтын бесігі. Баяғы мектепті бірге бітірген класстастарыммен әлі бірге келеміз. Өкінішке қарай қатарымыз сейіліп келеді. Алла өзін сақтай гөр! Жасымызға қарамай бір сынып жоғары болса болды ұлға – ағай, қызға – апай дейтінбіз. Ол да бір үлкенді-кішілі сыйласудың тамаша бір үлгісі дер ем. Шымқаланың күнінің аптап ыстығы өз алдына, ақ жанбыры қандай әсерлі болатын. Бетіңді тосып астында жүре бергің, жүре бергің келеді. Бейне бір бүкіл табиғатпен бірге ғұсыл алып, бір өсіп, сергисің! Көктемгі, жазғы, күзгі салқын самалы ше? Жаныңды жадыратып, тұла бойыңды сергітіп кең бір тыныс аласың! Ал, көктемгі қырлы-даланы қаптаған алқызыл кілем қызғалдағы ше? Өсіп тұрған мәуелі бау-бақшадағы тіл үйірер қауын-дарбыздары, ерте пісіп жетілер жеміс-жидегі қаншама! Қаланың ең биік жеріне орналасқан құжынаған «Орталық Қырғы» базары мың бір түндегі Шығыс базарларын көз алдыға елестеді. Несін айтасың жер Жәннәтті – Шымкент шырайлы, шырын қала! Әбекең екеуміздің жастық шағымыз қазақы мәдениет пен дәстүр-салттың қайнар көзі, қара шаңырағы – сүйікті қаламыз Шымкентте қалыптасып, пісіп жетілді десем артық болмас.

Ол уақытта күндіз де, түнде де еркін жүретін мамыражай заман болатын. Келешекте Абай атындағы парк болады деп қаланың солтүстігіндегі ағаштары жаңадан отырғызылған едәуір үлкен алаң болатын. Сонда қыз-жігіттер қол ұстасып, ән салып, сырласып, пікір алмасып таңды атыратынбыз. Сессия басталғанда оқулықтарымызды, азын-аулақ ішіп-жемімізді, төсенішімізді арқалап тек сонда барып зачет-емтихандарға дайындалатынбыз. Мен құрбыларымының ішінде жігітпен достасқан алғашқылардың бірі болдым. Құрбыларыма ұнар ма екен деген сынаймен, киноға шақырса бүкіл топтағы құрбыларымыды ертетін едім. Ол заманның кереметі үнді кинолары болатын. Соған бәріміз шұбырып барамыз. Үнді фильмінен кереметтей әсер алғандықтан қайтар жолда үйге келгенше Шәмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев, Мыңжасар Маңғытаев, Әсет Бейсеуов, Бекен Жамақаев, Бақытжан Байқадамов, Илия Жақанов, Мұхтар Шаханов сияқты композитор ағаларымыздың әндерін, арагидік халық әндерін де қоса төгілдіре сызылтып, кейде ән ырғағына қарай әуелетіп шырқайтынбыз.

Күндердің күнінде жігітім: «Менімен қыдырғанды намыс көресің бе? Неге менен қашқақтай бересің?» – деген кезде қатты қысылдым-ақ! Осы бір сәттен кейін қоғам мен өмірге деген көзқарасымды өзгертіп, бәрін санама салып салмақтайтын болдым. Содан біраз уақыт өткенде құрбыларымы: «Әбекең бізге ұнады, әңгімелері де қызық. Досыңмен енді өзін бар қыдыруға, біз енді бармаймыз» десе болар ма? Оларға не айтарымды білмей амалсыз өзім ғана баратын болдым. Әйтсе де, Әбекең құрбыларымының алдындағы достық сыни сараптама мен емтиханнан сүрінбей өтті. Соған бір шүкірлік еттім. Сөйтіп, достықтың бұл сатысынан сүрінбей өтіп, өмірдің жаңа кезеңіне қадам бастық.

Кездескен сайын бір тал раушан гүлін қойнынан шығарып сыйлайтын. Өзі сыпайы, мінезі жұмсақ, өмірден көрген-түйгені мол, мәдениеті өте жоғары жігіттерден болатын. Сол қазақ филологиясы факультетінде бірге оқыған бір топтан бес бірдей студент институтты қызыл дипломмен бітірді. Олар – Әбдсаттар Дербишалиев, Исраил Сапарбаев, Оңғар Тәжиев және екі қыз бала. Әбекеңе оқуын бітірген соң Шымкент педагогикалық институты Алматыдағы Ғылым академиясына жолдама берді. Ғылым Академиясы Әбекеңнің ғылым-білімге деген қарым-қабілетін жоғары бағалап, алған білімін шыңдай түсу үшін оған тағы әрі қарай жолдама беріп, Мәскеудегі Шығыстану институтынан бір-ақ шықты.

Әрине, Шымкент педагогикалық институтында мықты-мықты ұстаздар болды. Әрбір студентке немқұрайды қараған емес. Барлығына дерлік қабілетіне сай білім берді деп ойлаймын. Сол факультетте оқыған студенттердің ең жасы Әбекең еді. Группада, қала берді курс бойынша староста болды. Мейрам апамыз (Апа-әжесі) Исраилға (ол кісі армиядан оралған ішіндегі ересегі болатын): «Әбсаттарға қарайлап жүр қарағым» деп тапсырған екен. Исраил ағамыз, өздеріңіз білетін, Елімізге белгілі ақын, әрі композитор, драматургия саласы бойынша да жазушы ретінде бірнеше спектакельдерге қалам тартты. Оңғар Тәжиевте тілші, баспагер, жеке газет те шығарады. Ол екеуі де аман-сау. Ақын ағамыз биыл 80-ге келді.

Мәскеуге барған соң да достығымыз жалғасын тауып, жиі-жиі хат алысып тұрдық. Ол заманда қазіргідей мобильді телефон түгілі үй телефоны бар үй де некен саяқ еді. Үйге телефон қою үшін бірнеше жылдап кезекке тұратын. Онда да алдымен ерекше мүмкіндіктері болу шарт. Мысалы, Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағының батыры, Еңбек ері және т. б. сол сияқты алғы шарттар болуы тиіс.

Аспирантурада оқып жүрген кездің өзінде әскерге шақырылып, Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқарып қайтты. Қабілетін білген соң әскери қызмет басшылары Әбекеңді штабқа хатшы етіп, сонымен қатар күнделікті саяси оқуды да жүргізуді тапсырды. Соның арқасында жазу машинкасын бұрқыратып басуға машықтанады. Жоғарғы қолбасшылардың алдында беделі болды. Осындай жетістік-нәтижелерінің арқасында Шымкент қаласынан әскери-жауынгер отбасы деп екі бөлмелі үй алуға мүмкіндік болды. Маған Шымкентке, кейде Жетісайға телефонға переговорға шақырып сөйлесетін едік. Орталық байланыс бөлімшесіне (Переговорный пункт) бір сағат бұрын келіп күтіп отыратын едім. Сонда оператор сөйлесу үшін қосып беретін. Оған кем дегенде бір жарым не екі сағат кетеді. Соған мәз болатынбыз. Армиядағы солдатпен телефон арқылы сөйлесудің өзі теңдесі жоқ жетістік. Көбінде хат жазып, хат алысып тұратынбыз. Ол заманда хабарласудың ең оңай жолы осы. Авиаконверт жеті копеек, ал жәй конверт бес копеек. Конверттің ішіне жазған парақтан басқа фото сурет салып жіберуге болатын. Суретінді жіберші деп қиылатын. «Жіберейін, бірақ көрген соң қайтарып жібер өзінде сақтама. Әйтпесе бақытты болмаймыз» деп қайтарып алатынмын. Ал ол жіберген суретті қайтармайтынмын. Заманына сай талабы демекші, оның да өз сырлары бар...

Соңыра мен Алматы Халық шаруашылығы институтының Шымкент қаласындағы филиалы ашылып, сонда оқуға түстім. Достығымыз бірте-бірте жақындай түсті. 1972 жылы оқуымды аяқтаған соң, бас қосып үй болдық. Содан қараша айында Мәскеуге кеттік. Ол кезде Бас Ием Шығыстану институтында аспирант бола-

тын. Мәскеуде екі үлкен перзентіміз (Ербол мен Манзура) дүниеге келді. Мәскеуде Банный переулук деген кішігірім көшенің бойынан пәтерді жалға берушілер мен жалға алушылар кездесіп мәселелерін шешетін. Бізде сонда барып пәтер берушіден жалға шағын бөлме алатынбыз. Оның ішінде жертөлени (подвал) де, ескі бұзылатын үйлерден де таңдауға тура келетін. Ең алғашқы таңдауымыз Павелецкий вокзалының маңында матамен бөлінген көп қабатты үйдің жертөлесі болды. Егесі әйелімен ажырасып, матамен бөліп, әрбір жанұяға пәтер іспетті дайындаған: өзіне, ажырысқан әйеліне және бізге. Тереземіз төменде болған соң ішімдік сататын дүкеннің алдында кезекте тұратын ішкіштер күнде топырлап содан шықпайтын. Өздеріңізге белгілі ұлы орыс халқының жерік сусыны ғой, одан бір сәтте айрылмайтын. Сол сияқты Мәскеудің қызығы да мол. Демалыс күндері Павелецкий вокзалы тола қапшық арқалағандардан арылмайды. Олар Мәскеу маңындағы деревнялардан азық-түлік арқалап үйлеріне қайтатын. Себебі, орыс деревняларында азық-түлік ол кезде кемшін, тіпті тапшы болатын. Барлығын қаладан таситын. Онда бір жыл қыстадық. Содан Таганка метрополитенінің маңында қарабайыр пәтердің бір бөлмесін жалдадық. Көршіміз Отан соғысына қатысқан ардагер кісі, әйелі және бақшаға баратын қызы бар. Олар бізді экзотика көргендей әсіресе, әйелі қызыға да, әрі үрке қарайтын. Біздің қазанымызға, наншолпы, елгезер, кәкпір, оқтау, шәйнек, пиалай-кеселерімізді және тағы сол сияқты басқа да ыдыстарымызды қызықтайтын. «У вас посуда необычная» деп. Қалған ыдыс керек жарағымызды прокаттан алатынбыз. Тоңазытқыш, теледидар, жазу машинкасы – оның орыс, арабша және латынша түрлерін алатын едік. Машинкаларды көбіне Әбекең өзі басатын. Кейде маған да басуға беретін. Ербол дүниеге келгенде жап-жаңа ұсталмаған этикеткасымен қоларбаны да прокаттан алдық. Көрші әйел күнде қызына суға қайнатып ботқа беретін. Оны кішкентай Лена жемеймін деп зар жылайды. Өзі маған үйір болды. Өке-шешесі үрке қарасада мені айналшақтап шықпайтын. Бір күні палау сап бердім. Олардың зәре құты қалмады да қызын ертіп бөлмесіне кіріп кетті. Содан біраздан кейін көзі бақырайып шешесі маған келіп: «Ужас, она все съела», - деп таңғалысын жасырмады.

Кеңес заманының өзінде роддомдар да өз алдына керемет болатын. Ол, Мәскеуде мықты болды. Жоғарыда айтқанымдай екі баламыз сонда дүниеге келді. Бас дәрігер бастап бүкіл қарамағындағы дәрігерлермен келіп, күнде обход жасайтын. Қал-жағдай сұрап іші-бауырыңа кіріп кетеді. Тұрмыс жағдайыңа шейін сұрап қамқорлық ниет білдіретін. Перзентханадан шығарда нәрестені қандай үйге апара жатырсың соған дейін тәптіштеп сұрастырып, көздері жеткен соң барып шығаратын. Ал, Алматыдағы перзентханаларымыз олардың қасында салыстыруға болмас. Оны кейінгі Мұхаммедали мен Мунираны астанамыз Алматыда босанғанда көзім жетті.

Пәтерде жүрген кезімізде Әбекең ылғи: «Рафия, заттарымыз екі чемодан, бір түйіншектен аспасын» дейтін. Олай деуінде жөн бар еді. Көшкен кезде заттарымызды такси багажнігіне сыйғызу керек болатындықтан солай дейтін. Аспиранттың алатын стипендиясы 85 рубльдің 35 рубльын пәтер жалдауға береміз. Қалғанын күнкөріске жұмсаймыз. Арасында Бас ием Еліміздегі Қазақ радиосы, жастар газеті мен журналдарына мақалалар жіберіп тұрды. Оның екі бірдей пайдасы бар еді. Бірі

жазып жатқан диссертацияға публикация болса, екіншісі қаламақы күн көрісімізге жарап тұрды. Қаламақы келгенде үйімізде кішігірім той болатын. Оған Патрис Лумумба атындағы Достық университетінде (РУДН) оқитын араб достары келетін. Мароккалық Әбду-Жалил, Судандық Усман сияқты Әбекеннің көптеген араб жолдастары болды. Олармен арабша сөйлесіп тілін де жетілдіретін. Бірде Ерболдың киім-жөргектерін «Лоск» деген порошокпен қайнатқанымды көрген Әбду-Жәлил маған: «Менің мамам балалардың киімін тек кір сабынмен ғана жуады, әйтпесе порошок денесін қызартады» деді. Оған мен таңқалдым. В. И. Лениннің, соңынан Н. С. Хрущевтың «Электрофикация + химизация всей страныйында» жүрген біздер үшін мына сөз маған тосын көрінді. 1970 жылдары Қазақстанда «Айна» деген порошоктан басқаны көрмегенбіз. Сол кездегі астанамыз Мәскеуге оқуға барып немістердің «Лоск» атты сабын ұнтағын бірінші рет көрдім. Алайда, ол кірді керемет ашағын. Кейін ойласам, Кеңес Одағы араб елдерінен әлдеқайда кешеуіл қалғанын байқадым. Оны Сауд Арабиясына қызметке барғанда да мойындауыма тура келді. Кеңес Одағының орталығы Мәскеуде мәдениет болсын, ғылым-білім болсын барлық сала жан-жақты жолға қойылған тамаша орталық еді ғой, шіркін! Біз шын мәнінде жаңадан дамушы елдер қатарында болыппыз. Кеңес идеологиясының мықтылығы сонша бәріміз сондай кереметпіз, коммунизм орнатып жатырмыз деп араб елдерін дамушы, құдай-ау, одан да төмен деп санайтынбыз. Өзімізше оларға жоғарыдан менсінбей қараушы едік.

Әбекеннің ғылым, білім жолына деген құштарлық қабілетін, болашағынан үлкен үміт күтіп тұрғанын сезінген мен, бүкіл ғұмырымды Бас Иемнің өсу, іздену жолына арнадым. Үйіміздің барлық міндет-тауқыметін өз мойныма алдым. Маған арқа сүйегені соншалық үйде не бар, не жоғы кәперіне де келмейтін. Бірде дүкенге барғанымызда кәмпит-күлше алайық дедім. Таңғалып, «оны не істейсің, сен жемейсің ғой» демесі барма. «Балаларға» десем, «А солай ма? Онда алсаң ала ғой» деді! Өзі сондай аңғал, бала сияқты еді. Кіші алты айлық қызымыз Мунираны Әбекен қоларбаға жатқызып аулаға шығарып қыдырып келеді. Сонда бір жалғызілікті бір қызы бар Айжан деген көршіміз Әбекене біраз ақыл үйретіпті. Баланы былай ету керек, тәрбиесі мұндай болу керек деген сияқты. Тыңдап болдым да, Әбеке төрт бала туып өсіріп отырған мен білем бе, жалғыз қыз туған жалғызбасты әйел біледі ме? Ол не дегеніңіз десем: «Иә, солай екен-ау» деп оған да таңғалды. Сондай бала көңілді, аңғал, майын тамызып біреу бірдеңе айтса илана салатын. Бірақ ғылымға келгенде болаттай берік. Үстіміздегі ғасырдың 08-09 жылдары ма екен, жадымда сақтамаппын. Жайма шуақ мамыр айында Қазақ мемлекеттік университетінде Шыңғысханға арналған бір конференцияға қатыстым. Сонда айтылған ойдың барлығы: Шыңғысхан түрік, яғни қазақ дегенге саяды. Сонымен қуанып келіп Хазіретпен бөлістім. Ондағы ойым «Иәғ қандай керемет жаңалық» деп қоштар деп едім. Барлығын тыңдап болып, «Дұрыс қой ой қозғалғаны. Бірақ, оған бірде бір дәлел болар дереккөз, яғни источник жоқ. Сондықтан оның барлығы бос сөз болып қала береді» деді.

Мұндағы айтайын дегенім. Әбдсаттар ағаларыңыз ғылымға берілген, шыншыл, адал, өте таза, ал жаңсақ, жалғанға жаны қас жан еді. Ғылымға ғана емес өмірде де, отбасымызда да солай болды. Оқуды үйренде жирен деп Абай атамыз айтқандай

оқығандық, оқуға ұмтылыс ешқашан кештік етпейді дейтін. Жанұяда, туған-туыс, дос-жаран арасында ешбір қабақ шытпайтын. Қызметтен үйге келе сала бұрынғы кезде күнделікті газет-журналдарды шолып шығып, соңынан міндетті түрде ТВ-дан кешкі жаңалықтарды тыңдап, қызықтайтын. Астан соң жазу үстеліне отырып ғылыми жұмыстарымен айналысып, сағат 22.00-де тынығуды жөн санайтын. Ешқашан ойын бөлмейтінмін. Себебі, үнемі ой үстінде жүріп, ойын, идеясын пісіп жетілдіретін. Аспирантураны аяқтап, қорғаймын деп тұрғанда Мамандандырылған Кеңес жабылды. Диссертация қорғау амалсыз келесі жылға қалдырылды. 1977 жылы жаңа Мамандандырылған Кеңес (СпецСовет) ашылып сәуір айында Мәскеуге кандидаттық диссертация қорғауға бардық. Оны өте жоғары дәрежеде қорғап, елге біржола оралдық. Содан 1976 жылдың аяғында өздері жолдамамен жіберген Ғылым Академиясының Әдебиет институтында кіші не, аға ғылыми қызметкер (есімде қалмапты) болып жұмысын жалғастырды. Институтта Мәскеуге, не Ленинградқа іс сапарға бару керек болса, институт қызметкерлері мен барам, мен барам деп таласып жатқанда директоры: «Әбдісаттар, сен неге сұранбайсың?» дегенде «мені Шымкентке жіберіңізші дейтін едім деп жымыяп еске алатын». 1977 жылы ақпан айында С. М. Киров атындағы ҚазГУ-дің ректоры Өмірбек Жолдасбеков ағамыз Филология факультетіне ассистент-оқытушылық қызметке шақырды. Филология факультетінің деканы Мырзатай Жолдасбеков Талдықорған педогогикалық институтына ректор болып кетіп, орын босапты. Негізі осы орынға орналасты.

Алматыға жаңадан келген жас мамандарға пәтер қайдан болсын. Жатақханадан орын тисе үлкен мәртебе, әрі жетістік. Құдай жарылқап, ҚазГУ-дің ректоры аспиранттар жатақханасынан үш бөлмелі пәтердің кішкене балконы бар 12 кв.м. болатын бөлмесін берді. Соған қалай қуандық десеңізші. Оған қолы жеткен де, жетпегендер де толып жатыр. Алматыда пәтер жағы өте қиын еді. Жатақханада екі бөлмеліде екі жанұя, үш бөлмеліде үш жанұядан тұрып жатты. Үш бөлмелі пәтердің екі бөлмесінде математик Оразәлі аға мен әпкеміз Базаркүл Қаңлыбаевтар Қуаныш, Марфуға, Гүлнара атты үш баласымен тұрып жатыр екен. Себебі, ол пәтердің бөлмесі бөлінуге келмейтін еді. Өздері адамгершілігі мол бір кең азаматтар екен. Өте жақсы көрші, бір үйдің адамындай болып кеттік. Сол үйдің екінші қабатынан бастап бір подъезді ғана жатақхана еді. Негізінен сол жатақханадағы көршілеріміздің бәрі дерлік ғалымдық жолында академик, мүше-корреспондент, профессор, енді бірі мемлекет қайраткерлері болды. Өте бір тонның ішкі бауындай, бауыр-туыстай, тату-тәтті тұрдық. Олар даңқты азаматтар: Темірхан-Сәуле Досмұханбетовтер, Амангелді-Ұлжан Темірбековтер, Марат-Вера Хасановтар, Мәрияш-Бүркіт Қалқабаев-Макишевтар, Гүлсім Сулейменова, Захар тағы басқалар болды. Ыдыс-аяғымызға шейін ортақ. Чайно-столовый сервиз тек Қаңлыбаевтарда болатын. Олар күндіз жұмыста. Біз көрші болғандықтан олардың сервиздерін, үйлеріне қонақ келіп қалса көршілер: «Рафия, Базаркүл тәтенің сервизін берші?» деп менен келіп сұрайтын. Кешке Базаркүл әпке келгенде сервизіңізді пәленше көрші әкетті деп есеп беретінмін. Оған не Ораз аға, не Базаркүл әпке бір қабақ шытпайтын. Жастық албырт шақ деген қандай! Сонда ойыма келмейді біреудің ыдысының шеті сынып, не көгі ұшып, жоғалып кетіп ұятқа қалмаймын ба? Ал Жаңа жыл келгенде керемет үйме-үй, бір үйді қалдырмай таң атқанша айттағандай бәріміз бірге,

аралап құттықтап шығатынбыз. Балаларымызбен бірге өте көңілді, әрі қызықты солай Жаңа жылды қарсы алатынбыз. Аядай бөлмелерге бәріміз сиятынбыз. «Көңіл сиған жерге бәрі сияды» деген мақалдың өміршеңдігіне уақыт озған сайын көзің жетеді екен. Сол көршілерімізбен кездескенде осы күнге дейін өміріміздің ең қызық кезеңі екен деп сүйсініспен сағына еске аламыз.

1977 жылы 6 қарашада Мейрам апамыз 78 жасында менің қолымда дүние салды. Әжеміздің қырқы өткен соң ағайындар маған: «Рафия, апаның жылына қарама. Алматыға Әбдісаттардың жалғыз өзін жүргізбей сонда көш» деп кеңес берді. Содан 1977 жылы желтоқсан айында екі баламызбен басымыз қосылып біржола Алматылық болдық. Көшкенде жүгіміз негізінен Бас Иемнің бірнеше коробкадағы кітаптары мен киім-кешек және азын-аулақ көрпе-жастықты Алматы-Москва жүрдек поезының бір купесіне отырғызып Шымкенттен Исраил мен Жұпар шығарып салды. Алматыда үйіміз дайын, папамыз бізді күтіп алып мәре-сәре болдық. Жатақхана-үйіміз әл-Фараби даңғылының бойында Весновка (қазір байырғы атымен аталған Есентай) өзенінің қиылысында орналасқан. Сол бөлмемізде біржарым кісілік және нәрестелік кереует, жиналмалы төсек (раскладушка), үстел, шифонер, тоназытқыш, ақ-қара түсті теледидар, бірінің үстіне бірі қойылған бірнеше коробкада кітаптар жиналып тұратын. Әбекең соларды шартты түрде бөлме-бөлмеге бөлетін. Кереуеттер жатын, балалар төсегінің үсті детский, үстелдің үсті тамақ ішкенде асхана, асты ойын бөлмесі, басқа уақытта кабинет. Ербол мен Манзура бір бөлмеден екіншісіне өтер кезде ұрықсат сұрамай кіре алмайтын. Ал сенбі-жексенбі күндері папамыздың үйге тамағын дайындап, үшеуімізге бір бөлек түйіншекке салып қасымыздағы алма бағына кешке дейін серуендеуге кететінбіз. Ондағы мақсат Бас Ием демалысты пайдаланып ғылыми жұмысымен айналысатын. Көбіне, өзі сұрамаса бейсары сұрақ та қоймаушы едім. Ойында пісіріп жүрген идеялары жетілсін деген оймен. Балаларды да мазасын алмаңдар деп ықтияттап жүретінмін. Әйтеуір, барынша жағдай жасауға өзімді міндеттедім. Балалар қалай өсіп жатыр, үйге қажетті не шаруалар бар? Деген сияқты тұрмыстық мәселерге алаңдамаңыз деп бәрін өз мойныма алғам о баста. Сондықтан бұл мәселелерге оншалықты көңіл бөлмейтін. Жора-жолдастар негізінен сол Мәскеуде, Ленинградта, Ригада қатар оқыған азаматтар еді. Мерекелер (1 мамыр, 7 қараша, 8 наурыз), туған күн тағы басқа да бас қосуларға барғанды ұнатпайтын. Уақытым босқа кетеді деп. Былайша айтқанда, ғылым жолына бір жола берілген еді. Арманымыз Ғалым болсақ еді. Темірхан досымыз: «Сәулені ең бай әйел етемін» деп мақсат қойған болатын. Бізде, сол достар да бүгінде алға қойған мақсат-мұраттарына жетті. Аллаға шүкір! Бас Иемнің артында том-том кітаптары бітіп жарық көрген, әлі де кезегін күтіп тұрған мол ғылыми мұрасы қалды. Бір өзі бірнеше ғылыми мекеменің жұмысын атқарды деймін. Бұл да болса кез-келген кісінің қолынан келе бермейтін қомақты да ауқымды іс. Өзі жиі айтатын: «Мектепте тарихты оқығанда Қазақтың тарихы жоқ. Қазақтың тарихы Ұлы Қазан төңкерісінен басталады деп оқытты бізді деп». Шын мәнінде бәрімізді Кеңес үкіметі солай үйретті. Соған сеніп жүрдік. Өкінішке орай, әлі де сол түсінікпен жүрген азаматтарымыз баршылық сияқты. Бас Иемнің еңбектерінің арқасында олай емес екеніне көзіміз жетті. Олай дейтінім, қазақ халқының тарихы болмаса Әбекең тапқан, зерттеген осынша қазақ топырағынан шыққан ғұлама ғалымдар қайдан пай-

да болды? Өзіміздің сан ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан салт-дәстүріміз, әрбір мақал-мәтелдеріміз, қанатты сөздеріміз ата-бабаларымыз кеше шығарған жоқ қой! Осы күнге дейін ұрпақтан ұрпаққа өтіп, өміршеңдігін көрсетіп қолданыста келеді, әлі көнерген жоқ! Мен айтар едім. Қазақ халқы – Дана, әрі Ұлы халық! Өттең, осы Ұлылығымызды сезінбейміз! Оның да түрлі себептері бар... .

Иә, Әбекеңнің студенттік кезінен академик болғанға дейінгі өмір жолы көз алдымда өтті. Қызығы мен қиындығы мол өмірді бірге жеңе білдік. Дана халқымыз айтқандай «бес саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деген ұлағатты сөзі бүгінгі күнге дейін өзінің мазмұны мен құндылығын жойған жоқ. Сондықтан да өмірлік жарымның айтқан әрбір ұсынысы мен тапсырмасына өте жауапкершілікпен қарадым. Бірақ, осы соңғы рет берген тапсырмасы екенін неге сезбедім екен! Жәй күнделікті күйбең тіршіліктің біріндей мән бермеппін. Өзімен СовМинкаға дейін бірге бардым. Ары қарай мені болмайды деп жедел жәрдем көлігіне отырғыздады. Үйреншікті ауруханаға барып келетіндей көрінді. Уайымдама бәрі дұрыс болады деп кете барды. Үйден шығарда өзі оқып, қолымен тексеріп пакетке салып, ауруханаға шығып бара жатып: «Мына қолжазбаларды Алтынкүлге бер, тағы бір рет сүзіп шықсын. Негізі түгелдей дайын» деген еді. Ол екі қолжазбаны да баспаға өткіздік. Алла бұйыртса, жақында жарыққа шығады деп отырмын. Қолда Әбекең дайындап кеткен тағы бір көлемді қолжазба бар. Ол да сәтін салса оқырмандарының қолына тиетініне кәміл сенемін. Әрине, менің бұл жазып отырған естелігім жалпы бірге сүрген өмірімізге қысқаша шолу ғана. Ал, енді ағаларыңыздың отбасынан бөлек ғылым жолындағы, білім беру саласындағы оқытушылық пен басқару жұмыстарының, жоғары лауазымдық қызметтерінің қиындықтары мен қызықшылығы өсемін, ғалым болам деген адамға үлгі боларлық дүние. Оны жазу алдағы күндердің еншісі деп ойлаймын. Алла бұйыртса жоспарда бар.

The article contains the memoirs of Absattar Derbisali's wife, which describes the life of a scientist from students to academician, their acquaintance, interesting events and difficulties experienced together, about the life of the head of the family. A. Derbisali discovered sources and researched information on brilliant scientists, natives of Kazakh lands. His wife, Rafiya Derbisalieva, devoted her life to supporting the father of the family in his path to science, professional growth and searches.

В своих воспоминаниях супруга Абсаттара Дербисали описывает жизненный путь ученого от студента до академика, их знакомство, пережитые вместе интересные события и трудности. А. Дербисали обнаружил источники и исследовал сведения о гениальных ученых – уроженцах казахских земель. Рафия Дербисалиева посвятила свою жизнь поддержке супруга на его пути в науку, профессиональном росте и поисках.

ДІНИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ЗЕРТТЕУШІСІ

Әбсагтар Дербісәлі – Қазақстандағы Ислам өркениетінің тұтастай алып, жан-жақты, өткені мен бүгінін қатар алып сабақтастыра кешенді түрде зерттеп, іргелі, көп еңбек қалдырған аса көрнекті ғалым. Оның осы бағыттағы ізденістерінің басты нысанасы ретінде жекелеген тұлғалар, қайнар көздері, мешіттер мен медреселер т. б. арналар бойынша алып қарастыруға болады.

Ғалымның зерттеулерінде арнайы сөз болған тақырып – еліміздегі діни оқу орындар.

Кеңес өкіметінің дінге қатысты сыңаржақ идеологиясы қысымымен ұзақ уақыт жабық болып келген бұл маңызды тақырыпты саяси тәуелсіздікке қол жеткізген шақта алғаш қолға алған да – Әбекең еді.

Ол 1995 жылы жарық көрген «Қазақтың дала жұлдыздары» деген кітабында беймәлім болып келген қазақ топырығынан шыққан бір шоғыр Ислам ғұламаларын айқындап берген. Міне осындай шақта кешегі Фараби секілді ата-бабаларымыздың жүрген сара жолын, олардың қастерлеген Құранды басын қатерге тігіп елге танытуы дін мен ғылым аясындағы бағалы жұмыс. Сондықтан да ол осы кітапта соларды тағы да жаңа қырынан танытып: «Орта Азия мен қазіргі Қазақстан жеріне де VII–VIII ғасырларда Исламның келуі осындай рухани білім ошақтарымен тікелей байланысты болды. Бірте-бірте ол кең-байтақ өлкемізге жайылды. Ата-бабамыз мекендеген Отырар, Сауран, Сығанақ, Жезд, Кердер, Сүткент, Истиджаб-әл-Байда-Сайрам, Мерке, Тараз, Жікіл, Шелжі, Аспара, Құлан секілді шаһарларда үлкенді-кішілі мешіттер мен олардың жанынан медреселер де бой көтерді. Олар осы күнгі университет, институттардың рөлін атқарды. Сол себепті де тек Шаш (Ташкент), Насаф (Нахшаб, Қаршы), Самарқан, Бұхара ғана емес, сондай-ақ қазақ жерінде болған аталмыш діни-рухани-мәдени-ғылыми ордалардан 30-дан аса Отырари – Фараби, Саурани, Сығанақи, Түркістани, Тарази, Шелджи, Жикили, Мерки, Құлани, Қаялығы секілді туған мекендерінің атын алған және ру, тайпасы атын өзіне лақап еткен Қожа Ахмет Йасауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Жалаирилер мен Найманилер, Қыпшакилер, Кердерилер шықты. Кешегі Абай хакімнің де Семейдегі Ахмет Риза медресесінде араб, парсы тілдерін үйреніп, Ислам дінінің қайнар көздерінен рухани нәр алғаны баршамызға аян. Сондай-ақ Жәңгір ханның да қыздарға арналған арнайы мектеп ашқаны жайлы деректер кездеседі», – деп қазақ халқының тарихы мен құндылығы және ата-бабаларының қандай жол ұстанғанынан сыр шертіп өтіп, бүгінгі ұрпаққа түйінді ой тастайды. Енді осыны сіз «Көгілдір күмбездің көне жазулары», «Қазақтың дала жұлдыздары» – кешегі Кеңестік дәуірде жазылған еңбектерінің байланысты емес деп айта аласыз ба?! Ә. Дербісәлінің ғалым ретінде зерттеулерінің үлкен арнасының бірі – қазақтың тарих қойнауында жатқан Ислам ғұламалары және олардың еңбектері болса, екіншісі – солардың ғалым болуына, еңбек жазуына түрткі болған тарихи шаһарлардағы медреселер. Ғалымның 2008 жылы жарық көрген «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктер» атты кітабына ен-

ген көлемді мақаласында діни оқу орындарының тарихы мен бүгінгіне шолу жасалады.

Бейнеткеш ғалым осындай тынымсыз, ыждағатты еңбегінің нәтижесі ретінде 2009 жылы «Қазақстанның мешіттері мен медреселері. Рухани шамшырақтар (IX–XX)» атты сүбелі кітабы оқырман қолына тигізген еді. Үш бөлімді еңбектің екінші бөлімінде еліміздің көне дәуірлерден Кеңестік дәуірге дейінгі 38 оқу орны туралы бағалы да мол деректер ұсынылған. Әр түрлі медресеге қатысты мәліметтер көлемі жағынан әр түрлі, автордың қолына түскен материалдарға байланысты біреулері бір сөйлеммен ғана шектелсе, кейбіреулері екі-үш бет. Бұл кітаптың ең басты ерекшелігі – мұқабасынан бастап әр бетінің көркемдік дизайнның әдемілігі, түрлі тарихи, бүгінгі суреттермен ислами нақыштармен өрнектеле айшықталуы. Әбекең әр кітабының стильдік көркемдігі мен орфографиялық тұрғыдан қатесіз шығуын өте қатаң шұқшия қараумен қатар, дизайндық жағына айрықша мән беретін, осы дизайнер маманмен өзі отырып тікелей шұғылданатын. Әсіресе, көзге ұратын ашық, алуан түстерді жақсы ұнататын. Бұл кітаптағы суреттерді дайындаған – Нұржан Мақанов деп көрсетілген. Н. Мақанов – ҚМДБ Халықаралық қатыныстар және хаттама бөлімінің меңгеруші болып тағайындалды. Ол осы қызметінде Бас мүфтидің сапарлары мен қабылдауларын фотаға түсірудің шеберіне айналды. Ә. Дербісәлінің соңғы жылдары шыққан қай кітабын алсаңыздар да көркем суреттердің осы кең қолданылатынын байқайсыз. Әбекең Қазақстан мұсылмандары дін басқармасының төрағасы ретінде хузіретіндегі әкімшілік әлеует мүмкіндігін өзінің шығармашылығына тиімді пайдалана алды. Отанымыздың кең байтақ аймағындағы дін қайраткерлері, мешіттер мен медреселерге қатысты материалдарды жинауға жергілікті имамдар да атсалысып, көмектесті. Әрине, кітапта еліміздегі тарихи медреселер жайлы түгел қамтымаса да жинақтау, жүйелеу мақсатындағы тұңғыш қадам жасалды. Келешекте бұл мағұлматтардың толықтырылып, қорлана түсері даусыз.

Оның 2011 жылы «Тәуелсіз Қазақстанның мешіттері мен діни оқу орындары» атты аса көлемді екі томдық кітабы алдыңғы еңбектің жалғасы іспетті, егемендік тұсындағы аз уақыттың ішінде дүниеге келген ғибадат үйлері мен оқу орындарын түгендеуге арналған. Ә. Дербісәлінің сол жылы басылған «Қазақстанның дін оқу орындары» атты кітабы тәуелсіздік тұсында дүниеге келген оқу орындарын толық қамтып, оқу бағдарламаларын, ұстаздар материалдық базасына дейін сипаттап беруімен маңызды.

Кітап алғысөзінде «Негізінде, Құран – аспан әлемі мен барша ғаламдардың жаратылыс сырын, бізді қоршаған ортадағы бүкіл құбылыстардың негізгі хикметтері мен оларды адамның пайдасына қарай ойластырудың жолдарын үйрететін илаһи кітап», – деп осы ақиқатты меңзейді. Ғалым ақыл мен жүрек қосылғанда ғана ақиқат туатынын меңзеп кейбір мұсылмандардың жаратылыс пәндеріне қарсы болуына қарсы болады. Ислам әлемінің бүгінгі таңда артта қалуының басты себебі жаратылыс ғылымын Құранмен байланыстырмауынан туындағанын алға тартады. Ол: «Ал кейбіреулердің ғалам атты кітап пен Алла Тағаланың Құран атты қасиетті кітабын бір-бірінен ажыратып, адамдарды ақиқат ғылымынан алыстатқысы

келгені енді-енді белгілі болуда. «Құран оқыған адамның математика мен физикада жұмысы болмауы керек, Құран деген мешітке кіріп алып, мағынасын түсінбесе де, қайта-қайта оқылуға арналған кітап. Оны пендешілікке араластыруға болмайды» секілді жалған жанашырлықпен адамдарды ғылымнан алыстатуға әрекет етілді. Сөйтіп, өкінішке қарай, бүгінгі медицина да, математика мен физиканың да астрономия мен химияның негізгі қағидалары бір кездері осы мұбарак кітаптың жарық сәулесінен бастау алғанын адамзат ұмыта бастағандай» деп кейбір мұсылмандарың жақсақ пікірін ортаға салып ішкі күйзелісін, қасіретін алға тартады.

Еліміздің еркіндіктегі 30 жыл ішінде дін саласы түбегейлі өзгерістерді бастан кешірді. Соның айқын бір дәлелі – республикамыздың түпкір-түпкірінен мешіттер мен ислами оқу орындарының көптеп ашылуы. Ә. Дербісәлінің «Қазақстанның дін оқу орындары» атты кітабы қазіргі таңдағы республикамыздағы аталған білім орындары туралы толыққанды мәлімет ұсынылған. Олар: 1 университет, 1 Ислам институты, 9 медресе. Бұның өзі елімізде діни ислами білім беретін жүйе болып қалыптасқанын айғақтайды. Аталған оқу орындары – заңды түрде жұмыс істейтін арнайы білім ордалары. Дәлірек айтсақ, олар: Нұр-Мұбарак Египет ислам университеті, Республикалық имамдардың білімін жетілдіру Ислам институты, «Әбу Ханифа» медресесі, «Әбу Бәкір Сыддық» медресесі, Ақтөбе медресесі, Астана медресесі, Орал медресесі, Сарыағаш медресесі, «Ғибаулла Тарази» медресесі, Үшқоңыр/Шамалған/ медресесі, Шымкент медресесі, Қожа Ахмет Йасауи атындағы сауат ашу курсы, Қауам ад-Дин әл-Фараби ат-Түркістани атындағы республикалық қарилар дайындау орталығы. Бұл оқу орындарын түгелге жуық профессор Ә. Дербісәлі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын басқарған уақытта өз қолымен ашқан. Біразының атын, мәселен Тараздағы медресені Ғибаулла Тарази деп, Нұрсұлтан жанындағы қарилар дайындау орталығын Қауам ад-Дин әл-Фараби ат-Түркістани деп төл ғұламаларымыздың атын білім ошақтарының атын өзі қойған.

Кітап шағын анықтамалық еңбек болғанмен сөз арасында, медреселердің атауына қатысты көптеген мәселеге ишарат етіп өткен. Ол жоғарыда ел арасында жаратылыс ғылымын төмен санайтын мұсылмандар туралы айтса енді бір сөзінде екінші бір топ туралы сөз қозғайды. Ол: «Қазіргі күнде де адамдардың арасында медресені өркениеттен бір саты төмен тұратын және дүние тіршілігінен безген адамдар оқитын жер деп санайтындар кездесіп жатады. Ал меніңше, ар мен ұяттың турын ұстап, мемлекеміздің жарқын болашағы үшін дініне, еліне, отанына, халқына, жұртына адал қызмет ететін нағыз қаһармандарды осы медреселерден де күткен дұрыс», – деп ойын білдіреді. Ендеше, қоғамды артқа тартар екі топ бар. Бірі жаратылыс ғылымын дінге, енді бірі дінді жаратылыс ғылымына байланыстырмайтын топ. Ол медресенің мәнін ашып екі топқа да жауап береді. Медресе деген сөздің мән-мағынасы не өзі? Міне ғалым ә деп сөз бастағанда осы сөздің мәнін ашып көрсетіп: «Медресенің тілдік мағынасына келсек, араб тіліндегі «дараса» – «сабақ оқу, дәріс алу» деген түбірден туындайды. «Дәріс» сөзінің бүгінгі қазақ тілінің лексикасынан берік орын алынғаны мәлім. Сонда «медресе» «дәріс оқытылатын жер» деген мағынаны білдіреді. Ал кеңірек алып қарасақ, бұл терминге «мұсылман елдеріндегі

орта және жоғары білім беретін білім ордасының жалпы атауы» деген анықтама беруге болады» деп ойын түйіндейді.

Әрі ол: «Медресе ғимаратын ең соңғы заманауи технологиялармен жабдықтап, онда оқитын шәкірттерді жаны мен тәнінің тазалағы үшін қажетті бүкіл шарттардан бастап, ішіп-жейтін ас-тағамы, жатар орны, бай кітапханасы, дәрісханасына дейін толық қамтамасыз етіп, барша арман-тілегімізді сол медреседен күтсек, қателеспейтінімізге сеніміміз кәміл», – дейді. Ғалымның осы сөзінен екі нәрсені аңғаруға болады. Біріншісі: Медресе өркениеттен, замана ағымынан бөлек жатқан жер емес. Керісінше медреседегі білім өркениет пен мәдениетпен ұштасып жатқан абзал. Мысалы, Еуропа Андалусиядағы мұсылман кітапханаларындағы жаратылыс ғылымға қатысты миллиондаған кітаптарды тартып алып, соны көшіру арқылы қана өркениетке жетті. Ендеше сол кітаптардың авторларының бәрі сол медреселерден тәлім алған ғұламалар еді. Екіншісі: Елімізде ашылған медреселер Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына тиесілі. Яғни, қазақ еліне тиесілі деген сөз. Бұл оқу орындары діни кадр мәселесін шешумен үшін, жастардың рухани сұранысын қанағаттандыру мақсатында ашылған. Бұл оқу орындарында қаншама қаракөздер сабақ алуда. Демек оларда діни мүдде ғана емес, елдік те, мемлекеттік қауіпсіздік те мүдде бар. Ендеше бұл медреселерге тек Діни басқарма ғана емес ел болып демеуіміз қажет. Әркім өз үлесін қосу, қолдау керек. Ел болып жұмылып сол медреселерге атсалысқанымыз сауап. Сонда ғана ол жемісті болмақ. Сонда ғана ел ішінде әр түрлі діни алауыздықтар, әр түрлі күмәнді ағымның жетегінде кетуіне тосқауыл қойылмақ.

Ол осы сөзінен кейін медресе деген атау Пайғамбар заманында аталмаса да оның негізгі қызметі атқарылып осы күнге дейін жалғасын тапқанына зер салады. Иә, ертерек замандағы Фараби секілді ойшылдардың өзі осы медреседен тәлім-тәрбие, ілім алған. Кешегі Кеңес үкіметі осы «медресе» деген атаудан қашып, орта оқу орындарына арабтың екінші бір сөзін «мектепті» деген орнықтырды. Бұл еңбектің тағы жақсы сипаты деп профессор Ә. Дербісәлінің ұзақ жылдардан бері үнги зерттеп жүрген тақырыптары мен еңбектерінің жалғасы іспетті, әрі оларды толықтыратын жұмыс деп бағалау орынды. Ғалымның Қазақстандағы Ислам өркениеті, діни ғұламалардың өмірбаяндары мен шығармашылығы, байырғы мешіттер мен медреселер хақындағы құнды мәліметтер жинап, оларды жүйелеп, көркем тілде баяндап ұсынып келе жатқаны аян.

Кітап авторы: «Осы дәстүр шамамен XIII ғасырда үзілді. Оған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіреті, XIX ғасырда елімізді отар еткен патшалық Ресей, 70 жылдық коммунистік кезең өз ықпалын тигізбей қоймады», – деген сөзінен осыны аңғауға қиын емес. Одан кейін де қазақ елінің әр жерінен медреселер ашуға атсалысты. Ондағы мақсат дін мен ғылымды үйлестіру еді. Ол кітабында бұрынғы медреселер де осында ұстанымды ұстанғанын айта келіп: «Сондықтан медреселерде Ақайд (Сенім негіздері), Сарф (Морфология), Мантық (Логика), Хадис, Тәпсір, Абаб-ы Баһис (Сөйлеу әдебі), Уағыз, Бәлағат, Кәләм, Фихх, Фарайд (Мирас құқығы), Усулу-л фик (шариғат ілімдері) секілді т.б. пәндерден дәрістер берілген. Астрономия, философия, тарих пен жағрафия да оқу жоспарында қарастырылған», – деп ой

түйеді. Бүгінгі таңдағы ашылған медреселердің де дәрістері осы бағытта екендігіне назар аударады. Әрі ол бір жағынан халықты мешіт, медресе ашуға насихаттаса, екінші жағынан Кеңес үкіметі кезінде атқораға немесе жемханаға айналып әлі күнге дейін қабырғасы сақталған мешіттерді іздеп тауып, соларды сатып алып, күрделі жөндеуден өткізуде де сол кешегі арман-қиялының жемісі деп анық айтуға болады.

Басылымның қазақ, орыс, араб, ағылшын төрт тілде болуы – бағалы тұсы. Еңбекте оқу орындарына қатысты түрлі-түсті суреттердің көптеп берілуі ажарландыра түскен.

Ғалым «Нұр-Мұбарак университеті мен Ислам институты. Жиырма жылдық белес» атты мақаласын біздің Нұр-Мұбарак университетінің жиырма жылдығына арналған конференция жинағына арнап ұсына отырып менен қарап беруімді, әсіресе, оқу орнында қызмет жасап кеткен мысырлық ұстаздардың аты-жөнін қарап шығуымды өтінген. Мен ескертулерді айтып қайта жібердім. Ұстазымыз мақаласын қайта қарап, жөндеп алдыңғылар қатарында ұсынды. Қазір осы жинақ басылуға дайындалу үстінде.

Әбсаттар Дербісәлі – өте жемісті еңбек еткен, артында мол ғылыми мұра қалдырған оқымысты.

The article examines the works of academician, Professor Absattar Derbisali about religious schools in Kazakhstan, in particular, «Mosques and madrasahs of Kazakhstan. Spiritual beacons (IX–XX)» (2009), «Religious schools of Kazakhstan» (2011), and «Mosques and religious schools of independent Kazakhstan» (2011). These works of the scientist contain a rich source of study, reference, cognitive, informative material on the history and modernity of religious schools of the republic includes a large number of photographs illuminated with decorative artistic ornaments.

В данной статье освещаются работы академика, профессора Абсаттара Дербисали о религиозных учебных заведениях Казахстана, в частности «Мечети и медресе Казахстана. Духовные маяки (IX–XX)» (2009), «Духовные учебные заведения Казахстана» (2011), а также двухтомник «Мечети и духовные учебные заведения независимого Казахстана» (2011). В этих работах ученого дается обширный историко-этнографический, справочный, познавательный, информационный обзор с богатым фотоматериалом и превосходным дизайном.

ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ДІНТАНУШЫ ЖӘНЕ АБЗАЛ АЗАМАТ ЕДІ...

Қазақстанның бұрынғы Бас мүфтиі, профессор, филология ғылымдарының докторы және шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлінің өмірден озуы – Қазақстанның бүкіл рухани әлемі үшін үлкен орны толмас ауыр қаза болды.

Мен заңғар тұлғаны жеке білу және онымен байланыс орнату бақытына ие болдым. Әрине, ол кездесулер менің есімде мәңгі сақталып қалады. Олардың барлығы бүгін ерекше жылылықпен және ұмытылмас жылы сезіммен еске алынады. Ол тамаша әңгімелесуші, асқан ілтипатты, оқығаны мол, ерекше әңгімешіл, ақылды адам болатын.

Оның ғылыми қызығушылықтары араб тілі мен әдебиеті, қазақ-араб байланыстары саласындағы зерттеулер болды. Зерттеуші ретінде ол: «...Машрик пен Мағреб, Иран сынды араб елдерінің, Орталық Азияның, Ресейдің, Германияның, Үндістанның, Пәкістанның, Түркияның кітапханаларында сақталған араб, парсы, түркі қолжазбаларын қолдана отырып, мен отандық мәдениетке қажетті өткеннің көрнекті ойшылдарының екі жүз елуге жуық есімін аштым. Араб әдебиетінде ислам құндылықтары үлкен орын алатыны белгілі. Бұл түсінікті, өйткені Ислам Таяу Шығыста пайда болды», – деп жазды.

Ол кезде, екі мыңыншы жылдардың басында, мұсылмандардың рухани көшбасшысының Ислам діні саласында терең білім алуы, бүгінгі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, этномәдени процестерді жақсы білуі керек еді.

2000 жылы Бас мүфти болып, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын (ҚМДБ) басқарды.

Бір кезде Император Август: «Мен Римді ағаш күйінде қабылдап, мәрмәр етіп қалдырамын» деген болатын. Ол 2013 жылы Бас мүфти өкілеттігін доғарған кезде Қазақстанда 2 500 мешіт жұмыс істеді. Бұл – 2000 жылмен салыстырғанда екі есе көп көрсеткіш.

«Бірде-бір қоғам, бірде-бір өркениет рухани құндылықтарсыз өмір сүре алмайды. Барлық уақытта мешіт жақсылықтың, этиканың орталығы болды және кез-келген халықтың өмірінде үлкен рөл атқарды, өйткені ол достыққа, адам бірлігіне шақырды, адамның рухани өсуіне тынымсыз жұмыс істеді және осылайша өрлеуді қамтамасыз етті», – деген де Әбсаттар Дербісәлі болатын.

Ол өзінің естеліктерінде алғашқы мешіт XVIII ғасырдың 70-ші жылдарының соңында Петропавлда салынғанын атап өтті. Оған негізінен жәрмеңкеге келген мұсылмандар қатысқан. 1795 жылы Петропавлдағы Ойқалада халық арасында және тарихи әдебиетте Қасымовтікі деп аталатын тас мешіт салынды. Оның ғимараты қазір тарихи және сәулет ескерткіші ретінде сақталған.

Келесі 20–30 жыл ішінде мешіттер саны біртіндеп өсіп, шығыс, солтүстік, орталық және Батыс Қазақстандағы заманауи аумақтарға жетті.

Осылайша, сол кездегі мешіттер адамдарды біріктіретін өзіндік діни және рухани орталықтарға айналды.

Бас мүфти кезінде ол бармаған аудандар мен облыстар болған жоқ. Әбсаттар қажы мешіттерді ашып, студенттер алдында сөз сөйлеп, оларға Исламның не екенін жеткізді. Әрқашан барлық халықтардың келісімі мен бірлігіне, достығына баса назар аударды. Оның пайымдауынша, бұл әсіресе Қазақстан сияқты көпұлтты, көпконфессиялы елде ерекше өзекті.

Шығыстанушы-арабтанушылар, дінтанушылар мен әдебиеттанушылар оны өзінің ұстазы деп санайды. Жалпы алғанда, оның жетекшілігімен 400-ден аса шығыстанушы даярланды, ал ҚазМУ-ға энциклопедист ғалым әл-Фарабидің (870–950) есімі берілді.

Шетелдік сапарларда ол ең алдымен кітапханаларға баруға, жергілікті кітап қоймаларының мұрағаттары мен қазыналарына қол жеткізуге тырысты және қолжазбалардың құпияларын мұқият зерттеді.

Оның өз еліне қызмет етуі біз үшін шабыт көзі болып қала беретініне сенімдімін. Ол үлгілі өмір сүрді, міндет сезімімен ерекшеленді, үлкен мақсаттар мен сенімдердің адамы болды. Ол әрқашан біздің есімізде сақталып қалады.

During the work of Absattar Haji Derbisali, the head of the Spiritual Directorate of Muslims of Kazakhstan, the Chief Mufti, was a clergyman who made a huge contribution to the construction of mosques on the territory of Kazakhstan and explained to students and residents the meaning of Islam. The article mentions the scholar's mentoring to researchers in oriental studies and religious studies. Absattar Haji Derbisali was an exemplary scholar who researched the secrets of manuscripts in libraries abroad.

Будучи главой Духовного управления мусульман Казахстана, Главным муфтием, Абсаттар хаджи Дербисали внес огромный вклад в строительство мечетей на территории Казахстана и разъяснение студентам и жителям значения ислама. В статье рассказывается также о его наставничестве исследователям по востоковедению и религоведению. Абсаттар хаджи Дербисали являлся образцовым ученым, исследовавшим тайны рукописей в библиотеках зарубежья.

ТАРИХҚА ЕНГЕН ТҮЛҒА (Әбсаттар Дербісәлі жайында)

Мен Иран елінің Горган атты әсем қаласында дүниеге келдім. Туған елін Маңсаған атам Рақбай Екібайұлы 1929–1933 жылдарды ауыл шаруашылықты ұжымдастыру сылтауымен қолдан жасалған ашаршылықтың және кеңестік саяси жүйесінің дінге қарсы жүргізген кертартпа саясатының кесірінен туған өлкесі Маңғыстаудан ауып көрші ел Иранды паналауға мәжбүр болған босқын қазақтар қатарында аталған елдің бұрынғы Мазандаран, бүгінгі Гүлістан провинциясының Горган қаласына қоныстанды. Бірақ өмірінің соңына дейін туған ата жұртының сағынышын немересі маған аманат еткісі келетіндей ұдайы артта қалған елін жыр қылып, менің бойыма атамекен және қазақ елінің құндылығын біртіндеп сіңіре берді. Сол себепті қазақ елін аңсау мен сағыну, қиял әлемімде оны сүю болмысымның бір бөлшегіне айналды.

Барлық жақсылықты Алла ниетіне қарап береді дегендей, менің өмірімнің мәні-мақсаты атажұртқа бару болды. Сол арқылы, бәлки атамның аманатын орындап, оның рухына тыныштық сыйлайтын болармын. Ой елге оралу болды, Алланың береріне, әрине, дәнекер қажет еді. Сондай арманға мұрындық болған Әбсаттар Дербісәлі аға еді.

Әбсаттар Дербісәлі ерен еңбегімен 1989 жылы бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің негізін қалаушы ретінде тұңғыш деканы болған. Шығыстану факультетінде араб тілімен бірге қазақтың тарихы пен әдебиетін тереңнен ұға білу үшін парсы тілі мамандығын да ашқан екен. Ал сол салаға оқытушы мамандар жеткіліксіз болғандықтан Әбеке жан-жаққа сұрау салып, Түркияда оқып жүрген мені тауып, парсы тілінің оқытушысы болып, бір жылға келісімшарт бойынша шақыра алатындай заңға сай жұмысқа шақырды. Мен де өмір бойы арман еткен мақсатыма жеткенім үшін бақытты күй кештім. Алматыға жетіп келдім. Бұл 1990 жылдың тамыз айының соңғы күндері, қыркүйектің бастапқы күндері арасы болатын. Әбекеңнің мені тауып, менің Алматыға келгенімше көптеген қызықты оқиғалар болды. Оның әңгімесі бір бөлек.

Айтайын дегенім, менің атам аманат еткен арманымның орындалуына себепкер болған Әбсаттар ағам, мен үшін де, сыртта жүрген қандастар үшін де, өзгеше орынға ие қайраткер тұлға.

1990–1991 оқу жылында әлгі келісімшарт бойынша жұмысқа кірістім. Ең басты алған әсерім, сол кездегі Әбсаттар ағаның қазақы асқан мейірімді мінезімен көңілімді жаулап алды. Өйткені мен Алматыға келгенімде қарсы алып, сол кездегі университеттің ректоры, физика ғылымдарының докторы, профессор, академик Мейірхан Мұбаракұлы Әбділдин мырзаның (1938–2012) қабылдауында болдық. Біз бен ректор арасында тамаша әңгіме өрбіді. Ректор барлық жағдай жасалсын деген тапсырмасын берді. Содан сол күні маған университеттің қалашағында орналасқан жатақханалардың ішінде 15-ші жатақхананың жетінші қабатынан керемет екі бөлме керекті барлық жабдықтарымен нәсіп болды. Атамекеніме бұл менің жалпы алғанда үшінші сапарым, ал ресми түрде жұмыс бабымен келген тұңғыш сапарым. Жұмыс

бабымен ресми сапарымның құрметіне сол күннің кешінде ректормен кездесіп, жатақханаға орналасқаннан соң Әбеке: «Ислам бауырым, атажұртыңа қош келдің! Бүгіннен бастап, біз аға-іні, әріптес боламыз. Сол үшін бүгін біздің шаңыраққа қонақ болып, алғашқы сыбағанды жейсің, қазақта ерулік рәсімі бар, соны орындаймыз», – деді. Сол күні университетке жақын маңда, Алматы өзені бойында орналасқан үш бөлмелі пәтеріне қонақ етіп, жеңгей және отбасы мүшелерімен таныстырып, қонағасы берді. Сондағы ағаның да жеңгейдің де ыстық ықыласы, пәтердің дәлізіндегі сөрелерде мінгесіп жатқан кітаптарымен танысу менің жадымда ерекше естелік болып орын алды.

«Менің бағым бар» деп дәйім жаратқанға шүкір етіп жүремін. Алладан сұрғанымды еселеп береді. Жай ғана азамат ретінде атамекеніме келуді армандап жүргенде Әбекенің белсенді, елшіл сана мен түйсігінің арқасында біржолата елге келіп қоныстануыма негіз қаланды. Өйткені 1990 жылы бір жылдық жұмыс шартымен келген менің бағыма орай 1991 жылы еліміздің тәуелсіздігінің самал желі есе бастады. Маған соның арқасында елімнің тұрақты азаматы болып қала беруіме мүмкіндік туды. «Жақсыдан шарапат» деген осы болар.

Алғашқы танысқан күннен бастап ағамен ажырамас рухани байланыста уәделескендей ағаның өмірінің соңғы күндеріне дейін ағалық-інілік қарым-қатынаста болдық. Біздің рухани тұтастығымыз отбасылық қарым-қатынас және әріптестік сосын шәкірт-ұстаздық сатысына дейін де ұласты. Бірге отыз жыл бойы көптеген жақсы күндерді бөлістік. Әбеке рухани ағалық мәртебесі мен отбасымыздың ағасына айналған еді. Барлық той-думан, жақсылықтарымызда бірге жүрдік. Қамыққан кездерімде риясыз көңілімен менің тірегім болды, демеушім болды. Қашан да уәдесіне берік, ағалық бекем, достықта таза болып, жанымды жадыратып жүрді. Өмірдегі бақытты сәттерімнің Иран мен Қазақстанда санаулы, тұлғалы ұстаздарымның болуымен орайласып жататыны бар. Ол да атадан жеткен елге деген ғашықтық ниетімен үйлесіп жатқандай болып көрінеді.

1991 жылдың 16-шы желтоқсанында Еліміздің тәуелсіздігі жарияланған күннен бастап, жаңа өмірімнің жаңа бағыты басталды. Осыған орай қазақ халқының ірі қайраткерімен үндескендей Әбеке маған: «Ислам бауырым! Сен айтары бар азаматсың, елін сүйген оқымыстысың. Сол үшін айтарыңды айту үшін жазуың керек», – деп мені алға сүйреп, ішкі сүйіспеншілігімді хатқа түсіргенімді тәуір көрді. Мен де бұрыннан осы бағытымды сезіп жүрсем де осындай қолдауға ие болғаннан кейін қазақ тілінде еңбек жазу мақсатында қолға қалам ала бастадым. Әбекенің маған жасаған үлкен игілігінің себеп болуымен қазақы ортаның мүшесіне айналдым. Әбеке мені қазақтың үлкен ғалым қайраткерлер ортасына қарай беттеуіме шамшырақ болды. Биік-биік межелерге ұмтылдым. Елге келген екенмін, енді елге қалай игі еңбек ете аламын деген оймен қазақ қоғамының дәл ортасында көптеген мәдени-қоғамдық жұмыстарға белсене араластым. Жастарымыздың Түркия мен Иранда оқып, білім алуына мұрындық болдық. Түркия мен Қазақстан арасындағы алғашқы мәдени-экономикалық байланыстар орнатуда елеулі үлес қостым. Түрік тілінің алғашқы үйрену курсы сол кездегі «Ғылым қоғамында» ашып, түркі дүниесінің бір-біріне бауыр басу бастамасына негіз қалаған болдым. Сондай-ақ қаншама азаматтардың сауда-саттық саласына енуіне кеңестер бердім. Алғашқы түрік және парсы тілдерін үйрену ошақтарының құрылуына ат салыстым. Иран

мен Қазақстанның ортақ тұңғыш фирмасын ашуға, Қазақстан-Иран арасындағы достықтың нығаюына, «Достық үйінде» екі елдің достық қоғамын құруға да белденді түрде еңбек еттім. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Тегран университетінің достық-ғылыми байланыстарының орнығуына идеялар айтып, жүзге асуына аянбай еңбектендім. Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы алғашқы ашылу күндерінен бастап екі елдің мәдени-ғылыми байланыстарының биік сатыларға көтерілуіне көп тер төктім. Екі елдің жақынырақ тіл табысуына бірнеше парсыша-қазақша, қазақша-парсыша сөздіктер мен оқу құралдарын жазып шықтым. Иран-түркі тарихы мен мәдениетінің байланыстары бағытында және түркі тарихы мен әдебиетіне һәм қазақ диаспорасына қатысты жүздеген мақала-сұхбаттарым қазақ баспасөздерінде жарияланып келеді. Ондаған кітап аударма мен монографиялар менің еңбегімнің жалғасы болып келеді. Осының бәріне қарап, назар салғанымда оның бастау көзі Әбекеңнің көрегендігі болып таңбаланып тұр. Ислам қағидасында адам баласы титтей жақсылық жасаса да жақсылық болып мәңгіге жол тартады, ал титтей жамандық жасаса, ол жамандықта адамзат өміріне кесапатын сүйрелеп жалғаса береді. Сондықтан Әбекеңнің игі ниеті және игі істері қазақ қоғамында игіліктің сарайының көптеп салынуына жол ашты.

1996–2000 жылдары Түркістан қаласындағы Қ. А. Яссауи университетінің сұрауы бойынша парсы тілінің оқытушысы және университеттің ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері болып жұмыс істеп жүрген жылдарымда әрі 2000–2008 жылдары Тараз қаласының М. Х. Дулати атындағы мемлекет университетінде «Дулаттану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі әрі директоры һәм филология факультетінің парсы тілі оқытушысы болып қызмет атқарған жылдары да Әбекең екуіміздің әріптестік-туыстыққа айналған достық бағымыз үзілген жоқ. Өйткені Әбекең Саудия еліне сондағы Қазақстан Республикасының елшілігіне кеңесші болып қызметте жүргенде менімен байланысын ажыратпай, қалжағдайымды сұрап жүретін еді. Елге демалысқа келген сайын киелі шаңырағына құрметті қонақ етіп, төрінен орын беріп жүрді. Бүгін сол күндерге ой жүгіртсем, соның бәрі қам көңілім жалғыздық сезе қоймасын деген үлкен жүректің маған жасап жүрген қамқорлық пен азаматтық игілігі екенін ұғу қиын емес болып көрінеді. Өйткені Әбекең университетте декандық қызметтен ректордың орынбасары болып лауазымы жоғарлағанда да, тіпті дипломатиялық қызметке ауысып, сондай қарбалас жұмыстармен айналасып жүрген жылдардың аясында да ешқашан мені сана мен жүрегінен ажыратып, ұмыт қалдырған емес. Мен де өзімді мықты және бақытты жанмын деп өмірлік нәр алып жүретін едім. Оның парасаты әрбір адамның, әрбір құндылықтың құнын жетеріндей біліп, қадірлей алатын дана ғалым еді. Әрі Әбекеңнің адами болмысының биік тұғырын көрсетіп тұратын еді. Мен көктен түскендей елім деп Алматыға келгенде бір Құдай және мен жақын танымайтын арқа сүйер қазағым болды. Сонда Әбеке мені жалғыздықтан жабықпасын деп қашан да алаңдап жүретінін кейінгі жылдары тілге тиек етіп, сыр шертетін еді. Оның сыр деп айтқан осы ұлық түйсігін бірнеше отбасылық отырыстарда да айтып, мейірін шашып отырғанын еске алмау мүмкін емес.

Сауд Арабиясында дипломатиялық қызметте жүрген жылдары түрлі себептермен Алматыға келгенде мені іздеп, дастарқанына қонақ етіп, дәм татқызу, ғылыми еңбектерінің барысын айтып беру дәстүрлі дағдымызға айналып кеткен болатын.

Маған кандидаттық пен докторлық қорғау жұмыстармен айналысуымды және осы қоғамда оның мән-маңызын жалықпай ескеріп отыратын жайы бар-тұғын. Оның бәрі ағалық адами қасиеттерінің көрінісі еді.

2000 жылдың бір күнінде менімен хабарласып, жанына шақырды. Бардым, кездескенде: «Жоғары билік аяқ астынан астанаға шақырып, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, бас мүфти қызметін атқаруың керек деген тапсырма берді. Ал мен ондай қызметке дайын емеспін деп уәж айтсам да қабылданбады. Өйткені мұсылмандар қоғамын бір ретке түсіру, тәртіпке бағындыру, жүйесін жасау, ғылыми бағытқа жетелеу сынды үлкен міндеттер тек қана сіздің қолыңыздан келеді деп сенім білдіріп отыр. Сондықтан дін мен ғылым, дін мен қоғамды бір-бірімен табыстыру және үндестіру қажет болып тұр», – деді. Содан Әбеке ғылым мен дипломатиялық алаңнан дін саласында елдің рухани дүниесіне қызметке кірісуге тура келгенін ұқтым. Бұл оқиғаны еліміз үшін сәтті бір құбылыс деп қабылдадым. Алайда ол жылдары дін істеріне де тәртіп пен жүйенің қажеттілігі сезіліп тұрған еді.

2000 жылдың арғы-бергі кездерінде қазақтың қамкөңіл зиялылары қазақ халқының жалпы тағдырына терең ойы мен шексіз махаббат сезімінің нұрымен сәуле шашып жүретін. Елінің болмыс-бітіміне шексіз ғашық жандардың ойы тек қана елдің жарқын болашағын ойлаумен өтетін сол жылдар. Қазақ зиялысының саналы істері де, қиялдағы арманы да ұлт пен мемлекет тағдырымен ұштасып жүретін. Олардың сөзі мен істерін ұлт пен мемлекет мүддесінен ажыратып қараулары сирек оқиғалар қатарына жататын еді. Сол жылдары қазақ зиялысы елдік тақырыпта молырақ, анық әрі қанықтау сөйлейтін дағды бар сияқты еді. Сол заманда мен де ұлтымыздың жарқын келешегін ойлап, қиялға берілген арманшыл майдандас жандардың қатарында болдым. Сол жылдары күнделікті тіршілік қамымен қаланың бір шетінен екінші бір шетіне әл-Фараби даңғылының бойынан өтіп жүретінмін. Күн сайын барар жолдың сол жағында, қайтар жолдың оң жағында бүгінгі «Нұр-Мұбарак» университеті деп аталатын діни сауатты ашатын жоғары оқу орнының қоқысқа айналған аумағын, жартылай салынып қалған құлазыған ғимаратын көріп жаным дерттеніп, найзағай оқтары көзімді шұкитын еді. Ол көріністің ауыр сезімдерінен құтылу үшін әсем қиялға ерік беріп, жасыл желекке оранған аумағын, сәнді биік те жайлы ғимаратының ішін зерделі жас ұл-қыздарымызбен толтырып, асқар таудай, саналы ұстаздардан білім алып жүрген елдің ертенгі рухани құрылысшыларын суреттейтінмін. Бұндай қиял менің еліме деген игілікті жемісіне дұға мен тілегім іспеттес еді.

Сондай арман қанатында талай жылды өткіздік. Бір күні Қазақстан мұсылмандар діни басқармасына төраға, бас мүфти болып Әбсаттар Дербісәлі ағамыз қызметке келгенін оңашада өз аузынан естігенде жаным жайнап, бар арманымды тілге тиек еттім. Сонда Әбеке: «Менің ойымда діни қызметкерлер мен ғалымдар арасына байланыс, достық қарым-қатынас көпір салу бар. Сол үшін жақын келешекте діни басқармамызда «ғалымдардың ақылдастар кеңесін» құру қажет. Онда қазақтың белсенді ғалымдары мен зиялыларына мүше болуға шақырамын. Сол кеңес арқылы имамдар мен ғалымдар бір-біріне жақындай түсіп, дін мен ғылымның арасындағы қашықтық жойыла бастап, жақындау басталып, діндар мен ғалым бір-бірін ұға бастайды», – деген елеулі ойын айтып, кейін әлгі ойын жүзеге асырды. Содан мен де

діни басқармада құрылған «ғалымдардың ақылдастар кеңесінің» бір мүшесі болып академик Сұлтан Сартайұлы бастаған ғалымдар тобында он үш жыл бойы барлық діни шаралар мен кеңестің жиналыстарында Тараздан келіп қатысып жүрдім. Біз діни басқармасының алқылдастар алқасының мүшесі ретінде көптеген кеңес жиналыстарына қатысып, өз ойымызды айтып жүрдік. Соның арқасында көптеген жаңаша шешімдер қабылданып жүзеге асып жүрді. Солардың ең сүбелісі – 751 жылғы Талас шайқасының жеңісінен кейін түркілер еркін түрде Ислам дінін қабылдай бастағанына орай аталмыш дата түркілердің Ислам дінін өз еркімен қабылдағаны үшін Ислам дінінің Түркістанда бастауы болып қабылдануы болды. Екіншісі, Алла сөзі қазақ ұлтының жаратылыстағы биологиялық болмысына, дыбыстандыру станогына сай айтылуы мақұлданды.

Әбсаттар Дербісәлі Қазақстан мұсылмандар діни басқармасына төраға, бас мүфти болып келген күннен бастап, менің зейінімдегі қиял ізі шындыққа айналып «Нұр» атты оқу орны «Нұр-Мұбарак» атымен дін саласының түрлі мамандықтарын дайындайтын әсем білім ордасына айналды. Әрі әсемдік гүлзарына айналған әлгі мекен, бүгіндері аты ел аумағынан асып шетелдерге дейін жетіп, танымал білім мен ғылым ошағы болып, өрісін кеңейтіп келеді.

Қазақ елі тәуесіздікке қол жеткізген жылдан бастап қазақ зиялылары ұлт пен мемлекеттің бүгінгі мен ертеңгі тағдырына ойланып, өз танымы мен пайымын қазақ тілінде шығатын басылымдарға көптеп жариялай бастады. Қазақтың тілі, діні, ділі мен дүниәуи байлығы әрі сән-салтанатын қорғаштап жүретін қазақ басылымдарын сол жылдары барлығын мүмкіндігінше іздеп жүріп оқитын әдет өмірімнің дәстүрі болған-ды. Өйткені қазақтың ұлттығы мен мемлекеттігін іргелендіріп, жауларының былапыт сөздеріне тойтарыс беріп, олардың мәдени шабуылдарынан қорғап жүретін қазақ басылымдары болатын. Қазақ басылымдарының тәуелсіз еліміздің іргесі нығайып, тарихи терең тамырларымен ұштаса бастуында орны ерек. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы аманат етіп айтқан: «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сияқты», – дегендей діни сананың да оянуына, жетіліп өрістенуіне әрі халық пен биліктің, діндарлар мен зиялы қауым арасында диалог құрылып дін мен ғылым табысқан зиялылық пайда болып, өзара тілдесуіне, имамдар мен оқымысты ғалымдардың бір-бірімен жақындасып, тіл табысуына басылымның үлкен рөлі мен мәнінің байыбына барған ойлы ғалым, майталман қаламгер Әбсаттар Дербісәлі ағамыз діни қызмет тізгінін қолға ала-сала «Ислам және өркениет» газеті, «Иман» журналының шығуын жолға қойып, әрі кеңінен тарауына қолдау көрсетті. Сондықтан аталған басылымдар белсенді түрде атқарылған жұмыстардың арқасында таралымы көбейіп, өз оқырманын тапты. Сонымен қатар ондаған тақырып аясында өте жоғары таралыммен сан-алуан діни танымдық және ғылыми кітаптар мүфтияттың мақұлдауы, қолдауы һәм қадағалауының арқасында жарық көрді. Олардың барлығы Ислам және сүнни қанапия мәзһәбын дұрыс тануға ниетті талаптыны қанағаттандыратын дүниелер болды. Кітаптардың басым көпшілігі қазақ тілінде шығып, қазақ тілінің рухани қорын байыта түскені де ана тілімізге олжа болғаны анық.

Сол жылдары көзі көре білген, санасына түйе білген азаматтардың мүфтияттың ғимаратының жағдайы есінде қалған болар. Әбсаттар Дербісәлі ағамыз дін істерінің

тізгінін қолға алған кездері бас мүфти отыратын кеңсе де жоқ болатын, имам деген аты бар, бірақ кім екенін, қайда оқып, қандай білім алғанын ешкім біле алмайтын. Сол үшін имам ба? Әлде молда ма? Әйтеуір түсініп, түсінбей баға беріп, құран оқуға жараса болғаны молдеке деген атқа лайық иман іздеген елдің көңіліне жұбаныш болатын.

Кең байтақ жері бар, Орталық Азияның жүрегі секілді Қазақстан халқының тілі, діні, салт-дәстүрі шетелдіктерді де қызықтыратын. Әбсаттар Дербісәлі аға бас мүфти болған кезде оның атқаратын міндетіне лайық ғимарат болмағанына сырт көзден қысылыңқырап қалатын сәттер де болды. Сосын еңселі мүфтият ғимаратта бой көтеріп, біздің де еңсемізді көтерді. Шала-пұла білімі бар молдаларды да білімін жетілдіруге мүмкіндік берген діни сауатын жетілдіретін институт та жұмыс істей бастады. Мен де кейінгі жылдары пандемия зардабы басталғанша сол «Имамдардың білімін жетілдіру институтында» бірнеше жыл «Дін және тарихи сана» атты дәрістер оқыдым. Сонда имамдар білімін жетілдіру үшін Қазақстанның барлық аумағынан қатысып тұратын еді. Сонымен бірге Ресей, Монғолия, Тәжікстан тағы басқа елдердегі қандас имамдар қатысатын. Сөйтіп, мүфтият діннің жоғары және білім жетілдіру оқу орындарын Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрлігінің заңнамаларына сәйкестендіруін қамтамасыз етуде басты рөл атқарды. Имамдар, исламтанушылар тағы басқа мамандықтар дипломмен өз бағытын айқындай білді. Әсіресе имамдарымыздың бойы да киімі да түзеліп, ой теңізіне сүңги бастағандарына да куә болдық.

Әбсаттар Дербісәлі ағамыз қажылық, зекет пен садақа және имамдардың киімінің біркелкі түрге келу керектігі сынды шаралар мен қайырымдылық істерді де жүйелеп берді, қаламының сиясын да құрғаппай, тарихи, діни құндылықтарды тарихтың ескі қағпарларынан іздеп, тауып, жазып көлемді зерттеу еңбектерін жарыққа шығарып жүрді. Соның арқасында бүгінгі қазақ топырағы талай-талай ғұламалардың, ұлы ойшылдар мен ақындар мекен еткен, киесі бар жер екенін әуелі өзімізге танытты. Сосын өзгелерге де өзімізді танытты. Талай елдің көптеген оқымыстылары, дін өкілдері Қазақстанның діні мен руханиятына қанық болды.

Біз Әбсаттар Дербісәлі ағамыздың талай игі істерін шолып кеттік. Бірақ шындығы оның он үш жылдың аясында атқарған қызметі олардың бәрі айтуға оңай болғанмен орындалуына қыруар жұмыс, биік парасат, жігер мен иман, елге деген ұлы махаббат керектігін ойлана қоймаймыз. Әбеке мүфти болған жылдары қазақтың дәстүрге айналған «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» қағидасында басты ұранға айналдырып, ақсақалдар институтын да құрып үлгерді. Әбсаттар Дербісәлі ағамыздың ақылдылықпен хәм жангештілікпен жасаған игі істері қазақ тарихында мақтан тұтар есімімен тарихи тұлға болып қала бермек.

Әбеке мен үшін орны ерек болды. Бір күні маған телефон соқты: «Ислам бауырым, сен туралы көлемді бір мақала жаздым. Енді сен маған жазған барлық кітаптарыңның тізімін, қай жылы, қай көлемде шыққанын түгендеп жазып жібер», – деді. Мен орындаудан басқа амалым қалмады. Сұрақ қоюға да мұрша бермеді, мен де абыржып қалдым. Ағаның айтқанын ойдағыдай етіп жібердім. Ол мақаланың шыққанын ел-жұрт менен бұрын оқыған болды. Үлкені бар, кішісі бар, бірі аға, бірі іні қуанып мені іздеп құттықтап жатты. Бәрінің айтары бір ұғымға саяды. Олар: «Әбеке сені қатты жақсы көретіні мақаласынан көрініп тұр. Сен туралы мақаласын жүрекпен жазғаны айдан анық», – деу еді. Мен де асыға сол мақаланы көруге

әуестендім. Ағаны іздедім. Аға: «Саған біреу алып қойғанмын», – деді. Мақала «Ислам Жеменей әдебиетші, тарихшы ғалым», – атымен жарық көрген екен. Ағаның аталған мақаласы маған бұрынғыдан да артық иығыма жүк артқан болды. Мен де сондай ілтипатқа лайық жұмыс істейінші деп бір сәтімді аямай үздіксіз ізденіп, оқып әрі жазып, керегінде сөз сөйлеп сондай үлкен бағаға лайық болуға тырысып жүрмін. Өйткені ол мақала елдің үні, жылы лебізі, саркылмас қуаты деп қабылдадым.

Бір күні мүфтияттан кәдімгідей сәні мен мәні бар шақыру қағаз қолыма тиді. Онда мені Астана қаласында өтетін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құрылтайына шақырған.

2013 жылдың 19 ақпанында елордамыз Астана қаласында Қазақстан мұсылмандарының кезектен тыс VII құрылтайы өтті. Қалыптасқан дәстүр бойынша құрылтайға еліміздің барлық облыстарынан құрамына имамдар мен мүфти өкілдері енген тиісті делегаттар қатысты. Оны мүфтияттың ақылдастар алқасы мен ғұлама кеңесінің мүшелері толықтырды. Сол құрылтайда Шейх Әбсаттар Дербісәлі қажы атағына лайықты түрде жеткен Қазақстанда Шығыстану факультетінің негізін қалаушы, шығыстанушы ғалым, мемлекет және мәдениет қайраткері болған ол өз еркімен қызметтен кететінін жария етті. Бәріміз аң-таң. Бірақ бір білгені бар ғой деген оймен ағамызды шығарып салдық.

Оның бәрі әуелі Алланың қалауы еді. Әбеке халқымыз бен зиялы өкілдерінің демеп, тілектес болып жүргендерінің арқасында шамамыз келгенше жақсылық атауымен қызмет атқара білді. Әбсаттар Дербісәлі қазақ елі үшін әлі талай табысты жұмыс атқара алатынына сеніп сол күні тарастық.

Сонда мен іштей: «Алла бағыңызды берсін, деніңіз сау болып, имани жүрегіңіз шарапат сезімге молая берсін, аға», – деп дұға жасадым.

Тағдыр ғажап құбылыс. Бір күні әдет бойынша қал-жағдайын білгім келіп телефон соқтым. Өйткені кейінгі кездері жүрегіне операция жасатқаны үшін денсаулығына уайымдап жүретін едім. Сонда аға: «Ислам бауырым! Сен туралы орыс тілінде бір мақала жазып, орыс тілді бір журналға тапсырдым, жақын арада шығып қалар», – деді. «Аға, денсаулығыңызға мұқият болыңыз. Бізге керегі сіздің аман-есен болып, алдымызда таудай болып жүруіңіз. Әрі менің жетпіс жылдығым келесі жылы ғой», – дедім. Аға: «Бәрі болады, болғанын берсін Алла, тағы жазылар. Ел-жұрт еңбегіңнің қадірін біле бергені жөн», – деді. «Рақмет. Айтқаныңыз болсын. Бірақ денсаулығыңызға байланысты жұмыс көлемін азайтып, жұмыс орныңызға көп бара бермей, көбірек дем алғаныңыз жөн, аға!», – дедім. Аға бұрынғы әдеті бойынша жұмсақ мінезі, мейірлі үнімен: «Жарайды бауырым», – деп жауап қатты. Ертеңіне әріптес бауырым Ықтияр Палтөре: «Мен ағамен жұмыс орнында кездесіп, кеңесіп келдім», – деді маған. Таң қалдым. «Ағамыз денсаулығын неге ойламайды?» деген оймен жүрдім. Бірнеше күн өткен соң осы жылдың 15 қыркүйегінің таңында маған хабарласқан азамат: «Ағамыз дүниеден озды», – деп хабар берді. Көз жасым еріксіз тама бастады. Сосын терең бір дем алдым. Өлім хақ. Бірақ аға: «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» дегенге сай адамгершілік пен ғылымда, тіпті өмір кеңістігінде нұрлы әлемнің өкілі болып із қалдырды. Алла барлығын сауабынан жазсын. Аға да пенде. Тәңірі біліп-білмеген күнәларын кешірсін, иманын жолдас, жанын жаннатта етсін деп тілеймін. Отбасы, ұрпағы, рухани шәкірттері оның игі мұратының мұрагері болғай!

Absattar Derbisali has the status of the spiritual seniority of the avant-garde, directed towards the environment of prominent Kazakh scientists, a person who occupied a special place among his fellow tribesmen living abroad. The article describes the memories of Islam Zhemeny, who made his contribution to Kazakh Iranian studies, about Absattar Haji, who sought and found spiritual values in the deep layers of history, and created voluminous research works, showing us and others that our land is a shrine that has given rise to many geniuses, great scientists and poets.

Абсаттар Дербисали имеет статус духовного старшинства, авангарда среди видных казахских деятелей науки, является личностью, занимающей особое место у соплеменников, живущих за рубежом. В статье изложены воспоминания Ислама Жемени, внесшего свою лепту в казахстанскую иранистику, об Абсаттаре хаджи, который искал и находил духовные ценности в глубинных слоях истории и создавал объемные исследовательские труды, показав, что наша земля – святыня, породившая множество гениев, великих ученых и поэтов.

MARIYASH MAKISHEVA

A BRIGHT MEMORY TO A BRIGHT PERSONALITY

Inna lillahi wa inna ilayhi ragi un!
(We belong to Allah, and truly to him
shall we return!)

It's very difficult to admit when a person whom you know well dies. It is difficult even for grownups to understand why people die. It may be the hardest thing of all to understand.

The best we can do is to accept death as a fact of life. It happens, and we can't do anything to change that. And on the 15th of July 2021, I was petrified to hear that Absattar Bagysbaiuly Derbisali died.

I would like to remember and to write about the good times when he was alive. It was in 1974, when my family got acquainted with the family of Abeke. We lived in the so-called Apartment of Interns and Postgraduates of KazNU. We were young, our children were still small. There were four children in his family – Erbol, Manzura, Mukhammedali and Munira. Whereas two children in my family. My son liked to play with his elder son Erbol. We were only one or two years younger than them.

He was always calm and reasonable. He was always helpful and was ready to give a piece of good advice, how to run a household and how to look after children.

His wife Rafiya is a very wise person. She never loses her temper. She is a reserved, intelligent lady, a loving mother, beloved wife, caring grandmother, faithful and reliable friend. She created all the favourable conditions, comfort and coziness for Abeke and their children.

They have a lot of relatives, friends and acquaintances. Almost every day they welcomed some of them from different parts of our country, mainly from Turkestan and Shymkent.

They never locked their doors. We often forgot to buy bread after work and ran upstairs to Rafiya to borrow bread or salt. Rafiya was so considerate (though she had to look after 4 children) that every time she bought a few extra loafs of bread, knowing that someone would definitely come to her to borrow something – bread or salt.

It is a very hospitable family which tenderly observes all the Kazakh best customs and traditions. Our children were very friendly and played together. We lived like in a big commune until 1983.

In 1983, all the now famous professors who lived there in one front door but on different floors, moved to new flats in different regions of the city and didn't meet each other very frequently. Orazkhan and Bazarkul; Baigunchekov Zhumadil and Gulzada; Khasanov Marat and Vera; Temirbekov Amangdi and Ulzhan; Zakhar and others.

We all lived as one big family, later we parted having received separate apartments. But for many years we continued to celebrate the New year together with our grown-up children at one place. Those were really unforgettable days!

Later I continued my professional activities with Absattar Bagysbaiuly in the translation sphere.

While working at KazNU named after S. M. Kirov Absattar Bagysbaiuly took high-ranking positions in the Administration of the University. He was the Head of the Department of International Relations. He welcomed many delegations from different countries and he always invited me to do the interpretation.

Absattar Bagysbaiuly continued his researches with a great zeal. He was a Doctor of Philology, a Professor. He was the author of a great number of theoretical articles and monographs related to the Arabic language and literature.

Absattar Bagysbaiuly made a great contribution to the opening of a new Faculty of Oriental Studies at the University.

Absattar Bagysbaiuly thoroughly studied ancient periods of Kazakh history and culture referring to the sources of Persian and Indian scholars and our spiritual ties with the Muslim countries of the Middle East, as well as history of Islam and Quran.

That's why he served as the Supreme Mufti in Kazakhstan from June 24, 2000 to February 18, 2013.

In 2013, Absattar Bagysbaiuly decided to continue his activity in the field of science and education.

He was appointed the Director of Suleimenov Institute of Oriental Studies.

Absattar Bagysbaiuly was a Member of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

Absattar Bagysbaiuly fulfilled a very responsible mission as a diplomat in Saudi Arabia. He possessed a diplomatic rank of the First Class Adviser.

I am very proud that I have known this unique, incredible personality and his family for many years. No matter how old we are, it's never easy to lose a spouse, a parent or close relatives! Remember the good times!

My thoughts and prayers are with you as you grieve, Rafiya!

The author tells about her acquaintance in her youth with the future Supreme Mufti of Kazakhstan Absattar kazhy Derbesali. She gives him a positive assessment and speaks warmly of his family. Further, the article describes the scientific and professional path of the scientist, who climbed the career ladder at al-Farabi Kazakh National University, and made a great contribution to the opening of the Faculty of Oriental Studies. At the end of the article, the author notes that Absattar Bagyzbayuly introduced Persian, Arab and Indian sources on the history of Kazakhstan into scientific circulation, for 13 years he was the Supreme Mufti of Kazakhstan, a diplomat in Saudi Arabia, director of R. B. Institute of Oriental Studies and Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

Автор рассказывает о своем знакомстве в молодости с будущим Верховным муфтием Казахстана Абсаттаром кажы Дербесали, дает ему положительную оценку и тепло отзывается о его семье. В статье описывается научный и профессиональный путь ученого, который поднимался по карьерной лестнице в Казахском национальном университете им. аль-Фараби и внес большой вклад в открытие факультета востоковедения. В конце статьи автор отмечает, что Абсаттар Багызбайұлы ввел в научный оборот персидские, арабские и индийские источники по истории Казахстана, в течение 13 лет был Верховным муфтием Казахстана, дипломатом в Саудовской Аравии, директором Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова и членом НАН РК.

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, ҰЛЫ ҰСТАЗ

Адамзат тарихында тыңнан жол ашқан, өзінше сара соқпақ салған адамдар некен-саяқ. Ал өзгелері сол ғұламалардың басқан ізімен жүріп, олар қалдырған мұраларын зерттеп, жаңа белестерге көтеріліп жатады. Қазақ халқының білім-ғылым саласына ойып тұрып орын алатын осындай сара жолдың иесі деп – Әбсаттар Дербісәліні айтар едім. Қазақстандағы шығыстану ғылымының қалыптасуы мен оның жетістіктерінің басында әлемге әйгілі, ұлағатты ұстаз Әбсаттар Дербісәлі тұрады. Ұстаздың келелі, қомақты еңбегі ұшан-теңіз. Ғалымдығы, дін және қоғам қайраткерлігі, дипломаттығы туралы көпшілік қауым жоғары парасатымен ерекшеленетінін еске алып, таласа айтады. Ал шәкірттері ұстаздығын мақтан етсе, замандастары адамгершілік секілді асыл қасиеттерін тілге тиек етеді. Не десе де, Әбсаттар ағаның жан-жақтылығы мен ақыл-парасаты, терең білімі мен ұшқыр біліктілігі өн бойында тұнып тұрады. Осы пайымды қасиеттері арқылы қанша жанның өміріне сілкініс беріп, білімге жетеледі. Сондай жанның бірі – менмін.

Бала кезден Абай сияқты ғұламаларға әсер еткен Шығыс әдебиеті мен мәдениетіне ерекше қызығушы едім. Соның ішінде басы-қасында Әбсаттар ағай жүрген араб тіліне бүйрегім бұра тартып, қолға аттестатымды ала сала әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультетіне құжат тапсыруға келдім. Ондағы мақсатым – ашылғанына бірер ғана жыл болған, жас шығыстану факультетіндегі білікті де, білімді ұстаздан тәлім алу еді. Құжат қабылдаушы апайларға араб тілі бөліміне түскім келетінін айтқанымда, араб бөліміне тапсырған талапкерлердің көп, әрі орын санының шектеулі екенін айтып, ирантану бөліміне құжат тапсыруыма кеңес берді. Менде ойлана отырып, апайлардың ұсынысын қабылдап, емтиханды сәтті тапсырдым. Осылайша мен Әбсаттар ұстаз тәрізді елге танымал ғалымдар шоғырланған араб бөліміне емес, сол кезде ашылғанына 3 жыл тола қоймаған ирантану бөліміне оқуға түстім. Әбсаттар ағай біздің бөлімге дәріс оқымағанымен, декан, одан кейінгі Тілдер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор қызметтерін атқарған кездегі өткізетін әртүрлі жиындардағы терең ойлары мен рухани дәрістері Шығысты тануға деген көпшілігіміздің бойымыздағы нәзік сәулеге от болып құйылды. Басқа ұстаздарымнан Шығыстың инжу-маржанымен теория жүзінде терең танысып қана қоймай, Әбсаттар ағайдың өзі барып, тікелей ұйытқы болуының арқасында жасалған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Тегеран университеті арасындағы келісім-шарт негізінде Иран Ислам Республикасына барып, әлемге әйгілі Шығыс ғұламаларының елін көріп, білім алудың сәті түсті. Өйткені, бұл кезде Тілдер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор болған Әбсаттар ағамыз Иранның жоғары оқу орындарымен келісімге келіп, студент алмасу ісін жолға қойған еді. Осы жылдар ішінде оның ұйымдастырушылық қызметінің арқасында университет Жапония, Корея, Қытай, Пәкістан, Иран, Түркия, Мысыр, Либия, Марокко, Англия, Франция, Испания, Германия, АҚШ секілді шетел университеттерімен ынтымақтастық келісім шарт жасалып, студенттер мен оқытушылар алмасу ісі жанданды. 1996 жылы Иранға қысқа мерзімдік оқуға ба-

ратын студенттерді іріктеу кезінде сенім артып жіберген 8 студенттің арасында менде болған едім. Ұстаздың сол кездегі сенімі мені арқаландыра түсті. Қысқа мерзімдік курстан кейін елге келіп, диплом алып, араға үш жыл салып, ұстаз салған сара жолмен, Тегеран университетінің докторантурасында білімімді шыңдап, қазақ және парсы әдеби, мәдени мәселелері арқау болған «Шаһнама және қазақ әдебиеті» тақырыбында диссертациямды сәтті қорғадым. Ғылыми қауым жоғары бағалаған жұмысым Иранда монография түрінде жарық көрді.

ҚазМУ-ді бітірместен, Ә. Дербісәлі дипломатиялық, одан кейін Діни басқармаға қызметке кеткен еді. Әбсаттар ағай қай қызметте, қай салада жүрсе де сырттай байланысымыз үзілмей, әрдайым байланыста болдық. Дін саласынан 2013 жылы Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтына директор болып келгенде, сол кезде өзім қызмет етіп жүрген Абай атындағы ҚазҰПУ-інің Көптілді білім беру факультетінде «Шығыстану» мамандығы бойынша білімдерін шыңдап жүрген арабтанушы магистранттардың ғылыми диссертацияларына жетекшілік етуге ағайға ұсыныс айттым. Білікті ұстаз Әбсаттар ағай жайлы дәрісханада жиі айтатынмын. Көп уақыт өтпей Әбсаттар ағай жұмысының көптігіне қарамастан, магистранттардың магистрлік диссертацияларына жетекшілік жасауға келісімін берді. Еліміздің шығыстанушылары шапағатын көрген ұстаздың терең білімі мен парасаты болашақ ғалымдардың іздену жолында көп көмегі тиетінін білдім. Айтқандай-ақ, Әбсаттар ағай жетекшілік жасаған жас ғалымдардың жұмысы өзгелерден ерекшеленіп, оқ бойы озық тұрды, жоғары бағаланды. Ә. Дербісәлі жол салған, өзі басы-қасында тұрған зерттеулер бүгінде жалғасын тауып, ғылыми айналымға енуде.

Жылдар тоғысында басымызды тағдыр қайта тоғыстырып, 2014 жылы өзі басшылық жасайтын Шығыстану институтына мені қызметке шақырды. Білікті адаммен бірге қызмет етуге бірден келісімімді бердім. Ұстазымның жанында жүріп, оны жаңа қырынан көре бастадым. Ғылымға қатты берілгені, өзгеше сабыры, сөйлеу мәдениеті ұстаздың биік парасатын байқатады. Тікелей басшым болғандықтан, ағайдың тірі кезінде бұл мақтау сөзімнің бірін де не өзіне, не өзгеге айтпаған екем. Ағай өзін мақтағанды ұната бермейтін еді. Үлкен ғалым бола тұра, баладай нәзік жан дүниесі мен терең пайымды ойларына қайран қалатын ем. Ағай институтта қызмет атқарғанда, көптеген еңбек жазды. Сол кезде еңбектері мен мақалаларының алғашқы нұсқасын маған қарап шығуға ұсынатын еді. Бұл ұстаздың маған ерекше сенім артқанынан болса керек. Мен негізгі жұмысыммен қатар, ұстаздың кез келген еңбегін құлшыныспен қарап, өз ойымды айтып, толықтыруға тырысатынмын. Біраз еңбектеріне пікір де жаздым.

Жұмыс барысындағы әртүрлі мәселелер мен өзге де заман, қоғам жайлы әңгімелесуіміз сағаттарға созылып кетеді еді. Ол кісінің мені қызықтыратын ерекше тақырыбы – Орта Азиядан, қазақ жерінен шыққан ғалымдар. Міне, әңгіме айналып осыған ойысатын да, өзі тауып, зерттеп жүрген жүздеген біздің байтақ өлкеден шыққан ғалымдар жайлы бірінен кейін бірін әңгіме етеді. Зерттеу барысындағы қызықты оқиғаларын әңгімелеуі ерекше-тұғын. Қазақ елінің Шығыс мәдениетімен, әдебиетімен қарым-қатынасы аясында қазақ жерінде дүниеге келіп, білім алып, араб тілінде орасан зор еңбек қалдырған, шығармашылығымен әлемге танылған тұлғалардың өмірімен, туындыларымен бүкіл оқырман қауым академик Әбсаттар қажы Дербісәлінің ерен еңбегінің арқасында жақыннан таныса түсті. Ағай қай жер-

ге қандай да бір іссапарға, жиынға, конференцияларға бара қалса, тарихи жерлерді аралап, кітапханаларды кезіп, қазақ даласынан шыққан біз білмейтін ғалымдар жайлы тың деректер табылар ма деген үмітпен жүретін еді. Қат-қабат жұмыстардың арасында жүріп, ғалым ағамыз жүздеген Орта Азиялық ғалымдардың еңбектерін тапты. Әлемдік өркениетінің дамуына Қазақ топырағында дүниеге келген ғалымдардың қосқан үлесін зерделеуге өмірінің көптеген жылын арнады. Әбсаттар Дербісәлі қазақ халқының көптеген біртуар ұлдарын, қазақ даласынан шыққан тек 30-дан аса әл-Фарабилер, 50-ге жуық Таразилер, Баласағұни деген атпен 10, Сайрами деген лақап атпен 40-тан астам парасат иелерін, сондай-ақ, өзіне ру, жер, қала аттарын ныспы етіп алған, әлем таныған 200-дей ғалымдарымыз бен ғұламаларымызды тапқаны ғылымдағы үлкен жаңалық болды. Ә. Дербісәлі әлемдік ғылым қайраткерлері сусынданған ғылыми орталықтар – Фараб, Тараз, Сығанақ, Кердер, Исфиджаб қалаларының тарихтағы рөлін айқындап берді. Осының барлығы автордың орта ғасырларда Орталық Азия, Таяу және Орта Шығыс елдерінде маңызды қызмет атқарған Қазақ жерінің ұлдары туралы дерек беретін ортағасырлық араб тіліндегі дереккөздерді шетел мұрағаттары, кітапханалары мен қолжазба қоймаларынан іздеп-табуының арқасында жүзеге асты. Ұлттық университетке әл-Фараби атының берілуіне де атсалысқан Ә. Дербісәлінің нақты деректерінің арқасында әлемдік тұлға Әбу Насыр әл-Фарабиге таласушылық, жеке елдердің ұлы ғұламаны иемденуі бәсеңдеді.

Қазақ жерінен шыққан ойшылдардың еңбектерін іздеп, түгендеп, «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегін жарыққа шығарды. Содан кейін Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, «Тарих-и Рашиди» еңбегін қазақ тіліне аударуға үлесін тигізе отырып, «Жаһан наме» дастанын шағатай тілінен тәржімалап, ғылыми айналымға қосты. Бірнеше жылдарға созылған қажырлы еңбегінің арқасында «Мұхаммед Хайдар Дулати. Жаһан наме. Дастан» (2006) еңбегі жарық көрді. Соңғы жылдары ғалымның аударма саласындағы тағы бір көлемді еңбегі Хибадулла ат-Таразидің мұраларын араб тілінен аударып дайындаған «Хибадулла ат-Тарази и его духовное наследие» (2011) еңбегінің маңызы зор.

Шығыстанушы ғалымның әдебиеттанушылық, сыншылық еңбектері әдебиеттанудағы өзекті мәселелерге арналғандығымен маңызды. Ғалымның «Шыңырау бұлақтар: зерттеулер, мақалалар» (1982), «Қазақ даласының жұлдыздары. Тарихи-филологиялық зерттеу» (1995), «Мұхаммед Хайдар Дулати. Өмірбаяндық-филологиялық анықтамалық» (1999), «Қауам ад-Дин әл-Иқани (әл-Итқани) әл-Фараби ат-Түркістани. Өмірі мен мұрасы» (2013) сынды және т. б. еңбектерінде осы кезге дейін беймәім болып келген тұлғалардың есімі ғылыми және көпшілік қауым назарына ұсынылды.

Ғалым «Ежелгі жазба мұралар» атты еңбегінде былай дейді: «Түркілік дәуірді былай қойғанның өзінде, рухани жазба мұрамыздың тек ІХ ғасырдан бергі кезеңнің өзін зерттей берсек, тани білсек, шын мәнінде ұлан-ғайыр екенін көреміз. Біздің жерімізде Отырар, Исфиджаб (Сайрам), Түркістан, Сығнақ, Жент, Баршынкент, Тараз, Меркі, Баласағұн іспетті бірнеше мәдени, ғылыми, әдеби, рухани орталықтар болды» [1, 88-б.].

Талай ғалымдар мен елшілер тәлім алған Әбсаттар қажы ғалымдардың төресі, дін саласының білгірі, терең білімді және қарапайым да, жан-жақты жан еді. Үлкен

өмірге бет алған шығыстанушы, исламтанушы талай шәкірттері бүгінде «Әбсаттар ағайдың шәкіртіміз» деген атты мақтан тұтады. Ілім іздеп әлемді кезген әл-Фараби бабамыздай, Әбсаттар қажы шартарапты кезіп өзіне ғана емес, халқына рухани азық боларлық көп дүниелер жасады.

Көп жылғы зертеулері нәтижесінде араб әдебиеттануы саласында «Араб әдебиеті. Классикалық дәуір» (1982), «Арабоязычная литература Марокко. Основные этапы развития» (1983), «Литература Марокко» (қосалқы авторлар: С. В. Прожогина, О. А. Власова, 1993) секілді салмақты еңбектер мен орта мектептерге және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Араб тілі. 4 сыныпқа арналған оқулық» (қосалқы авторлар: Ж. Тоқмамбаев, М. Шафигов, 1987), «Әл-Мұталаға» (Қ. Лама-Шарифмен бірге, 2004) оқулықтары жарық көрді. Ә. Дербісәлінің арабтану, мағрибтану саласын зерттеушілерге арналған еңбектері көпшілікке беймәлім болып келген Марокко әдебиетінің тарихын егжей-тегжейлі зерттеп, кезеңдерге бөліп, көрнекті өкілдерінің танымал туындыларын талдап көрсетуімен құнды.

Марокконың төл әдебиетінің қалыптасуы XI ғасырдың соңында – XII ғасырдың басында басталды. XII ғасырдың соңы – XIII ғасырда «алдымен Шығыс мұсылман әдебиетіне, кейін Андалусия әдебиетіне» еліктеу ретінде Мағрибті арабтардың жаулауынан кейін пайда болған Марокко сөз өнері өзіндік ерекшелікке ие бола бастады. Әдебиетте танымал жазушылар мен ақындар пайда болды, бірақ классикалық араб тіліндегі әдебиет бұл жерде Андалусиядағы немесе Араб Шығысындағы әдебиет секілді биіктерге көтеріле алмады. Себебі белгілі марокколық ғалым Мұхаммед әл-Фасидің пікірінше: «таза әдебиет марокколықтарда бай түрде көрініс таппаған», себебі классикалық араб тілі сол кезеңде марокколықтар үшін «терең сезімді білдіретін тірі тіл болмаған, оның үстіне Солтүстік Африкада тілдің бұл тармағын үйрету әдістерінің нәтижесі аз болды» [2, 5-6 бб.]. Ә. Дербісәлі Марокконың араб тілді әдебиетін жан-жақты зерттей келіп, әдебиет жанрларына тоқталады. Ә. Дербісәлінің бұл аядағы еңбектері әлі де өміршең.

Ә. Дербісәлі зерттеулерінің бір саласы – дінтанумен байланысты. Бұл ретте «Ислам және заман» (2003), «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» (2003), «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері» (2008), «Қазақстанның мешіттері мен медреселері. IX–XX ғғ.» (2009), «Ислам – религия мира и созидания» (2010), «Қазақстанның діни оқу орындары» (2011), «Тәуелсіз Қазақстанның мешіттері мен діни оқу орындары» (2011), «Islam – Religion of Peace and Creation» (2012), «Жұма мінбері» (2012), «Руханият және өркениет» (2016) секілді монографиялық еңбектері мен көптеген ғылыми-зерттеу мақалалары бірнеше тілдерде жарияланды. «Дін, Отанды сүю және ынтымақ пен бірлік» атты мақаласында ғалым: «Имандылыққа бет бұрған ізгі ниетті мұсылман үшін киелі ұғымдардың бірі – елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік. Олай болса, Отанды құрметтеу де мұсылман баласы үшін қасиетті парыз саналады» [3, 46-47 бб.], – деп Отан ұғымының қадір-қасиетіне ерекше мән береді. «Тәуелсіздік тартуы» мақаласында осы ойын одан әрі дамыта отырып, «имандылыққа ұйытуда, дініміздің парасат пен ізгілік секілді т. б. рухани тазалыққа шақыратын бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарын насихаттауда үгіт-насихат құралдарының рөлі зор. Оны ең әуелі мектептен бастау керек. Мектеп бағдарламаларында «имандылық сабақтарын» кіргізіп, үлкенді сыйлау, өзгеге қиянат жасамау, жанындағыларға тек жақсылық істеу секілді халқымыз ежелден

ардақтап келе жатқан биік моральдық құндылықтарды балғындардың бойына ерте бастан, үйрету қажеттігін баса айтады [4, 78-б.].

Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз Ә. Дербісәлі туралы бұдан да көп айтуға болады. Ұлы тұлға, оның ғылыми жетістіктері туралы да біраз жазылды. Ол кісімен сөйлесудің өзі кез келген адам үшін үлкен әсер қалдырады. Бұл оның туа біткен табиғи болмысынан, тәлімді тәрбиесінен, үлгі-өнеге тұтатын, аузынан тастамай, ерекше бір тебіреніспен еске алатын ұстазы, әйгілі арабтанушы-ғалым Юрий Николаевич Завадовский сынды тұлғалардан дарыса керек. Бізде ұлы ұстаздан үйренуге, игі қасиеттерін бойымызға дарытуға тырыстық. Ұстазды әрдайым ерекше ықыласпен еске аламыз. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деп ұлы Абай айтпақшы, мен де өзімнің шығыстану іліміне ден қойғанда, басқа ұстаздарыммен қатар, Ә. Дербісәлідей ұстаздан ғибрат алғанымды, бірге қызмет жасағанымды мақтан тұтамын.

Кеудесі қазынаға толы ғалым тірі болғанда өмірі өнегелі ұстаздың әлі де жазары мен айтары, ұрпаққа берері көп еді. Ұстаз қаламынан тұшымды, салмақты еңбектер туар еді. Ғылымда жүріп өткен ізі ірі болғанмен, адамдар арасында қарапайым, мейірімді, кең жүректі ұстазымыздың бейнесі есімізде мәңгі сақталады.

Әдебиеттер

1. *Дербісәлі Ә.* Ежелгі жазба мұралар // Дербісәлі Ә. Руханият және өркениет (Зерттеулер мен мақалалар). – Алматы: Атамұра, 2016. – 712 б. – 88–91 бб.

2. *Дербисалиев А. Б.* Арабоязычная литература Марокко: Основные этапы развития. – Алма-Ата: Наука, 1983. – 218 с.

3. *Дербісәлі Ә.* Дін, Отанды сүю және ынтымақ пен бірлік // Дербісәлі Ә. Руханият және өркениет (Зерттеулер мен мақалалар). – Алматы: Атамұра, 2016. – 712 б. – 46–58 бб.

4. *Дербісәлі Ә.* Тәуелсіздік тартуы // Дербісәлі Ә. Руханият және өркениет (Зерттеулер мен мақалалар). – Алматы: Атамұра, 2016. – 712 б. – 46–88 бб.

Статья посвящена особому вкладу выдающегося востоковеда А. Дербисали в разностороннее изучение источников, особенностям его трудов, поисков и 46 открытий. Приведенные в статье примеры свидетельствуют о том, что А. Дербисали в своих многочисленных работах затрагивал, наряду с часто акцентуруемыми, также проблемы, которым другие ученые, как правило, уделяли недостаточно внимания. А. Дербисали доказал, что культурное наследие казахов намного богаче, глубже и разнообразнее, чем это представлялось прежде. Он упорядочил и ввел в научный оборот имена большого количества ученых и мыслителей казахской земли, живших в X–XVIII вв.

В статье рассматривается творчество и богатое научное наследие выдающегося ученого А. Дербисали. Подробно анализируется гражданская личность, глубокие знания ученого, его вклад в науку, духовность и культуру.

The article is devoted to the special contribution of the outstanding orientalist A. Derbisali to the comprehensive study of sources and the features of his works, searches

and 46 discoveries. The examples given in the article indicate that A. Derbisali in his numerous works, along with the often emphasized ones, also touched upon the problems to which other scientists, as a rule, did not pay enough attention. A. Derbisali proved that the cultural heritage of the Kazakhs is much richer, deeper and more diverse than it was imagined before. He streamlined and introduced into scientific circulation the names of a large number of scientists and thinkers of the Kazakh land who lived in the X–XVIII centuries.

The article examines the creativity, scientific heritage and cultural personality of the outstanding scientist A. Derbisali. The civil personality, deep knowledge of the scientist, his contribution to science, spirituality and culture are analyzed in detail.

ШЕЙХ АБСАТТАР ХАДЖИ ДЕРБИСАЛИ О СОКРОВИЩАХ ИСЛАМСКОЙ КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Забывтое и утраченное культурное наследие имеет для науки XXI века огромную ценность. Перед отечественными учеными стоит ряд задач по исследованию письменных памятников давних времен в области исламоведения. Об этом пишет ученый Абсаттар хаджи Дербисали в своих трудах. Сам он внес большой вклад в развитие исламоведения в Казахстане и за рубежом.

Абсаттару хаджи Дербисали удалось привезти из Турции богатейший материал об ученых и мыслителях средневекового периода Казахстана, времени расцвета исламской цивилизации: «Мы все же считаем, что ислам тонизировал средневековую исламскую науку, и она не случайно именуется исламской наукой» [1, с. 22].

Больших успехов в развитии исламской науки достигла Турция. Ученый с теплотой и гордостью пишет о турецком народе как о братском, сумевшем сохранить и приумножить ценнейшие труды исламской культуры, собранные с разных уголков страны. Это не только письменные источники, но и вещественные, которые являются бесценными сокровищами в мире ислама. В качестве примера для подражания он приводит Стамбульский центр изучения ислама (ISAM), где хранятся исламские издания со всего мира, которые систематизируются, дополняются и популяризируются. Тщательность в подходе к изучению религии подтверждает изданная этим центром 38-томная «Исламская энциклопедия».

Исследование Абсаттаром Дербисали трудов отечественных ученых, выходцев из крупных культурных центров – Отрара, Сыгнака, Дженда, Тараза свидетельствуют о богатом культурном наследии Казахстана.

В частности, он пишет о том, что ученых только в Отраре насчитывается более 30, после известного учителя Востока Абу Насра ал-Фараби. По подсчетам Абсаттара Дербисали, известно 72 труда этого ученого на арабском языке, они хранятся в библиотеках Турции, а также на турецком языке на данный момент издано 18 трудов, на английском – 7. Каждый источник содержит перевод, приводится количество страниц и место их нахождения. Такие данные ценны для науки, особенно молодым ученым. Печально, как отмечает автор, что нам не известна личная жизнь ученого и отсутствует библиография его трудов, но работы аль-Фараби актуальны как никогда.

Если же говорить о других ученых, живших после него в Отраре, то вопросами лингвистики занимались: Абу Ибрахим, Абу Ибрахим Исхака, Мухаммад ибн Хусайн ал-Фараби, освещали религиозные вопросы: Ага Хасан ал-Фараби (перевод «ал-Хидайи»), Бурхан ад-дин Ахмад ибн Хафс ибн Йусуф ал-Фараби («Залат ал-кари», о правилах рецитации Священного Корана); о вопросах исламской религии писал Абу-л-Касим Махмуд ибн Ахмад ал-Фараби («Халисат ал-хака'ик»).

Глубока и интересна история о Кавам ал-дин ал-Иткани ал-Фараби ат-Туркестани, который был имамом. Он был родом из города Иткана, недалеко от Туркестана. По приглашению главы города Каира преподавал в медресе Сургатмиш, которое действует и по сей день. Знакомство этого ученого с трудами Хаджи Халифы

и ‘Умара рида Каххала позволило ему расширить знания о жизни и деятельности ученых и мыслителей средневековья. По одним источникам, иканского мудреца называли Амир Катиб, по другим – Лутфуллах, ал-Утрари, Кавам ад-дин Абу Ханифа, Амир Катиб Абу Муххаммад ибн гази ал-Иткани ат-Туркистани, Кавам ад-дин ал-Фараби ал-Иткани. Добавлением «ал-Фараби» и «ат-Туркистани» подчеркивается его происхождение из этих городов. Абсаттар Дербисали подробно дает описание полного имени и выделяет его благородный род: «Абу Ханифа – кунйа, Кавам ад-дин – его почтенное имя, Лутфаллах – его личное имя, Амир Катиб означает, что он был прекрасным каллиграфом. Имя его отца – Амир ‘Умар ал-‘Амид. Имя деда – ал-‘Амид Амир Гази. Значит, часть имени “Амир” указывала на его благородное происхождение» [2, с.132].

Труды Кавам ал-дин ал-Иткани ал-Фараби ат-Туркистани, по сведениям Абсаттара Дербисали, состояли из двух частей: первая написана им самим, вторая – это его комментарии к трудам ученых Средней Азии, в которых он раскрывал вопросы шариата, проводил четкую линию между шариатом и религией, мазхабами и миллатом, особое внимание уделял истихсану. Внимание заслуживает его сборник «Ал-Хидайа», включающий в себя четыре раздела. Он описывает путешествия в Дамаск и Каир, подробно описывает внутренне убранство медресе Сургатмиш в Каире.

Вызывает восхищение тот факт, что когда Абсаттар хаджи Дербисали написал статью о Кавам ал-дин ал-Иткани ал-Фараби ат-Туркистани, жители Иткана, прочитав ее, построили в своем городе в честь своего земляка мечеть. Абсаттар Дербисали лично присутствовал на ее открытии. Настолько трепетно местные жители проявили дань уважения к своему предку. Это еще раз подчеркивает значимость науки и ее открытий.

По сведениям Абсаттара Дербисали, в многотомном труде «Литературный сборник по определению скрытых имен» известного средневекового хадисоведа Камал ад-дин ‘Абд ар-Раззак ибн Ахмад ал-Багдади аш-Шайбани ал-Хабали сохранились сведения об ученых-отраровцах в дополнение к вышесказанному, а также описания средневековых городов Казахстана: Исфиджаба, Саурана, Имила, Сайрама и т. д.

Среди отраровцев можно отметить ‘Умдат ад-дин Абу Талиб Мухаммад ибн ‘Абд ал-‘Азиз ибн Ахмад ибн ‘Абд ад-Рашид ал-Утрари, прекрасно читавшего Коран; ‘Ала’ад-дин Абу-л-Харис Арслан ибн Да’уд ибн ‘Али ал-Утрари ал Му’аддил ал Факиха, занимавшегося научной деятельностью в области ал-фикх и ал-адаб; учитель Кавам ад-дина ал-Иткани ал-Фараби ат-Туркистани был известен под именем Умрик из Иткана – Хусам ад-дин ал-Фараби.

Это наследие наших предков послужит в дальнейшем для будущих исследователей началом их профессиональной карьеры и пополнит культурный фонд страны.

С учеными-отраровцами мы познакомимся, но что Абсаттар Дербисали говорит о кердерийцах? Город Кердер входил в государство Хорезм, которое находилось вблизи реки Сырдарья, богатейшей страны, куда ислам проник еще в начале VIII века. Хорезм славился своими культурными центрами. Выходцами из этой славной земли, покорившей мусульманский мир своими научными достижениями, были специалист по арабскому языку и литературе Абу-л-Касим аз-Земахшари и математик Мухаммад ибн Муса ал-Хорезми. В источниках о кердерах говорится, что Хорезм дал много ученых. Одним из них является ‘Абд ал-Кадир ибн Лукман ал-Кердери –

Светоч имамов, который изучал мусульманское право и занимал должность судьи в сирийском городе Халаб. Его труды в основном посвящены вопросам фикха. Сочинение «Шарх ал-джами‘ ас-сагир ва-джами‘ ал-кабир» получило признание ученых того времени. Автор постоянно акцентирует внимание на взглядах других ученых, приводя примеры. Кердерскому мудрецу Шамс ал-А’имма Мухаммад ибн Му‘Абд ас-Саттар ал-Кердери не было равных в знаниях шариата. Во времена правления Караханидов титул главного судьи (факих) Ислама занимали двое судей из Кердера – Шамс ал-А’имма Мухаммад ибн Му‘Абд ас-Саттар ал-Кердери и его племянник Мухаммад ибн Махмуд ал-Кердери Хахар-Заде. Кердерийцы расширили и углубили сокровищницу исламской культуры.

Абсаттар хаджи Дербисали в своих материалах пишет и о туркестанских мудрецах, он считает, что они из города Тараза. Этот древний город знаменит своей историей и культурой. Из этих мест известен ученый-ханафит Хибатталах ибн Ахмад Му‘алла ибн Махмуд Шуджа‘ ад-дин ат-Туркистан, получивший образование в Дамаске у ал-Хаббази. Родом из Ходжента, в дальнейшем он становится учителем в медресе Каира. Он составил научные комментарии к трактатам ученого-ханафита из Египта Абу Джа‘фар Ахмад ибн Мухаммад ибн Саллам ибн‘Абд ал-Малик ал-Азди ат-Тахави, достиг высокой степени учености и совершенства в исламской науке и славился своей порядочностью. На его родине центральная мечеть названа в его честь. Всего же автор упоминает 12 ученых из Тараза.

Говоря об ученом из Сыгнака Хусам ад-дин Хусайн ибн‘Али ибн Хаджадж ал-Ханафи ас-Сыгнаки, автор отмечает его образованность, прекрасное владение арабским языком, рассказывает о его преподавании в медресе при мавзолее Имама Абу Ханифы в Багдаде и разъяснении к «ал-Хидайе».

Об ученых из Женда сведений сохранилось мало, поэтому автор в основном указывает только названия их трудов.

Что касается города Баласагуна – столицы государства Караханидов, то, по мнению доктора исторических наук А. К. Муминова, «Караханиды возглавили союз тюркских племен, уже принявших ислам. В науке отмечена определяющая роль отдельных проповедников в распространении ислама среди жителей внутренних районов Центральной Азии...» [3, с. 146]. Абсаттар хаджи Дербисали выделяет в Баласагуне только одного ученого, Йусуфа Баласагуни, и его поэму «Кутадгу билик». Сведения по другим ученым малоизвестны.

Исторически так сложилось, что в связи с распространением ислама кочевники постепенно отходили от язычества и примыкали к рядам мусульман: «Язычники становились на сторону ислама довольно охотно, поскольку это усилило им некоторые преимущества: ослабление налогового бремени, большую свободу и пр.» [4, с. 75]

В связи с быстро развивающимися событиями языком науки становится арабский. Незнание восточных языков и отсутствие доступа к исследованиям вызвало ряд проблем в изучении культурного наследия наших предков. Приводя пример турецких коллег, ученый-исламовед Абсаттар Дербисали говорит о создании в Казахстане своей энциклопедии исламской культуры, где будут собраны труды наших ученых.

Исследования Абсаттара хаджи Дербисали позволили сделать вывод о том, сколько ученых и мыслителей, родившихся на нашей земле, внесли вклад в раз-

витие исламской науки: «Сегодня назрела необходимость включения этих имен в государственную программу культурного наследия. Настало время для изучения и публикации этого научного наследия казахского народа» [2, с. 87].

Стоит отметить, что, посетив разные страны и изучив рукописи ученых и мыслителей эпохи средневековья, ранее неизвестные в научных кругах, Абсаттар хаджи Дербисали обогатил сокровищницу исламской культуры в Казахстане и получил широкое признание в научной среде как у нас, так и за рубежом.

Литература

1. *Косиченко А. Г.* Цели и содержание познания в мировых религиях // XII веков развития исламской науки и культуры в Казахстане: Сборник статей. Материалы международной научно-практической конференции (Алматы, 25 сентября 2013 года.) – Алматы, 2014. – С. 22.

2. *Шейх Абсаттар хаджи Дербисали.* Ислам – религия мира и созидания. Теологическо-религиоведческие, историко-филологические исследования, статьи, размышления, доклады и интервью. Астана: ТОО «Издательство АСТ Полиграф», 2011. – 516 с.

3. *Муминов А. К.* Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии / под ред. С. М. Прозорова. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 400 с.

4. *Баландина Е. Г.* Религиоведение: Учебное пособие. – 2-е изд., перераб. и доп. – Волгоград: Изд-во ВАГС, 2002. – 112 с.

Бұл мақала Әбсаттар қажы Дербісәлінің жарияланымдары негізінде жазылған ислам мәдениетінің дамуына өз үлестерін қосқан қазақ жерінен шыққан Ортағасырлық ғалымдар мен ойшылдарға арналған.

This article is devoted to scientists and thinkers of the Middle Ages, people from the Kazakh land, who contributed to the development of Islamic culture on the basis of the publications of Absattar Haji Derbisali.

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ, ЖАҚЫСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Шығыстану ғылымының шыңына біткен шынары, мәңгілік сөнбейтін шырағы, дін қайраткері, ұлы ғалым, ұлағатты ұстаз, шығыстанушы, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлінің жарқын бейнесі жалпының жадында жатталып, ғылыми мұрасы хатталып, ұшан теңіз еңбегі мәңгілік сақталып, жаңа буынға жаңғырып отыруы лазым.

Ол Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының төрағасы әрі Бас мүфти аса мәртебелі лауазымынан бас тартып, ғылыми-шығармашылық жұмыстармен шұғылдану мақсатында 2013 жылы біздің ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры болып тағайындалды. Халықтың жүрегінен жылы орын алған Әбсаттар қажының атағы мен абыройына әбден қанық біздің ұжым ұлы тұлғаны құрметпен қарсы алды. Шығыстанушы ретінде Шығыс елдерінің ерлеріне тән салмақтылық пен ағалық мейірімі, жылы шырайы анадан жаныңды жібітіп, өзіне баурап тұратын. Дүбәрә діндерге ұрынбаған таза қазақы мұсылманшылықтың иісі аңқып тұрушы еді. Аллаға деген тақуалығын сыртқы келбетіне емес, ішкі жан дүниесіне орнатқан ғұламаның ғұмыр кешу салты кәдімгі көптікіндей болатын. Ханға да, қараға да қайырымы мен мейірімі төгіліп тұратын қарапайымдылықтың соншалықты қасиетті, соншалықты құдіретті екенін ұстазға қарап білгендей болдық... Атағынан ат үркетін абыздың қарапайымдылығына тәнті болып, тәлім алдық.

Әбсаттар ағай келген кездері гуманитарлық ғылымдар саласында үлкен сілкініс тудырған «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы жүргізіліп жатқан болатын. Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты жанындағы Тарихи материалдарды зерттеу бойынша республикалық ақпараттық орталығы осындай аса жауапты жұмысты қолға алып, мемлекеттік тапсырыстар бойынша тарихи дереккөздерді әкелу, түгендеу, каталогтау, жүйелеу, цифрландыру сияқты күрделі жұмыстарды жүргізіп бастады. Бұл бағдарламаның алдындағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде Қазақстанның тарихы мен мәдениеті бойынша әлемнің әр түкпірінен әкелінген құнды құжаттар әркімнің қолында шашырап жатқан болатын. Мемлекеттің қолдауымен әкелінген архивтік материалдарды түгендеу, реттеу, жүйелеу мақсатында құрылған бұл орталыққа көптеген қолжазбалар келіп түсті. Орталық басшысы Меруерт Қуатқызының тапсырмасы бойынша маған араб елдерінен әкелінген арабтілді қолжазбаларға талдау жасау керек болды. Бұл қолжазбалардың Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қаншалықты қатысы бар, әкелінген құжаттардың маңызы мен құндылығы және т. б. талаптар бойынша министрлікке хат дайындау қажет. Араб елдеріне барып, біздің орталыққа арабтілді қолжазбаларды тапсырған ғалымдар профессор Әбсаттар Дербісәлі және Шәмшәдин Керім болатын.

Шығыстану ғылымында аса салмақты арабтанушы мұндай ғалымдардың еңбегіне талдау жасау жоғары жауапкершілікті қажет ететінін мен түсінгенмен тапсырма солай. Сондықтан да әкелінген құжаттарды түгендеп, маңызы мен мәнін

ашуға тырысып бақтым. Жасаған талдауларымды, тапсырылған қолжазбалардың тізімі мен атауларын транскрипциялап, аударып, жасаған жұмыстарымды директорымыз Әбсаттар ағайға алып бардым. Осы сәттерде ағайдың ақылмандығы мен кемел кеңесіне қанығып, көп нәрсе үйрендік. Бұл қолжазбалар біздің орталықтың құнды құжаттары ретінде сақтаулы тұр. Осы әкелінген қолжазбалар бойынша Ағайдың жетекшілігімен көптеген магистранттар мен докторанттар диссертациялық жұмыстарын жазып, ғылыми айналымға енгізу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Тарихи материалдарды зерттеу бойынша республикалық ақпараттық орталығында қазіргі таңда араб тіліндегі 116 қағаз түріндегі (PDF форматта) қолжазба мен 6 қолжазбаның микрофильмі келіп түскен болатын.

Бұның ішінде 90 қолжазбаны профессор Ә. Б. Дербісәлі Түркия Республикасынан әкелген. Қолжазбалар Түркияның Миллет Женел кітапханасы, Сүлеймания кітапханасы, Фатих кітапханасы, Аясофия кітапханасы, Баязит кітапханасы, Анталия Текелиоглы кітапханаларының қорларынан табылған. Бұлар қазақ жерінен шыққан, түркі текті, түркі-қыпшақ есімді әл-Фараби, әл-Кердери, ас-Сифнақи, әл-Баззази, әл-Итқани, әл-Исбиджаби, ас-Сайрами, әл-Баздауи, әл-Хужанди, әл-Женди сияқты ғұлама ғалымдардың еңбектері болып табылады. Бұл еңбектер Ислам дінінің Ханафия мазхабын, ақида, фатуа, рисала, фикх ілімдерін зерттеуге және математика, философия сияқты ғылымдарды меңгеруге арналған. Бұл қолжазбалар қазақ жерінен шыққан ғұлама ғалымдарды зерттеу үшін маңызды еңбектер болып табылады.

Сондай-ақ орталықтағы 116 қолжазбаның 27-сін профессор Шәмшәдин Керім тапсырған. Бұл қолжазбалар Египеттің әл-Азһар кітапханасы мен Мысыр кітапханасынан табылған жәдігерліктер. Бұл еңбектердің ішінде Исламның ақида, фикх, таухид, сопылық пен ахлақ ілімдері туралы материалдар бар. Сонымен қатар мұнда Египеттегі мәмлүктердің ел билеуі кезіндегі сұлтандар жөнінде және Қайтбай сұлтан, Барысбай әмір, черкес сұлтандарының қорлары туралы мәліметтер бар. Мысыр кітапханасынан алынған 6 микрофильмде Итқанидың еңбектері және Ислам ілімдеріне қатысты кітаптар мен Қайтбай сұлтанның ұрпақтарының билігі туралы мәліметтер бар. Бұл әкелінген қолжазбалар мәмлүк қыпшақтарының ел билеуі, олардың саяси ұстанымы жөнінде зерттеулер жүргізуге және Исламның Ханафия мазхабының Орта Азия елдеріне таралуына жол салған қазақ жерінен шыққан ғұлама ғалымдардың еңбектерін танып білуге өте маңызды тарихи материалдар болып табылады.

Бұл қолжазбалардың кейбірі әлемдік ғылыми айналымда зерттеліп, көпшілікке танылған. Бірақта қазақ топырағынан шыққан ғалымдардың еңбектерінің қазақ ғылымында аты аталып қана жүргені болмаса, нақты ғылыми айналымға түскен емес. Сондықтан да шетелдерден әкелінген бұл қолжазбаларды зерттеп, тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толтыру бүгінгі күннің мәселелерінің бірі болып табылады.

Әбсаттар Дербісәлі Түркиядан әкелген жазба жәдігерліктер туралы көлемді мақала жариялап, бұл құжаттардың алғашқы таныстырылымы жайлы өзі жазған болатын. Бұл мақалада Қазақстан аумағынан шыққан ойшылдар мен ғалымдардың еңбектерін түгендеуге көп назар аударған. Әсіресе, Сыр бойындағы қалалардан шыққан түркітекті ғалымдардың Түркияды сақталған еңбектеріне басымдық береді.

Бұл қолжазбалардың қайда сақталғанын айтқанымен, оларды отанымызға әкелді ме ол жағы нақты айтылмаған.

Осы мақалада Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты жанындағы Тарихи материалдарды зерттеу бойынша республикалық ақпараттық орталығына Әбсаттар Дербісәлінің Түркиядан әкеліп тапсырған нақты материалдардың тізімін беріп өтуді жөн көріп отырмыз (Қосымшада).

Әбсаттар қажы Дербісәлі әлем таныған тарихи тұлға. Қазақ елінің шығыстану ғылымының қалыптасуы, дамуы, жетілуі жолында өлшеусіз еңбек сіңірген ғұлама ғалым.

Институт басшысы болған жылдары Меруерт Қуатқызының жетекшілігімен «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынып, жұмысын бастады. Алғашқы 2019 жылы Ресейге жолдама болды да, келесі 2020 жылғы жоспар бойынша Ағаймен бірге Мысырға бару жоспарда болған еді. Ағай кабинетіне шақырып алып, қандай дереккөздерді іздестіруіміз керек екендігін талқылап, қандай кітапханаларға баратынымызды жоспарлап, Елшілікке хат дайындап та қойған едік. Енді барамыз деп жиналып жүргенде бүкіл әлемді жайлаған тәжтажал індеті басталып кетіп, бүкіл жер жаһан оқшауланып, карантин басталып кетті. Сондықтан бұл ғылыми экспедиция 2-3 жылға шегеріліп, әлемде тыныштық орнағанша тоқтатылатын болды.

Ағаймен бірге болған отырыстар мен жиын-тойларда «біздің өз асабамыз бар, Бағдат өзі басқарады» деп маған асабалықты зор сеніммен артып қоюшы еді. Талай жерде тағылымды сөзін айтып, ақ батасын беріп, алқалы жиынның төріндегі төресі бола білді. Ата қанымен, ана сүтімен берілген бойындағы тектілігі, бектігі, өзін өзі ұстау мәнері, киім киісі, жүріс-тұрысы, сөз саптауы, ой түйюі барлығы біздің буынға үлгі-өнеге болып қала бермек.

Алты Алаштың Абызы, діннің діңгегі, шығыстанудың шыңы, арабтанудың ақсақалы, ұлы ұстаз, ғұлама ғалым Хазіреті Әбсаттар қажы Дербісәлі әлемді жайлаған індеттің кесірінен көз жұмды. Қазақ ғылымының қабырғасы сөгіліп, қаралы жұрт қайғы жұтты. Ұлт ұстазының артында қалған мыңдаған шәкірттері шарасыз күй кешіп, дұғасын жасап, құран бағыштады. Дін қайраткерінің жаны жәннаттан жәй тапсын! Ағайдың жарқын бейнесі жадымыздан өшпейді! Ғалымның хаты, жақсының аты ешқашан өлмейді!

Тарихи материалдарды зерттеу бойынша республикалық ақпараттық орталығына профессор Әбсаттар Дербісәлінің Түркиядан әкеліп тапсырған электронды нұсқадағы материалдарының тізімі:

| № | Автор (аты-жөні) | Шығарманың аты/жылы/қаласы | Тілі | Көлемі (Беті) | Файл аты | Сақталған орны (Кітапхана қоры) |
|----|------------------------|--|-------|---------------|-------------------|--------------------------------------|
| № | 1 | 2 | 3 | | 4 | 5 |
| 1. | Сайд әл-Ғаус ар-Рифағи | اوراد الرفاعية 1316 هابيروت، مطبعة الأديبة- \Рифаи дереккөзі Аурад әл-Рифа‘ия | عربية | 98 | AEarb20 11 (2) | Millet Genel Kutuphanesi- 2011 |

| | | | | | | |
|-----|---|---|-------|-----|-------------------|---|
| 2. | Ахмад ибн Мухаммед ибн Ахмад ибн Жағфар ибн Хамдан ибн Абу Бакр Әбу әл-Хусайн әл-Кудури | شرح القدرى للاسبيجاي Испиджабиге әл-Кудуридің түсіндірмесі. Шарх Мухтасар әл-Кудури ли-л Исбиджаби | عربية | 561 | Fe795 (2) | Millet Genel Kutuphanesi Feyzullah 795 |
| 3. | Әбу Наср Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фараби | فصوص الكبير و صغير Үлкен және кіші тараулар. Фусус әл-кабир уа ас-сағир | عربية | 228 | Fe1265 (3) | Millet Genel Kutuphanesi Feyzullah 1265 |
| 4. | Сулейман әл-Кардари | شرح المضرية Жәйсіз түсіндірмелер Шарх әл-мудуррийа | عربية | 87 | ASIREF ENDI302 | Süleymaniyye Kütüphanesi. Aşir Efendi 302 |
| 5. | Маулана Хусам ад-Дин ас-Сигнақи | التسدید فی شرح التمهید لأبی المعین النسفی Аби Муин Ан-Насафи алғысөзі түсіндірмелеріне үстеме түсініктеме. Әт-Тасдид фи Шарх ат-тамһид Абу әл-Му'ин ан-Насафи | عربية | 431 | Esadefendi3893 | Esat et №3893 |
| 6. | Нажм ад-Дин Әбу Яғқуб Юсуф ибн Ахмад әл-Хажжи | كتاب فتاوي الصغرى Кішірек бәтуалар кітабы. Китаб әл-фатауа ас-суғра | عربية | 403 | Fatih237 5 | Fatih Kutubhanesi |
| 7. | Абу Насыр аль-Фараби | مجموعة الرسائل Рисалалар жинағы. Маджму'ат ар-рисаил | عربية | 199 | Ayasofya 4854 | Ayasofya |
| 8. | Абу Насыр аль-Фараби | مجموعة الكتب فى الحكمة و غيرها Үкімдер және басқаларға кітап жинағы. Маджму'ат әл-кутуб фи Хикамият уа ғайриһа | عربية | 593 | Ayasofya 4855 | Ayasofya |
| 9. | Имам Әбу Жағфар Ахмад ибн Мұхаммед ат-Тахауи (қайт.321h) | مختصر الطحاوى فى فروع الحنفية Ханафий тармақтарына ат-Тахауидің қысқартулары Мухтасар ат-Тахауи фи Фуру' әл-Ханафийа | عربية | 351 | Carullah 682 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 10. | Абу Насыр аль-Фараби | كتاب القياس كتاب اصلاح المنطق ليعقوب الإسرائىلى Өлшем кітабы. Израйлдык, андалусиялық Якубтың логиканы жөндеу туралы кітабы. | عربية | 71 | Carullah 1349 | Millet Genel Kutuphanesi |

| | | | | | | |
|-----|---|--|-------|-----|---------------------|----------------------------|
| | | Китаб әл-киас, Китаб Истилах әл-мантиқ ли-Иа'қуб әл-Исраилий әл-Андалуси | | | | |
| 11. | Ибн аль-Баззази | جامع الفتاوى Бәтуалар жинағы. Жами' әл-фатауа | عربية | 941 | Damadib rahim701 | Süleymaniyye Ktp |
| 12. | Қиуамуддин Әмир Катиб әл-Фараби әл-Итқани. | مجموعة الرسائل (كتاب ادب القاضي، الانتصار لأئمة اخيار.....) Рисалалар жинағы (Қази әдебінің кітабы, ізгі (...имамдардың жеңісі. Маджму'ат ар-рисаил (Китаб адаб әл-кади, әл- интисар ли-А'иммат Ахиар) | عربية | 257 | Fatih226 9 | Süleymaniyye Ktp |
| 13. | Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Ахмад әл- Атғани әл- Халаби | رسالة الكواكب الدرية Жарқыраған ғаламшарлар рисаласы. Рисала әл-Қауакиб ад- дария | عربية | 340 | B3472_J PG | Bayazet Genel Kitapligi |
| 14. | Тадж ад-дин Абд ал-Ғафур әл-Кардари | (جلد الاول من) المفيد في المزيد في شرح التجريد (Бірінші мұқаба) абстракцияны түсіндіруде пайдалы. әл- Муфид фи әл-мазид фи шарх ат-таджрид | عربية | 575 | B18846_ JPG | Beyazid devlet ktp |
| 15. | Имам әл- Факиһ Ахмад әл-Хужанди әл-Исбижаби | (الاول و الثاني من) شرح مختصر الطحاوي (Бірінші және екінші) әт- Тахауи Шарх Мұхтасары (түсіндірмесі). Шарх Мухтасар ат- Тахауи | عربية | 760 | B18868_ JPG | Beyazid devlet ktp |
| 16. | Аль-Қауамад- дин аль- итқани аль- Фараби | شرح ملتقى الأجدد Әбжадпен танысуға түсіндірме. Шарх Мултақа әл-Абхур | عربية | 766 | B18872_ JPG | Beyazid devlet ktp |
| 17. | Әбу Юсуф Абд ас-Салам ибн Мұхаммед ибн Юсуф әл- Кардари | تقويم الهداية من البداية الى النهاية مختصر في أصول الفقه Мұсылмандық кұқықтанулары негізінде басынан аяғына дейін қысқаша күнтізбелік нұсқаулық. Тақуим әл-һидаия мин әл-бадаия, Мухтасар фи усул әл-фиқһ | عربية | 114 | B18944_ JPG | Beyazid devlet ktp |

| | | | | | | |
|-----|--|---|-------|------|-------------------------------------|-----------------------------|
| 18. | Хусамад-динас-Сығанақи | (الجلد الاول من) النهاية فى شرح الهداية (Бірінші мұқаба) Нұсқаулықты түсіндірудің соңы. ан-Ниһайя фи шарх әл-һидаия | عربية | 418 | Bdk_veli yyuddin1 315_JP G | Beyazid devlet ktp |
| 19. | Хусам ад-динас-Сығанақи | (الجلد الثانى من) النهاية فى شرح الهداية (екінші мұқаба) Нұсқаулықты түсіндірудің соңы. ан-Ниһайя фи шарх әл-һидаия | عربية | 727 | V1317_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 20. | Хусам ад-дин Сығанақи | (الجلد الثانى من) النهاية فى شرح الهداية (үшінші мұқаба) Нұсқаулықты түсіндірудің соңы. ан-Ниһайя фи шарх әл-һидаия | عربية | 633 | V1318_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 21. | Яхия ибн Юсуф ас-Сайрами | حاشية سيرامى على المطول Ас-Сайрамиге терең түсініктеме. Хашийат Сайрами ‘ала әл-Мутаууал | عربية | 283 | V2775_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 22. | Хаммад ибн Исмаил аль-Жаухариаль-Фараби | صاح الجوهرى واللغة Әл-Жаухаридің сахих кітабы және оның тілі. Сихах әл-Жаухари фи әл-Луға | عربية | 636 | V3119_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 23. | Абу Насыр аль-Фараби | فصوص الحكم Үкім тараулары. Фусус әл-хикам | عربية | 189 | Residefe ndi1229 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 24. | Әбул-Қасым Махмуд ибн Ахмад ибн Әбул-Хасан әл-Фараби | كتاب خالصة الحقائق في علم الفقه Фикх ғылымындағы таза ақиқат кітабы. Халисат әл-хақаййк ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа’ик | عربية | 490 | НасиМаһ mud EF 1563 | Suleymaniye Kutuphanesi |
| 25. | Әбул-Қасым Махмуд ибн Ахмад ибн Әбул-Хасан әл-Фараби | خالصة الحقائق Фикх ғылымындағы таза ақиқат. Халисат әл-хақаййк ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа’ик | عربية | 967 | Amcazad ehuseyn 276 | Süleymaniyye Ktp |
| 26. | Әбул-Қасым Махмуд ибн Ахмад ибн Әбул-Хасан әл-Фараби | (جلد الاول) هذا كتاب خالصة الحقائق في التصوف (Бірінші былғары) Бұл сопылық туралы таза ақиқат кітабы. (Джилад әл-аула) һада | عربية | 1046 | AYASO FYA 1776 | Süleymaniyye Ktp |

| | | | | | | |
|-----|-------------------------------------|---|--------|-----|---------------------|--------------------------|
| | | кітап халисат әл-хақайық фи әл-тассауф | | | | |
| 27. | Кауамад-динәл-Итқани | كتاب التبيين في شرح المنتخب Таңдалғанды түсіндірудегі нақтылау кітабы. Кітаб ат-Табййн фи шарх әл-Мунтақаб | عربية | 3 | Carullah Ef 508 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 28. | Итқани | قصيدة الصفا في علم قرص الشعر للاتقانی (علم النحو) Әл-Итқанидің шаш алу ғылымындағы қылыш өлеңі (грамматика). Қасидат ас-Сафа фи 'илм қард аш-ша'р | عربية | 21 | DamatIbrahimPs 1151 | Süleymaniye Ktp |
| 29. | Кауамад-динәл-Итқани | رسالة في علم الحساب (اللباب) Арифметика туралы трактат (кіріспесі). Рисала фи 'илм әл-хисаб | عربية | 12 | YeniCam i 301 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 30. | Ахмад ибн Хайдар әл-Харири әл-Курди | تفسير سورة الاخلاص Ықылас сүресінің тәпсірі. Тафсир сурат әл-Ихлас | عربية | 68 | CARUL LAH98 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 31. | Имам ас-Сығнақи | التسديد في شرح التمهيد Кіріспе түсіндірмелеріне терең түсініктеме. ат-Тасдид фи Шарх ат-тамһид | عربية | 561 | CARUL LAH488 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 32. | Қауам ад-Дин әл-Фараби әл-Итқани | شرح البزوى Әл-Баздауидің түсіндірмесі. Шарх әл-Баздауи | عربية | 380 | CARUL LAH489 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 33. | Имам ас-Сығнақи | التسديد في شرح التمهيد Кіріспе түсіндірмелеріне терең түсініктеме. ат-Тасдид фи Шарх ат-тамһид | عربية | 319 | CARUL LAH516 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 34. | Имам Ахмад ибн Мансур әл-Исбижаби | شرح الطحاوى ат-Тахауиге түсініктемелер. Шарх ат-Тахауи | عربية | 671 | CARUL LAH683 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 35. | Ибн Сина | مجموعة الرسائل لابن سنا Ибн Сина шығармаларының жинағы. Маджму'ат ар-расаил ли-Ибн Сина | عربية | 137 | FATIH5 316 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 36. | | مجموعة الرسائل (عشرة) Рисалалар жинағы | عثمانى | 347 | HHAYRI - | Süleymaniye kütüphanesi |

| | | (оныншы) Маджму'ат ар-расаил | | | ABDEF1 46 | |
|-----|---|--|-------|-----|-------------------------------|-----------------------------|
| 37. | Әбу әл-Бурһан Шамс әл- Аимма Мұмаммед ибн Абдуссаттар әл-Кардари | الحق المبين في ادحاض شبهة المبطلين Құқығы жартылай бұрмалаушыларды теріске шығару нұсқаулығы. Әл-Хақ әл- мубин фи идхадд шубһат әл-мубтилин | عربية | 176 | LALELI 2424 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 38. | Хафизуддин ан-Насафи | شرح الزدوى әл-Баздауиге түсіндірме. Шарх әл-Баздауи | عربية | 517 | YENICA MI324 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 39. | Әбул-Қасым Махмуд ибн Ахмад ибн Әбул-Хасан әл-Фараби | خالصة الحقائق Таза ақиқаттар... Халисат әл-хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа'иқ | عربية | 966 | AMCAZ ADEHU SEYN27 6 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 40. | Әбул-Қасым Махмуд ибн Ахмад ибн Әбул-Хасан әл-Фараби | خالصة الحقائق لما فيه من اسباب النقائق Таза ақиқаттар... Халисат әл-хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа'иқ | عربية | 809 | A- tekeliogl u771 | Antaliya Tekelioğlu |
| 41. | Яхия ибн Юсуф ас- Сайрами | حاشية المطول السيرامي Ас-Сайрамиге түбегейлі түсіндірмелер. Хашиат әл-Мутаууал | عربية | 716 | AYASO FYA436 9 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 42. | Әбу Наср әл- Фараби | مجموعة الرسائل في الفلسفيات Философиядағы рисалалар жинағы. Маджму'ат ар-раса'ил фи әл-фәлсафийат | عربية | 326 | AYASO FYA483 9 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 43. | Фахрул-Ислам әл-Баздауи | كتاب الشامل في شرح أصول الفقه Фикһ негіздерін түсіндіретін толыққанды кітап. Китаб аш-Шамил фи шарх усул әл-фикһ | عربية | 554 | CARUL LAH500 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 44. | Сейид Исмаил әл-Фараби | شرح فصوص المعلم الثاني Екінші мұғалімнің тарауларын түсіндіру. Шарх фусус әл-му'алим ас-сани | عربية | 224 | CARUL LAH104 2 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 45. | Әбул-Файд Мұхаммед ибн Хаж Хайдар әл-Куфи (21- беттегі мәтін арасында) | حدائق الأخبار في حقائق الأخبار Жаңалық фактілерінде жақсы жігіттердің бақтары. Хада'иқ әл- ахйяр фи хақа'иқ әл- ахбар | عربية | 600 | KILICA LIPASA 698 | Süleymaniye kütüphanesi |

| | | | | | | |
|-----|--|--|-------|------|---|-----------------------|
| 46. | Хусам ад-Дин Хусайн ибн Али ас- Сығнаки | مختصر في شرح تمهيد بقواعد التوحيد Таухид ережелерінің кіріспесіне қысқаша түсініктеме. Мухтасар фи шарх тамһид би- кауа'ид ат-тауһид | عربية | 315 | B3078_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 47. | Хафиз әл- Кардари | رسالة الردية في مناقب إمام أعظم Имам Ағзамның имандағы діннен безумен күрес рисаласы. ар-Рисала ар-радийа фи манакиб Имами Ағзам | عربية | 96 | B5196_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 48. | Таһир ибн Мұхаммед әл- Фараби | دوان الملك الفصحاء والشعراء Талғампаздар мен ақындар патшасының диуаны. Диуан әл-Мулук әл-фусаха' уа аш-шу'ара' | عربية | 184 | B5689_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 49. | Ибн әл-Фадл Мұхаммед ибн Ахмад әл- Хужанди | شرح المختصر الطحاوی Ат-Тахаудің қысқаша түсіндірмелері. Шарх әл-мухтасар ли-ат- Тахауи | عربية | 610 | B18869_ JPG | Beyazid devlet ktp |
| 50. | Әмир Катиб әл-Итқани | غاية النيان في شرح الهداية Түзу жүру түсіндірмесінің қысқаша баяны. Ғаййят әл-баййан фи шарх әл-һидаййа | عربية | 1680 | B18903_ JPG | Beyazid devlet ktp |
| 51. | Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Мустафа ибн Қады Ахмад | شروط الجلالية Парасаттылық шарттары. Аш-Шурут әл-Жалалина | عربية | 629 | B18904_ JPG | Beyazid devlet ktp |
| 52. | Қауам ад-дин әл-Итқани | التبيين في شرح المنتخب لأحسكى әл-Ахсакидің таңдаулы түсіндірмелеріне баяндама. ат-Табийн фи шарх әл- мунтахаб ли-әл- Ахсикати | عربية | 235 | BDK_vel iyuuddin 994_.jpg | Beyazid devlet ktp |
| 53. | Мұхаммед ибн Ахмад ибн Юсуф Баһауддин Әбул-Мағани әл-Исбижаби | شرح القدرى Әл-Қудуридің түсіндірмелері. Шарх әл-Мухтасар ли- әл-Қудури | عربية | 343 | BDK_vel iyuuddin 1176_.jpg | Beyazid devlet ktp |
| 54. | Ас-Сығнаки | (الجلد الثاني والثالث من) النهاية في شرح الهداية ан-Нихаййаның түзу жолы түсіндірмелерінің соңы. фи шарх әл- һидаййа | عربية | 689 | BDK_vel iyuuddin 1316_.jpg V1318_J PG | Beyazid devlet ktp |

| | | | | | | |
|-----|---|---|-------|------|------------------------|-----------------------------|
| 55. | Қауам ад-Дин Әмир Катиб Әмир Омар әл-Фараби әл- Итқани | رسالة في ترك رفع اليدين Қолды көтеру туралы рисала. Risala fi tark raf'a әл- идаийн | عربية | 40 | V1620_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 56. | Мухиддин Әбу Абдулла Мұхаммед Әбу Али ибн Мұхаммед ибн әл-Араби әл- Андулуси..... | مجموعة الرسائل Risalalar жинағы Маджму'ат ар-раса'ил | عربية | 650 | V1821_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 57. | Үзінді | Белгісіз шығармадан үзінді 2 бет | عربية | 2 | V1919_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 58. | Яхия ибн Юсуф ас- Сайрами | حاشية مطول في فن المعاني Мағына өнеріне түбегейлі түсіндірулер. Хашиат Мутаууал фи фәни әл-ма'ани | عربية | 812 | V2773_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 59. | Ахмад ибн Омар ибн Осман әл- Женди | Белгісіз | عربية | 308 | V2933_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 60. | Хусам ад-Дин ас-Сығнақи | كتاب النجاح في الصرف والنحو Морфология мен грамматикадағы табыс кітабы. Китаб ан-Наджаһ фи ас- сарф уа әл-наху | عربية | 89 | V3082_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 61. | Исхақ ибн Ибраһим Әбу Ибраһим әл- Фараби | دوان الادب في اللغة Тіл мәдениеті диуаны Диуан әл-адаб фи әл-луға | عربية | 498 | V3105_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 62. | Әбу Наср Исмаил ибн Хаммад әл- Жауһари | әл-Жауһари шығармасы. Жауһари Сихах әл-Жауһари | عربية | 1215 | V3118_J PG | Beyazid devlet ktp |
| 63. | Мұхаммед ибн Мустафа әл- Уани | صاح الجوهري (جلد الأول) مطبوع әл-Жауһари шығармасы. (алғашқы басылған нұсқасы) Сихах әл-Жауһари | عربية | 752 | VM3728 - 183_JPG | Beyazid devlet ktp |
| 64. | Мұхаммед ибн Мустафа әл- Уани | صاح الجوهري (جلد الثاني) مطبوع әл-Жауһари шығармасы. (екінші басылған нұсқасы) Сихах әл-Жауһари | عربية | 864 | VM3729 - 184_JPG | Beyazid devlet ktp |
| 65. | Сахиб ән- Ниһая ли әл- нидия ас- Сығнақи | الكافي في شرح البرزوي في أصول الفقه Фикһ мәселесіне қатысты әл-Баздауидің жеткілікті түсіндірмесі. | عربية | 456 | CARUL LAN490 | Millet Genel Kütüphanesi |

| | | | | | | |
|-----|---|---|--------|-----|--------------------|--------------------------|
| | | әл-Кафи фи шарх әл-Баздауи | | | | |
| 66. | Хафизуддин әл-Баззази әл-Кардари | كتاب المناقب إمام اعظم ابو حنيفة Имам Ағзам Әбу Ханифаның қасиеті туралы кітап Китаб әл-манакиб ли-Имам Әби Ханифа | عربية | 272 | CARUL LAH1630 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 67. | Бурханиддин Ахмад ибн Әбу Хафс ибн Юсуф әл-Фараби | مقدمة الأدب Әдебиетке кіріспе Муқаддимат әл-адаб | عربية | 572 | DAMAD IBRAHI M1149 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 68. | Мұхаммед Камалуддин Харири Заде | فتح الأسرار شرح ورد الستار Деректі перделеп тұрған түсіндірмелердің құпиясын ашу. Фатх әл-асрар шарх уард ас-Сатар | عثمانی | 219 | DUGUM LUBAB A523 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 69. | Хусамиддин Әбул-Мафахир Омар ибн Бурһан әл-Исбижаби | كتاب المختصر فى الخلافيات Түсінбеушіліктердің мұхтасар кітабы. Китаб әл-мухтасар фи әл-Хилафийат | عربية | 620 | FATIH2 130 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 70. | Имам Исбижаби | الوقاية Ескерту. Әл-Викаййа | عربية | 212 | KASIDE CIZADE 725 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 71. | Хафиз Мустафа афанди | الجامع المنقول (الكتب المشهورة) Толыққанды көшірмелер (танымал кітаптар) әл-Жами‘ ан-нақул | عربية | 541 | LALAIS MAIL706 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 72. | | دعاء عظيم لالفرايى. الابتهاج لمحمد بن الترحمان السخاوى..... Фарабиге арналған ұлы дұға. Мұхаммед ибн ат-Туржуман ас-Сахауидің «Әл-Ибтихадж» кітабы.... Ду‘а ‘азим ли-әл-Фараби | عربية | 173 | SEHIDA LIPASA 537 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 73. | Маулана аш-Шайх Али Даст | كشف الأسرار Құпияларды ашу. Кашф әл-асрар | فارسی | 373 | SEHIDA LIPASA 1385 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 74. | Мирзажан | حاشية على إثبات الواجب Міндеттемені растауға сілтеме. Хашийа ‘ала Исбат әл-уаджиб | عربية | 217 | SEHIDA LIPASA 1584 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 75. | Әбу Наср әл-Фараби | مجموعة الرسائل (فى الفلسفة 5. اتفاق رأى الحاكمين) Рисалалар жинағы (философиядағы 5 хакім | عربية | 371 | SEHIDA LIPASA 2841 | Süleymaniye kütüphanesi |

| | | | | | | |
|-----|--|---|--------|-----|----------------------------------|-----------------------------|
| | | пікірлерінің келісімі) Маджму'а ар-риса'ил | | | | |
| 76. | (Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Кардари) Мұхаммед ибн Омар әл-Халаби | مناقب امام اعظم ابی حنیفة Имам Ағзам Әбу Ханифаның қасиеттері. Манақиб Имам Ағзам Әби Ханифа | عثمانی | 449 | TAHIRA GATEK KE299 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 77. | Әбул-Қасим Юсуф | خالصة الحقائق Таза ақиқаттар. Халисат әл-хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа'ик | عربية | 278 | HACI MAHM UD EF (1766-) | Süleymaniye kütüphanesi |
| 78. | Махмуд ибн Ахмад әл-Фараби | خالصة الحقائق Таза ақиқаттар. Халисат әл-хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа'ик | عربية | 446 | NAFIZ PASA (382-) | Süleymaniye kütüphanesi |
| 79. | Махмуд ибн Ахмад әл-Фараби | خالصة الحقائق Таза ақиқаттар. Халисат әл-хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа'ик | عربية | 267 | RESID EFENDI (374-1) | Millet Genel Kütüphanesi |
| 80. | Әбул-Қасим Махмуд ибн Ахмад ибн әл-Хусайн әл-Фараби | خالصة الحقائق Таза ақиқаттар. Халисат әл-хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа'ик | عربية | 626 | RESID EFENDI (375-) | Millet Genel Kütüphanesi |
| 81. | Әбул-Қасим Махмуд ибн Ахмад ибн әл-Хусайн әл-Фараби | Таза ақиқаттар. Чистые истины Халисат әл-хақайқ ли-ма фиһи мин асалиб ад-дақа'ик | عربية | 810 | A- TEKELI OGLU (771-) | Süleymaniye kütüphanesi |
| 82. | Әбу Зайд Убайдулла ибн Омар ибн Иса ад-Дабуси | كتاب التوقيم في أصول الفقه Фикһ негіздері бойынша күнтізбелік кітап. Кітаб әт-тақуим фи усул әл-фикһ | عربية | 16 | Laleli 690 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 83. | Әл-Итқани әл-Фараби | شرح البرزوى Әл-Баздауи түсіндірмелері. Шарх әл-Баздауи | عربية | 9 | Carullah Efendi 487 | Millet Genel Kütüphanesi |
| 84. | | Белгісіз еңбекте кездесетін әл-Фараби аты бар 3 беттік жазба | عربية | 3 | Carullah Efendi 509 | ? |
| 85. | Әл-Итқани әл-Фараби | Белгісіз еңбек | عربية | 6 | DamadIb rahimPas a 625 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 86. | | Белгісіз | عربية | 6 | DamadIb rahimPas a 626 | |

| | | | | | | |
|-----|---------------------|---|-------|-----|---------------------------|----------------------------|
| 87. | әл-Фараби Әл-Итқани | منظومة الدرر Өлеңнің інжу-маржаны. Мәнзумат әл-дуар | عربية | 101 | Laleli 1328 | Süleymaniye kütüphanesi |
| 88. | | Белгісіз | عربية | 1 | Laleli 1189 | |
| 89. | | Белгісіз | عربية | 6 | Sehid Ali Pasa 1924 | |
| 90. | | كتاب الطهارات Таһарат (тазалық) кітабы. Китаб әт-таһарат | عربية | 457 | HaletEfe ndi 116 | |

This article presents memories of a Scientist, Great Teacher, Orientalist, Academician, Doctor of Philological Sciences, Professor Absattar Derbisali and his work on source studies. Attached to the article is a list of electronic materials, transferred by Academician Absattar Derbisali to the Republican Information Center for the Study of Historical Materials at R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies brought by him from Turkey.

В данной статье представлены воспоминания об ученом, великом учителе, востоковеде, академике, докторе филологических наук, профессоре Абсаттаре Дербисали и его работы по источниковедению. К статье прилагается список электронных материалов, переданные академиком Абсаттаром Дербисали Республиканскому информационному центру по изучению исторических материалов при Институте востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, привезенные им из Турции.

ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІНІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Отандық ғылым мен білім кеңістігінде шығыстану саласы ғалым-ұстаз, білікті басшы, қайраткер тұлға Әбсаттар Дербісәлі есімімен тығыз байланысты. Қазақ елінде тарихы терең көне Шығысты зерттеу, оның қиын да қырсыры мол тілдері мен мәдениетін үйрену ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басынан-ақ ұлт қайраткерлерінің назарын аударып, өзекті мәселе санатында күн тәртібінде тұрғанмен оны бірден жүзеге асыруға мүмкіндік туған жоқ. Оның себептері бірнеше: саяси, экономикалық, идеологиялық т. б. Сол кедергілердің бірі, әрі салдары маман тапшылығы болды. Таяу Шығыс пен Қиыр Шығыс, Оңтүстік Азия мен көршілес Орта Азия ғана емес, Батыс елдерінің де мұрағат, кітапхана қорларында сақталған қазақ халқының тарихы үшін құнды жазба деректерді тауып, оқып-зерттейтін, Шығыс елдері тілі мен мәдениетін меңгеріп, дипломатиялық қарым-қатынас орнататын мамандар дайындау мемлекеттік маңызы бар мәселе болғаны белгілі. Осы істің басында өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңынан күні кешеге дейін белгілі ғалым Әбсаттар Дербісәлі тұрды.

Болашақ шығыстанушы ғалым Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі 1947 жылы он бесінші қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Куйбышев (Ақбиік) ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Высокое (Шақпақ баба) елді мекенінде орта мектепті бітірген соң ол Мұхтар Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының (қазіргі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті) филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1969 жылы үздік бітіріп шығады. Араб тілін оқуды ең алғаш мектеп жасында бастаған ол білімін осы институт қабырғасында ұстазы Әділ Ермековтен алған дәрістері арқылы жетілдірген. Институт Ғылыми кеңесі дәл осы жылы өз шешімімен жас маманды Қазақ ССР Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасында оқуға жібереді. Қазақ әдебиетінің тарихын оның фольклорынан бастап жаңа және қазіргі заманға дейін зерделейтін бұл ұжым – жас ғалымның болашақ ғылыми бағытын көрсетіп берген орта. Елде шығыс халықтарының, оның қатарында араб тілі мен әдебиетін зерттеуші мамандар жоқтың қасы болғандықтан Ғылым академиясы оған Мәскеуге оқуға жолдама береді. Осы жолдама оның тек ғылымдағы ғана емес бүкіл ғұмырының мәні мен мазмұнын анықтап берген жолдама болды, себебі, КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институты – Азия және Африка елдерін кешенді зерттейтін ғылыми ойдың әлемдік деңгейде танылған ортасы. Әбсаттар Бағысбайұлы бұл институтта араб филологиясы саласындағы атақты ғалымдардан – академик Б. Г. Гафуров, кандидаттық диссертациясына жетекшілік еткен Ю. Н. Завадовский, Г. Ш. Шарбатов сынды профессорлардан дәріс алып, араб тілі мен әдебиетін зерттеудің методологиясын меңгереді.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Мәскеуде аспирантурада оқу, ғылыми ортада қарым-қатынас жасау, диссертация қорғау кез келген жастың қолынан келетін іс

болмағаны белгілі, табиғатынан зерек, дарынды маман сондай білікті де тәжірибелі ғалымдардың алдынан жан-жақты білімді, кең масштабта ойлайтын, аса еңбекқор, әрі табанды зерттеуші болып шықты.

Аспирантурада оқи жүріп 1975–1976 жылдары кандидаттық диссертациясының материалын жинау мақсатында Марокко Корольдігінің астанасы Рабат қаласындағы V Мухаммад атындағы университетте біліктілігін арттырды. Әбсаттар Бағысбайұлының кандидаттық жұмысы XX ғасырда ғылыми ортаға да, әдеби қауым арасында да белгісіз нысан Марокко әдебиетіне қатысты болды. Ғалым Марокконың Африканың солтүстігіндегі Францияның отары ғана емес, төл әдебиеті мен әдеби дәстүрі бар ел де екенін дәлелдеп, зерттеуін сәтті қорғап шықты. 1976 жылы Алматыға оралып, өзіне ғылыми жолдама берген М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жұмысқа орналасты. Ал 1977 жылы сол кездегі С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне шақырылып, оқытушылық жұмысқа ауысты.

Сол 1977 жылы қазақ оқу-ағарту саласы мен мәдени өмірінде үлкен өзгеріс, тың оқиға болды. Алғаш рет республикада филология факультетінің құрамынан араб бөлімі ашылып, ал ол бөлім кейіннен араб филологиясы кафедрасына айналды. Ә. Дербісәлі сол бөлімде алғашқы араб тілінің оқытушысы болып, студенттерге өзі сабақ берді. Филология факультетінің қазақ бөліміне оқуға түскен он екі студенттен жеке топ құрып, оларға араб тілінің қыр-сырын үйретті. Осы Шығыс тілдері филологиясы кафедрасы Азия және Африка елдерінің тарихы кафедрасымен бірге шығыстану факультетінің ашылуына негіз болды. Университетте Әбсаттар Бағысбайұлы сексенінші жылдардың басында филология факультеті деканының орынбасары, кафедра меңгерушісі сияқты әкімшілік жұмыспен оқытушылық қызметті қатар атқарды. Араб бөлімінің алғашқы түлектері қолдарына диплом алғанда ғалым қазақ орта мектептерінде араб тілін жеке пән ретінде енгізуді ұсынып, өзі алғаш болып мектепке араб тілі оқулығын жазуды қолға алды. Қазақ ССР Оқу министрлігі жанындағы шығыстанушылардың әдістемелік кеңесіне жетекшілік ете жүріп 2–11 сынып оқушыларына арналған араб тілі бағдарламасы мен оқу құралдарының дайындалуын жүзеге асырды. Араб тілін тек Алматы қаласы ғана емес, республиканың бірқатар облыстарында да оқуға мүмкіндік туды.

Сексенінші жылдар Әбсаттар Бағысбайұлының шығыстанушы-арабист маман ретінде жан-жақты танылған, өскен жылдары болды, нақтырақ айтқанда ол 1985–1986 жылдары ғылыми ізденіспен Тунис Араб Республикасына барып аз-Зайтуна университетінде біліктілігін арттырды, 1986–1988 жылдары КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының докторантурасында оқып, жаңа заманғы Марокко араб әдебиетін зерттеумен айналысты. 1988 жылы диссертациясын Ғылыми кеңес алдында сәтті қорғап, қазақстандық шығыстану саласында тұңғыш филология ғылымдарының докторы дәрежесіне ие болды. 1989 жылы Әбсаттар Бағысбайұлы профессор атағын алды. Ғылымдағы осы биік табыстар оның туған елінің болашағына, қоғамға қызмет етуіне үлкен серпін берді.

1989 жылы университеттің өз алдына дербес құрылымы ретінде шығыстану факультеті ашылды, оның алғашқы деканы ретінде Ә. Дербісәлі тағайындалды. Факультет бір күнде қалыптасқан жоқ, біртіндеп дамыды, араб бөлімінен кейін парсы,

қытай, жапон, корей, түрік, урду, хинди бөлімдері бірінен соң бірі араға жылдар сала отырып пайда болды. Тәуелсіздікке жаңа ғана қол жеткізіп жатқан жас мемлекетте жаңа ұжым үшін шетелдік білімі бар мамандарды тауып, жұмысқа орналастыру, жас факультеттің нығаюы тәрізді жауапкершілік іскер басшының ғана қолынан келетіні түсінікті, осы жұмыстарды Әбсаттар Бағысбайұлы шебер ұйымдастырушы ретінде жүзеге асырды.

Өзінің кейінгі жылдарғы естеліктерінде айтқанындай, қайраткер ғалым, білікті ұстаз Қазақстан тәуелсіздігіне аянбай қызмет етті, бұл еңбек нәтижелі болып, өз жемісін берді. Қазақстандық шығыстану алдына айқын мақсат қойып, ғылым мен білім, мәдениет, халықаралық саладағы шығыстану болып қалыптасты.

Шығыстану факультеті қазіргі таңда бакалавриаттан бастап магистратура, докторантура деңгейінде бүкіл Қазақстан Республикасына шығыстанушы мамандар дайындайтын базалық факультет саналады. Факультет түлектері еліміз бен шығыс елдерінің түпкір-түпкірінде әр салада қызмет етіп жүр. Олар – ең алдымен білім мен ғылым, мәдениет саласы, мемлекеттік органдар, халықаралық қатынастар және т.б. Қай салада еңбек етіп жүрсе де олар шығыстанушы маман ретінде ұстаздарының есімін ризашылықпен атайды.

Шығыстанушылар ең алдымен жас қазақ мемлекетінің дипломатия саласына қажет болғанын ерекше айту қажет, себебі, елімізде арнайы дипломаттар дайындайтын факультеттер болған жоқ, ал шығыс тілдері өз алдына жеке оқу процесі арқылы меңгерілетіні белгілі. Қазіргі күні Қазақстан Республикасының шығыс елдеріндегі елшіліктері мен консулдық бөлімдерінің қай-қайсысында да факультет түлектері туған елінің мүддесі үшін еңбек етуде, олардың арасында Әбсаттар Бағысбайұлының өзінен дәріс алған шәкірттері жиі кездеседі.

Шығыстану факультетінің құрылуы, қалыптасуы филология ғылымдарының докторы, академик Әбсаттар Дербісәлі есімімен тығыз байланысты болғандықтан қазір білім алып жатқан студенттер де өздерін ғалымның шәкіртіміз деп санауына толықтай негіз бар, себебі, бүгінгі студенттерге ғалым-ұстаздың шәкірттері дәріс береді. Әбсаттар Бағысбайұлының дәрісін тыңдап, тәрбиесін көрген оқытушылар өздерінің мойнындағы жауапкершілікті жақсы түсінеді және ұстаздарының аманатын абыроймен атқаруға тырысуда.

Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы ҚазМУ, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлінің ғылымда ассистенттік қызметтен бастап ғылым докторы, профессор дәрежесіне, әкімшілік, басқару ісінде деканның орынбасарынан проректор қызметіне дейін өскен, білікті басшы, шебер ұйымдастырушы, қоғам қайраткері болып қалыптасқан орта. Бойындағы бар қажыр-қайратын – терең білімі мен жастық күш-қуатын, ізденімпаздығын, табиғатынан берілген дипломатиялық қабілетін Әбсаттар Бағысбайұлы университеттің оқу-білім, ғылыми-зерттеу, тәрбие мен тілдерді дамыту, халықаралық қатынастар салаларын дамытуға жұмсады. ҚазМУ-дің жалпы алғанда халықаралық саладағы қарым-қатынастары, соның ішінде шығыс елдерімен байланысы тәуелсіздікке дейін-ақ профессор Ә. Дербісәлінің ұйымдастыруымен орнады. Себебі, ол кафедра меңгерушілігімен қатар университеттің халықаралық қатынастар және тілдерді дамыту бойынша проректоры ретіндегі қызметті абыроймен атқара жүріп студенттер

мен жас ғалымдардың, профессор-оқытушылар құрамының тек Шығыс қана емес, Батыс елдері университеттерінде тағлымдамадан өтуіне, ғылыми конференцияларға қатысуына баса көңіл бөліп отырды. Оның бұл саладағы жұмысына Москвада оқыған жылдары және шетелдік ыссапарлары кезінде әріптестерімен орнатқан байланыстары көп ықпал етті. Араб, кейіннен парсы, қытай, жапон, корей т. б. бөлім студенттері өздері оқып жатқан шығыс тілдері бойынша білімін сол елдердің өзіне барып тереңдетіп, тәжірибеден өтуіне жағдай жасалды.

Ғалымның шығыстану саласындағы осы ұйымдастырушылық, басшылық тәжірибесі мен білімі кейіннен тұтастай қазақ қоғамының қажетіне жұмсалды. Мемлекет басшысы тәжірибелі шығыстанушы-арабист, білікті дипломат ретінде оған елдің руханият саласын жаңғыртып қана қоймай, оны заманауи сипатта дамытуды сеніп тапсырды. Қай салада еңбек етсе де Әбсаттар Бағысбайұлы өзі басқарған саласының айналасын дана Абай айтқандай «теп-тегіс, жұмыр етіп» ұйыстыра білді. Жас мемлекеттің саяси тәуелсіздігімен қатар келген рухани тәуелсіздігінің дәстүр мен дәуірге сай болуына бар білімі мен білігін арнады және ол еңбегі де бүгін жемісін беріп отырғаны баршаға аян.

Факультет деканы, оқытушы ретінде Әбсаттар Бағысбайұлы – шәкірттерінің жүрегіне мәңгіге із қалдырған ұстаз, бұрынғы студент, бүгінгі мамандар оның бойындағы тек өзіне тән ерекше қасиеттерін тебірене еске алады. Ұстаздың алғаш көрген студенттердің бәрін бірдей таңғалдырған қасиеті – бір көрген адамын, оның аты-жөнін ешқашан ұмытпайтындығы еді. Факультеттің әр бөлімінде оқитын бар студенттің қай облыс, қай ауданнан мектеп бітіріп келгені, фамилиясы мен аты-жөні оған күнде сабақ беріп отырғандай жадында тұратын. Әбсаттар Бағысбайұлы кез келген басшының бойынан табыла бермейтін кішіпейілдігі, қарапайымдылығымен ғалым-ұстаз шәкірттерінің ерекше ықыласына бөленді. Ол әр студенттің жағдайына жеке-жеке көңіл бөліп, өтінішін тыңдай білді, «Ұлық болсаң – кішік бол» деген қағиданы қатаң ұстанды, осының барлығы оның ғалымға тән зиялылығы, ұстазға тән сабырлығы, табиғатынан өзіне ғана тән әдебі мен мәнерімен ұштасып, тұлғасын шәкірттерінің көз алдында биіктете берді.

Әбсаттар Бағысбайұлы басшылық, оқытушылық қызметтің жүгі қанша жауапты болса да, өзінің сүйікті ісі – ғылыми жұмысынан бір күн де қол үзген жоқ. Қызмет бабы, ғылыми конференция, форумдарға барған шығыс елдеріндегі сапарларында ғалым Мәуараннаһрдан шыққан ойшылдар еңбектерін, Тұран даласына қатысты қолжазбалар мен сирек басылымдарды іздеп-табуды биік мақсатына айналдырды. Әр сапары барысында алып қайтқан құндылықтар жайлы халыққа алдымен баспасөз бетіндегі мақалалары, одан соң ғылыми баяндамалары, монография, очерктері арқылы қызықты да пайдалы білім таратып отырды.

Көне қазақ даласынан шығып еңбектерін араб, парсы тілдерінде жазған ойшылдар жайлы зерттеулер жазу, олардың қазақ ғылымы мен мәдениетінің тарихы үшін құндылығын зерделеу, оны тарату, таныстыру ғалымның өмірлік мұратына айналды, әрбір тапқан тың материалы оған тың серпіліс беріп, шабыттандыра түсті және өзі де осы жауапты да абыройлы істі үнемі насихаттаумен болды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Ә. Дербісәлінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының аясы іргелі, пәнаралық ғылым шығыстанудың

бірнеше саласын – классикалық және қазіргі заманғы араб филологиясы, деректану, тарихнама, исламтануды бір-бірімен өзара тығыз байланыста жүйелі зерделеуімен ерекшеленеді. Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының төрағасы қызметін атқарған жылдары ғалым сол салаға қажетті тақырып ретінде көне қазақ даласына ислам діні мен мәдениетінің келуі, таралуының тарихына көп үңілді, көлемді монографиялар жариялап, осы салада да ғылым кадрларын дайындауға үлкен мән берді. Ислам тек дін емес, терең ғылым, өркениет бастауы екенін зерттеу еңбектерінің нысаны ретінде көп қозғады. Ұзақ жылдар бойғы ізденіс пен тер төгу нәтижесінде «Қазақ даласының жұлдыздары», «Ислам жауһарлары мен жәдігерліктері», «Руханият және өркениет», «Ислам және заман», «Хибатулла ат-Тарази», «Ислам: религия мира и созидания» сынды монографиялары, төрт жүзден аса ғылыми, теориялық және практикалық зерттеу мақалалары мен очерктері, сұхбаттары университетте оқитын жастар ғана емес, жалпы ғылым мен білімге құштар оқырманның қолындағы мол қазына.

Академик, шығыстанушы ғалым, дипломат, қоғам қайраткері Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлінің бейнесі шәкірттерінің жадында ең алдымен аяулы ұстаз ретінде сақталады, себебі ол шәкірт жүрегіне жол тапқан, өшпес із қалдырған ұстаз. Ғалымның өмірі енді өзі оқытып-тәрбиелеген шәкірттерінің жадында берген тәлімі, мол ғылыми мұрасы, мазмұнды еңбектері арқылы жалғасады. Өмірге үлкен миссиямен келіп, ол миссияны кіршіксіз атқарған Тұлғаның есімі қазақстандық шығыстанумен қатар Тәуелсіздік арқасында мәңгі жасай береді деп сенеміз.

This article tells about the tireless work of Absattar Derbisali: from the Assistant at the Al-Farabi Kazakh National University to the Professor, Doctor of Science; from the Deputy Dean for Administrative and Management Affairs to the Vice rector. The formation of the Faculty of Oriental Studies is inextricably linked with the Doctor of Philology, Academician Absattar Derbisali. In addition, he set as his goal the search for the works, manuscripts and rare publications of the Maverannahr thinkers related to the Turan steppe.

В данной статье рассказывается о неутомимой работе Абсаттара Дербисали, начиная с ассистентской службы в нынешнем Казахском национальном университете имени аль-Фараби до степени доктора наук, профессора, от заместителя декана по административному, управленческому делу до должности проректора. Становление и создание факультета востоковедения неразрывно связано с именем доктора филологических наук, академика Абсаттара Дербисали. Кроме того, ученый ставил своей высокой целью поиск трудов мыслителей Мавераннахра, рукописей и редких изданий, относящихся к Туранской степи.

**ӘБСАТТАР ДЕРБІСӘЛІ
ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МЕЗГІЛДІК КӨРСЕТКІШІ
ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ
АБСАТТАРА ДЕРБИСАЛИ**

Қазақ және орыс тілдерінде

Кітаптар. Монографиялар

1. Араб тілі: 4 кл. арналған оқулық / Ә. Дербісәлиев. – Алматы, 1980. – 67 б.
2. Әл-Фарабидің эстетикасы. (Оқу құралы) Эстетика аль-Фараби. Учебное пособие / Ә. Дербісәлиев. – Алматы, 1980. – 67 б.
3. Фарабитану арнайы курсы: [Университеттер мен пед.институттардың филол. фак. арналған бағдарлама] Фарабиеведение: [Программа спецкурса для студентов филфака и востфака] / Ә. Дербісәлиев. – Алматы: ҚазМУ, 1981. – 14 б.
4. Араб әдебиеті: Классикалық дәуір / Ә. Дербісәлиев. – Алматы: Мектеп, 1982. – 208 б.
5. Араб тілі. Оқу құралы (Учебник арабского языка) / Ә. Дербісәлиев, Ж. Токманбаев, М. Шафиғов. – Алматы: Мектеп, 1982. – 143 б.
6. Шыңырау бұлақтар: Зерттеулер, мақалалар (Глубокие родники: Исследования, статьи) / Ә. Дербісәлиев. – Алматы: Жазушы, 1982. – 255 б.
7. Арабоязычная литература Марокко. Основные этапы развития / А. Дербисали. – Алма-Ата: Наука, 1983. – 218 с.
8. «Мың бір түн» елінде: Очерктер. Әңгімелер (В стране «1001 ночи»: Очерки, рассказы) / Ә. Дербісәлиев. – Алматы: Жалын, 1986. – 184 б.
9. Араб тілі: 4 кл. арналған оқулық (Учебник арабского языка. 4 класс) / Ә. Дербісәлиев, Ж. Токманбаев, М. Шафиғов. – Алматы: Мектеп, 1987. – 110 б.
10. Эволюция марокканской арабоязычной словесности VIII–XX вв.: Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – М.: Наука, 1987.
11. Ежелгі араб елінде (На древней арабской земле) / Ә. Дербісәлиев. – Алматы: Балауса, 1992. – 272 б.
12. Литература Марокко / А. Дербисали, О. А. Власова, С. В. Прожогина. – Москва. Наука, 1993. – 318 с.
13. Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби / А. Дербисалин, К. Н. Нарыбаев, А. Есдаулетов и др. – Алматы: Кайнар, 1994. – 352 с.
14. Араб тілі: 5 класс / Ә. Дербісәлиев. – Алматы: Рауан, 1993. – 110 б.
15. Қазақ даласының жұлдыздары: тарихи-филологиялық зерттеу (Звезды казахских степей: историко-филологическое исследование) / Ә. Дербісәлиев; кіріспе сөзін жазған Ә. Жәнібеков. – Алматы: Рауан, 1995. – 239 б.
16. Мухаммед Хайдар Дулати: өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. Мухаммед Хайдар Дулати: биобиблиографический справочник / Құраст. Ә. Дербісәлиев. – Алматы: М. Х. Дулати қоғамдық қоры, 1999. – 160 бет. (Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).
17. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Ә. Дербісәлінің 2000 жылдың маусымы мен 2001 жылдың маусымы аралығында

атқарған басты іс-шаралары (1). Хроника деятельности Верховного муфтия, Председателя Духовного управления мусульман Казахстана А. Дербисали с июня 2000 г. по июнь 2001 г. (1) / Ә. Дербісәлиев. – Алматы, 2001. – 48 б. (Қазақ, орыс тілдерінде).

18. Ислам және заман: Сұхбаттар мен мақалалар, жол-жазбалар мен әдеби зерттеулер. Ислам и время: Интервью, статьи, путевые заметки и литературные исследования / Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2003. – 560 б. – (Қазақ, орыс тілдерінде).

19. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Ә. Дербісәлінің 2001 жылдың шілдесінен 2002 жыл аралығында атқарған басты іс-шаралары (2). Хроника деятельности Верховного муфтия, Председателя Духовного управления мусульман Казахстана А. Дербисали с июля 2001 г. по 2002 г. (2) / Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2003. – 71 б.

20. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы. Духовное управление мусульман Казахстана. The Religious Board of Kazakhstan Muslims. – Алматы, 2003. – 148 б. (Қазақ, орыс, ағыл. тілдерінде).

21. Әл-Мұталаға: оқу құралы: [Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптры мен жоғары оқу орындары араб бөлімінің I–II курс студенттеріне арналған оқу құралы] / Ә. Дербісәлі, Қайрат Лама Шариф. – Алматы: Мектеп, 2004. – 175 б.

22. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Ә. Дербісәлі 2003 жылы атқарған басты іс-шаралары (3). Хроника деятельности Верховного муфтия, Председателя Духовного управления мусульман Казахстана А. Дербисали в 2003 г. (3) / Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2004. – 102 б. (Қазақ, орыс тілдерінде).

23. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Ә. Дербісәлінің 2004 жылы атқарған басты іс-шаралары (4). Хроника деятельности Верховного муфтия, Председателя Духовного управления мусульман Казахстана А. Дербисали в 2004 г. (4) / Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2005. – 125 б. (Қазақ, орыс тілдерінде).

24. Дінбасы / Ә. Дербісәлі. – Астана: Білім, 2006. – 32 б., фото.

25. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Ә. Дербісәлінің 2005 жылы атқарған басты іс-шаралары (5). Хроника деятельности Верховного муфтия, Председателя Духовного управления мусульман Казахстана А. Дербисали в 2005 г. (5) / Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2006. – 150 б. (Қазақ, орыс тілдерінде).

26. Мұхаммед Хайдар Дулати. Жаһан наме. Дастан / Құрастырып, шағатай (орта ғасырлық түркі әдеби тілі) тілінен қазақ тіліне аударған, алғы сөзін жазып, түсініктерін, транскрипциясын жасаған, баспаға дайындаған Ә. Дербісәлі. Мухаммед Хайдар Дулати. Джахан наме. Поэма / Составление, перевод с чагатайского (средневековый тюркский литературный язык) на казахский язык, предисловие, словарь, примечание, подготовка к печати А. Дербисали). Алматы: Білім, 2006. – 435 б.

27. Рухани шамшырақтар (IX–XX ғғ.) / Ә. Дербісәлі. – Астана: Фолиант, 2006. – 180 б.

28. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Ә. Дербісәлінің 2006 жылы атқарған басты іс-шаралары (6). Хроника деятельности Верхов-

ного муфтия, Председателя Духовного управления мусульман Казахстана А. Дербисали в 2006 г. (6) / Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2007. – 150 б. (Қазақ, орыс тілдерінде).

29. Ежелгі Тараз және Ислам жәдігерліктері. Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2007.

30. 2008. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері: тарихи-филологиялық және теологиялық зерттеулер, эссе-очерктер, жолжазбалар, сұхбаттар / Ә. Дербісәлі; Жалпы ред. басқ. С. А. Қасқабасов. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 б.

31. Қасиетті Құран / Ә. Дербісәлі. – Алматы: Көкжиек, 2008. – 36 б.

32. Священный Коран / Дербисали А. – Алматы: Көкжиек, 2008. – 57 с.: Библиогр. – С. 57.

33. Ұлық имам – имам ағзам Әбу Ханифа / Ә. Дербісәлі. – Алматы: Көкжиек, 2008. – 96 б.

34. Ежелгі Тараз және Ислам жәдігерліктері (Древний Тараз и памятники исламской культуры:) ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (маусым 2008 ж.) / Ә. Дербісәлі; Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. – Алматы: Атамұра, 2009.– 64 б. (2008 жылы маусымда Таразда өткен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары).

35. Қазақстан мешіттері мен медреселері: рухани шығармашылықтар (IX–XX ғғ.) / Әбсаттар қажы Дербісәлі; Ред. алқа: Қ. Ақбаров, Н. Аманов, суретші Н. Маханов, т.б.; Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры. – Алматы: Аруна, 2009. – 496 б.: сур.

36. ҚМДБ. Имам Ағзам Әбу Ханифа мәхрфбы және қазіргі заман / Ә. Дербісәлі. – Алматы: Атамұра, 2009. – 312 б.

37. Ұлық имам – Имам Ағзам Әбу Ханифи / Ә. Дербісәлі. – Алматы: Көкжиек-Б, 2009. – 96 б.

38. Рамазан – благодатный месяц / А. Дербисали. – Алматы: Көкжиек-Б, 2009. – 56 с.

39. Қасиетті Құран / Әбсаттар қажы Дербісәлі. – Астана, 2010. – 43 б.

40. Рамазан – нұр шашқан ай / Ә. Дербісәлі; Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры. – Астана, 2010. – 52 б.

41. Ислам – религия мира и созидания: теологическо-религиоведческие, историко-филологические исследования, статьи, размышления и доклады, интервью / А. Дербисали; под общ. ред. М. Ш. Хасанова; отв. ред. М.-Х. Алсабеков. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 516 с.

42. Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат в персидских источниках / М. Хайдар, А. Дербисали, С. Ф. Мажитов. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 244 с.

43. Дін және Отан / Ә. Дербісәлі. – Алматы: «Dostar media group» ЖШС, 2011. – 28 б.

44. Қазақстанның діни оқу орындары. Духовные учебные заведения Казахстана. Religious educational establishments of Kazakhstan / Ә. Дербісәлі; Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы; жауапты ред. К. Шампадин. – Алматы: Атамұра, 2011. – 240 б. (Қазақ, орыс, араб, ағылшын тілдерінде).

45. Қасиетті құран / Ә. Дербісәлі. – Алматы: «Dostar media group» ЖШС, 2011. – 32 б.

46. Саңлақ сабақтары: [ислам дінін таратушылар] / Құраст.: Ә. Дербісәлі, А. Әділбаева. – Астана, 2011. – 336 б. – Библиогр.: 333–335 б. (40 атау).
47. Тәуелсіз Қазақстанның мешіттері мен діни оқу орындары (1991-2011) / Ә. Дербісәлі. – Астана: АСТ Полиграф, 2011. – Екі том: 1-том. – 600 б.; II том. – 600 б.; III бөм. – 600 б.
48. Ұлық имам – Имам Ағзам Әбу Ханифа / Ә. Дербісәлі. – Алматы: Көкжиек-Б, 2011. – 96 б. (Қазақ, орыс тілдерінде).
49. Ислам – религия мира и созидания. Теологическо-религиоведческие, историко-филологические исследования, статьи, размышления, доклады, интервью / А. Дербисали. – Астана: ТОО Изд-во АСТ «Полиграф», 2011. – 516 с.
50. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие / Введение к изданию памятника, пер. с арабского яз., комментарий, составление указателей: А. Дербисали, доктор филол. наук, профессор; Фонд поддержки исламской культуры и образования; общ. ред. А. К. Муминов; отв. ред. М.-Х. Алсабеков. – Астана: Полиграф, 2011. – 318 с.
51. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие: пер. с араб. / А. Дербисали; Фонд поддержки исламской культуры и образования; общ. ред. А. К. Муминов; отв. ред. М.-Х. Алсабеков. – Астана: АСТ Полиграф, 2011. – 160 с.
52. Жұма мінбері. Жинақ / Құраст., алғысөзін жазған Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2012. – 688 б.
53. Дербисали А. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие [Текст] / Введ. к изд., пер. с араб. яз., комм., сост. указателей А. Дербисали; отв. ред. М.-Х. Алсабеков; общ. ред. А. К. Муминов. – Астана: КазПолиграфИздат, 2012. – 324 с.
54. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие / Дербисали А. Под общ. ред. А. К. Муминова, отв. ред. М.-Х. Алсабеков; Духовное управление мусульман Казахстана, Фонд поддержки исламской культуры и образования. – Астана: КазПолиграфИздат, 2012. – 135 с.
55. Қазыналы Оңтүстік. 59 том: Мұхаммед Хайдар Дулати «Жаһаннаме» XVI ғ. [қиссасы] / ғылыми кеңесшісі, транскрипциялап, түпнұсқадан қазақ тіліне ауд. Ә. Дербісәлі. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2012. – 336 б.
56. Қауам ад-дин ал-Иқани (Итқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357). Өмірі мен мұрасы / Дербісәлі Шейх Әбсаттар қажы. Жауапты ред. Ә. Момынов; ҚР БҒМ ҒК, Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. – Алматы: Дәуір, 2013. – 244 б.: фото, сурет.
57. Ұлық имам – Имам Ағзам Әбу Ханифа / Ә. Дербісәлі. – Алматы, 2015. – 96 б. – электронды кітап (Көкжиек интернет дүкені).
58. Әбсаттар Дербісәлі. Өнегелі өмір. – Алматы: КазМУ баспа үйі, 2016. – 499 б.
59. Руханият және өркениет: Зерттеулер мен мақалалар / Ә. Дербісәлі; ҚР БҒМ. Р. Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты, Түркі академиясы. – Астана: «Атамұра» баспасы, 2016. – 712 б.: сур. (Қазақ, орыс тілдерінде). [ҚР БҒМ. Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. Түркі академиясы].
60. Мұхаммед Хайдар Дулати: Өмірбаяндық библиографиялық анықтамалар. 2-басылым / толықтырылып өңделген, құраст. Ә. Дербісәлі. – Алматы: Өнер, 2018. – 320 бет.
61. Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақстан ғалымдарының зерттеулерінде: Ғылыми жинақ / Құраст. Ә. Дербісәлі. – Тараз: «Сенім» ЖБО, 2020. – 372 бет.

**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ
МӘЛІМЕТТЕРДІ БАТЫС ЕУРОПА ЖӘНЕ ШЫҒЫС
ДЕРЕККӨЗДЕРІНЕН АЛУ**

М. Х. ДУЛАТИДІҢ «ЖАҒАН НАМЕ» ДАСТАНЫНАН ҮЗІНДІЛЕР

М. Х. Дулати «Жаһан наме» атты классикалық шығарманың авторы. Қолжазбаны Берлин кітапханасынан тауып алып оқып, 1937 жылы неміс тілінде тұңғыш мақала жазған башқұрт ғалымы атақты Ахмет Зәки Валиди Тоған (1891–1970) болатын. Берлин кітапханасының қолжазба қорындағы бұл асыл дүние көпке дейін қолға түспей келді. Тек, 1994 жылы ғана Мюнхен университетінің оқытушысы Лидия Клетцель ханымның көмегі арқасында «Жаһан наме» қолға тиген болатын. Бабамыздың мұрасын зерттеп, шығармашылығын насихаттап көпшілікке танытқан ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ол 1981 жылы Қашқар қаласынан қазақ ғалымы Ахметбек Кіршібаевтан қолжазбаның бір көшірмесін Алматыға алып келген.

Әбсаттар қажы Дербісәлі М. Х. Дулатидің «Жаһан наме» поэмасын Берлин нұсқасы мен Қашғар нұсқасын салыстыра отырып, ғылыми транскрипциясын жасап, ортақ түркі тілінен (шағатай тілінен) аударып, сөздікті құрастырып, түсінік, ескерту, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, баспаға әзірледі. Поэманы шартты түрде бірнеше бөлімге бөлуге болады. Алғашқы 110 бәйітті шығарманың «Кіріспесі» деуге болады. Ежелгі мұсылман Шығысы әдебиетінде кейбір көркем дүниелер мақтау, теңеу, мадақтау, кітаптың жазылу себебі іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһан намеде» де осы қағида бұзылмаған. Сондықтан дастанның «мақтау» бөлімінде Мырза Мұхаммед Хайдар (1–14-бәйіттерде) жаратушыны жырға қосады. Сонымен, поэманың негізі оқиға желісі 115-бәйіттен басталады да, 1290 бәйітпен біткен. Әрі қарай динамикалы түрде дами бастайды. Әрі қарай 1306 бәйітке дейін Мырза Хайдардың өмір, тағдыр жайлы философиялық толғанысы берілген. Біз мұнда 1 бәйіттен бастап, 110 бәйітке дейінгі «Кіріспе» бөлімін беріп отырымыз.

Поэмада сол кездегі қоғамдық-саяси жағдай, ел өмірі, халық басына қасірет әкелген хандардың зұлымдығы сипатталады. Халықтың тұрмыс жағдайын түзетіп, мемлекетінің шекарасын кеңейтіп, нығайтуға әрекет жасаған, қираған қалалар мен елді мекендерді қалпына келтіріп, мешіт, медреселер салдырған, орта ғасырлық билеушілер мен хандар туралы мадақтаулар жырда молынан кездеседі. М. Х. Дулати осы уалайатта өткен жастық шағына бірнеше бәйіттер арнаған. Автордың «уалайат» деп отырғаны Орта Азия. Өйткені орта ғасырларда Түркістан, Ташкент, Самарқан мен Бұхара, Әндіжан мен Ферғана секілді шаһарлар бар аймақ «уалайат» деп аталғаны тарихи деректерден мәлім. М. Х. Дулатидің «Жаһан наме» шығармасы әлем әдебиеті жауһарларының бірі.

1-бет¹КІРІСПЕ²

Бисмиллаһи - р - рахмани - р - рахим

Санаи жаһан афаринга бурун,
 Ким андин емастур иши йашурун.
 Мадақ жаһанды жаратушыға бұрын;
 [Ешкімнің де] емес одан ісі жасырын.
 Неким адамайни хийали йетар,
 Һар ишким улусдин неһани етар.
 Нендей [бір] адамның ақыл-ойы жетсе [де],
 Кімде-кім ұлыстан құпия етсе [де],
 Бари аниң алдида³ йек-сандурур,
 Ачук дашту гар тийре маскандурур.
 Бәрі оның [Алланың] алдында бірдей болар,
 Ашық дала мен қара түнек болса да мекені.
 Неким аламу аһлида бардур,
 Аниң кудрати анда эһардур.
 Әлем жұртында не болса да,
 Оның [Алланың] құдыреті онда [да] көрінеді.
 Жаһанда неким жану, жансиздурур,
 һавада учар, йерда йугруб йурур.
 Жаһанда не болса да жанды, жансыз болар,
 Ауада ұшар, жерде жүгіріп жүрер.
 Аниң кудратидин пар-о-бал ачар,
 Аниң кудрати бирла йугруб качар.
 Оның [Алланың] құдыретімен қанат қағар,
 Оның [Алланың] құдыретімен жүгіріп қашар.
 Даракту, гулу, сабзеву хару-хас
 Аниң кудратидин унуб һар нафас.
 Дарақ, гүл, шалғын, тікенек
 Оның [Алланың] құдіретімен өсіп-өнер.
 Чиқар йердину, сабзе хоррам булуб,
 Қунулдин ғам ул вақтлар кәм булуб.
 Шығар жерден көк шөп жайқалып,
 Көңілде қайғы ол уақыттарда кем болып.
 Тапиб һар бири бир сефатда камал,

¹ Бұдан әрі сілтемелер поэманың Берлин қолжазбасының беттерін көрсетеді.

² Текстегі ішкі тақырып аттарын қойған және бәйіттерге реттік сан берген біз.

³ Бұл сөз Қашғар нұсқасында «алида» деп берілген. Берлин қолжазбасын жөн көрдік. Екі нұсқада да қате берілген кейбір сөздер мағынасына қарай түзетіліп отырылды.

Тапар чун камалига йетса-завал.
Тауып әрқайсысы өзінше кемел,
Табар солай кемеліне жетісімен-зауал.
Баһар-о-хазан моусеми ким ерур,
Буларнин камалу завалин берур.
Көктем күз маусымы болар,
Бұлардың кемелі зауалын берер.

2-бет

Йаратмақда һар бири бар һекмати,
На һекмат қилай дер, йетар қудрати.
[Алла] жаратқанда әр нәрсенің бар хикметі,
Қандай хикмет еткісі келсе [де Алланың] –
жетер күдіреті.
Ерур адам уғлига һәм ушбу хал,
Бирига камалу, бирига завал.
Болар адам ұлында һәм осы хал,
Біресе – кемел, біресе зауал.
Завал улмаса ғани* булғай еди,
Жаһан адамий бирла тулғай еди.
Зауал болмаса [шексіз] байлық болар еді,
Жаһан адаммен толар еді.
Вафасиздур ушбу жаһан, әй рафиқ,
Вафа булса еди, қани ул шафиқ!?!
Опасыз ғой бұл дүние, ей дос!
Опа болған болса, қане, ол мейірім.

Хазрати ресалат саллала Аллаһу алайһи - уас - саллам наъти ва чаһар йар бар - гозиданин сефати.

Хазреті пайғамбар саллала Аллаһу алайһи - с - салламды суреттеу және сайланған төрт серігінің сипаты .

Хабиби худа хазрати Мустафа,
Ким ерди жаһан аһига пишва.
Құдайдың сүйіктісі хазреті Мұстафа,
Еді жаһан жұртына көсем.
Гузин қилған ул пишва аһлидин,
Әбу Бакр Сиддик бар һам-нешин.
Сайлаған ол көсем мұсылмандардан –
Әбу Бәкір Сыддық [ты] сұхбаттас [етіп].

¹ Қашғар нұсқасында бұл сөз «ғани», Ташкент басылымында «қани» деп жазылған. Түзетілді.

Берур булғач исламға Хақ зафар,
 Саадат тапиб баэс улган Умар
 Берген сон исламға Хақ жеңіс,
 Бақыт тауып себепкер болған Омар.
 Таки ибн Аффан, һейа маъдани,
 Ачилған йузида сафа гулшани.
 Тағы ибн Аффан, ар-ұят қайнары,
 Ашылған жүзінде таза гүлбағы.
 Таки Хайдар сахиби Зу-л-фагарб
 Ки, ширим диган ерди Парвардигар.
 Тағы Хайдар-зу-л-фақардың егесі[н] ,
 Арыстаным деген еді Паруардигар.
 Уларға вафа қилмади бу жаһан,
 Сину мандик аввараларға на сан?!
 Оларға [да] опа қылмады бұл жаһан,
 Сенің мендей кезбеде [тағдыр-ау] нең бар?!
 На шаһу, на дарвиш, на амму хас,
 Фалак жоуридин булған ермас халас.
 Шаһ та, дәруіш те, қараша мен ақсүйек те,
 Тағдыр жазмышынан құтылған емес.
 Тузулған замандин бари гардиши,
 Ерур ханеданларни бузмақ иши.
 Әлем жаратылғаннан бері дүниенің айналасы,
 Болар жанұяларды бұзбақ ісі.

3-бет

На жамиғати ким, ани курди шад,
 Ки бир бирдин иттурмади¹ хайри бад.
 Қандай жамиғат оны [әлемді] көрді шат,
 Бір-біріне еттірмеген хайыр-хош.
 На мискин ки емди ватан қилди гарм,
 Ани сурмади андин ул нарм-нарм.
 Міскін [адам] енді бір жерді еткенде ыстық отан,
 Одан [тағдыр] сұрамады халін жайлап-жайлап.
 Ажаб ғафлати адамизадга,
 Қуяр маһр бу меһнат абадга!
 Ғажап ғапылдык [бұл] адамзатқа,
 Қояр мейір ол михнатты абатқа.
 Курар ким кузи алида һар заман,
 Чекар һам-нешинларни бу хақдан.

¹ Бұл сөз Берлин нұсқасында «айтттурмади» деп берілген. Қашғар нұсқасын дұрыс көрдік.

Көрер ол көз алдында сәт сайын [тағдырдың]
Әкетіп жатқанын достарын бұл дүниеден.
Қаян барди бу һам-нешинлар, демас,
Уларни куруб уз ғамини йемас.
[Сөйтсе де] қайда кетті ол достар демес,
Оларды көріп өз қамын жемес.
һамише булур ушбу ким, ушбу кун,
Саламатмудур жамъи бағири бутун?
Әрдайым болар осылай, осы күн,
Саламат па, жамиғат көпшілік тегіс?
Чу таңла бақарсин ушул жамъи ара,
Ачилибдур әлбатта бирдин жуда.
Осы ертең көрерсің көпшілік ішінен,
Біреуінің [тағы да] жоқ боп қалатынын.
Бұлар тажриба булмаған булса һеч.
Билурсин бу кун, таңла калмас бу кеч.
Бұлар тәжірибе болмаған болса еш,
Білерсің бүгін [мән-жайды], таңға жетпей бұл кеш.

*Бу шекастеузидин уткан сар-гозаштасида. Хазрати хан қуллигига мушар-
раф булуб, бу «Жаһан намени» айтқанымның сабаби.*

*Бұл қам көңілдің өзінің басынан өткен жайт. Хазреті ханның қызметіне
лайықты болып бұл «Жаһан намені» айтқанымның себебі.*

Бу тақриб булди, кил, ей нов жаван,
Мубарак замириңга йетса гуман.
Бұл жақында болды, кел, ей жас жеткіншек,
Мүбарак жүрегіңе жетсе күмән,
Ман андин саңа бир һекайат қилай,
Вафасиз фалақдин шекайат қилай.
Мен содан саған бір хикая қылайын,
Опасыз тағдырға шағым қылайын.
Маңа сар-гозашт улған ишдин дейин,
Қуңул ғам била тулған ишдин дейин.
Менін басымнан өткен іс жайлы айтайын,
Көңіл мұңға толған іс жайлы айтайын.

4-бет

Таамул кузи бирла килсак назар,
Жаһан утмишу, биз таки би-хабар.
Ой көзімен салсак назар,
Өмір етуде, біз тағы бейхабар[мыз].
Хабардар улуб бу һекайат ешит,

Ушул вақтлар ким бар ердим йигит.
Хабардар болып бұл хикаяны есіт,
Сол уақыттарда едім [мен] жігіт.
Вилайатда¹ сакин едим начча йил,
Маңа ул ватандик булуб ерди, бил.
Уалайатта тұрып едім неше жыл,
Маған ол отандай болып еді, біл.
Йар² ердим булак йару йаран била,
Уруғу қайаш жамъи тукқан била.
Дос едім ерекше дос жолдастарменен,
Ағайын барлық туыс-туғандарменен.
Тузук ханеву, ханедан пор һозур.
Куңул жамъийу, ахбаби эйшу сурур
Жақсы шаңырақ, отбасы рахатта болар.
Көңілі тоқ, ойын-күлкі етуші достар
Баһар-о-хазан моусеми сейр етиб,
Не йер ким сафалиғ ешитиб, йетиб.
Көктем-күз маусымында сейіл етіп,
Кандай көңіл көтерер жер болса [да] есітіп, жетіп.
Гаһи ултуруб, гаһи жавалан уруб,
Бийк поштеву сабзеларда туруб,
Кейде отырып, кейде қыдыра жүріп,
Биік тебе мен шалғындарда тұрып,
Куңул хошлаған йерда мажлис куруб,
Май ичмакка машғул улуб, ултуруб.
Көңіл калаған жерде мәжіліс құрып,
Шарап ішпек боп отырып.
Бири биримиз бирла хош-һал едук,
һамише хошану хош аһвал едук.
Бір бірімізбен көңілді едік,
Әрдайым көңілді шат халде едік.
Хазан фасли һәм ба ара жамъи улуб,
Йурур ердук асуде уйнаб - кулуб.
Куз маусымында да әдемі баққа жиылып,
Жүруші едік тып-тыныш ойнап-күліп.
Айағқа тушуб һар хазан йапрағи,
Дер ермиштук ул дам – бу эшрат чағи.
Аяққа түсіп әр күздің жапырағы,
Детуші едік ол кезді – бұл думан шағы.
Фаниматдурур жамъи аһбаға,

¹ Орта ғасырларда Ташкент, Самарқанд, Бұхара, Өндіжан секілді қалалары бар аймақ (Орта Азия) «вилайат» (уалайат) деп аталған.

² Берлин қолжазбасында бұл сөз «бар» деп жазылған. Қашғар нұсқасын жөн көрдік.

Жаһан вақт куймас бу асбабға.
Фанибет қой бас қосқаны достардың,
Жаһан уақыт қалдырмас бұл істерге.

5-бет

Биз ул дам йигитлик ғорури била.
Ушул вақт эйшу суруру била
Біз ол кезде жігіттік тәкаппарлықпен,
Сол тұста қызықты өмір сүрумен
Хийал етмас ердук ки алам недур,
Жаһан вақт куймас нейу ғам недур?
Ойланбайтын едік әлем не [деп]
Жаһанның [тағдырдың] уақыт
қалдырмайтыны [Ол] неге мұң деп
Начча йил бу тоур анда эшрат била,
Кечурдик жаһанни фарағат била.
Неше жыл осылай онда қызықпен,
Өткіздік өмірді рахатпенен.
Фалак агебат шоъбе бунйад етиб,
Бу¹ жамиъатимизни бар – бад етиб
Тағдыр ақыры саяқ жүруді негіз етіп,
Ол тобымызды бытыратып.
Салиб һар биримизни бир йан ғамин,
Қилиб форғат андуһи бирла һазин.
Салып әрқайсымызға бір жақты күйік, мұң,
Айрылысудың қасіреті қайғылы етті.
Ғаму ғорбат аксарни айлаб һалак,
Тугандилар арману хасратда пак.
Мұң мен жат ел көбісін етіп опат,
Сарқылды арман қасіретте түгел.
Ман ул жамъидин айрилиб йалғузун.
Бу хаканға Хак йашун йетсун² узун.
Мен ол топтан айрылып жалғызбын.
Бұл ханның Хақ жасын етсін ұзын.
Жаһан ичра би-месал ул жан ерур,
Атадан ата хан бин хан ерур.
Жаһанда теңдессіз ол жан еді,
Ата-бабасынан бері хан еді.
Тапуғинда келдим қадимий қули,

¹ Бұл сөз Қашғар нұсқасында «баъид» (?) деп жазылған.

² Бұл сөз Қашғар нұсқасында «кылсун» деп жазылыпты. Берлин қолжазбасы нұсқасын жөн көрдік.

Нечук ким гул улса, булур булбули.
Қызметінде болдым байырғы құлы [ретінде],
Қалай гүл болса, солай болар бұлбұлы.
Алиб ултуруб Андижан мулкени,
Алай деб хийали жаһан мулкени.
Алып өлтіріп Әндіжан патшасын,
Алсам деп қиялдайтын жаһан патша[лығын].
Бар ерди, валә Кашғар саридин,
Келиб жамъ бад-хәһ һар саридин.
Бар еді сондай Қашғар жақта,
Келіп жиылған залымдар әржақтан.
Кечалар уғурлуқ йәсуни била,
Йуруб кантларга ит уни била.
Түнде ұрлықпен айналысатын,
Баратын кенттерге итше ұлып.

6-бет

Мусулманлар устига туруб, талаб,
Алиб ултуруб, ерта тағ арқалаб.
Мұсылмандарға барып, оларды талап,
Алып, өлтіріп, ертеңіне тағы [мүлкін] арқалап.
Киши курса качиб кетар ердилар,
Баш алиб, аяғын итар ердилар.
Кісі көрсе қашып кететін еді,
Басын алып, аяғын тастайтын еді.
Абу Бакр еди Кашғар хаками,
Ки йуқ ерди Рустамдин аниң ками.
Әбу Бәкір еді Қашғар әкімі,
Жок еді Рүстемнен оның кемі.
Аниң мулкидаки йел, улус тамам,
Тапиб ерди банду белада мақам.
Оның патшалығындағы ел, ұлыстың бәрі,
Тұтқында, азапта калып еді.
Улуб банду зенданда улғанлари,
Қазик бирла дарманда қалғанлари.
Өліп тұтқын зынданда өлгендері,
Жер казумен бейшара қалғандары.
Тутуб бағзиларниң құлағын кесиб,
Қулағу, илику, аяғын кесиб.
Ұстап кейбіреулердің құлағын кесіп,
Құлақ, қолы және аяғын кесіп.
Йана бағзиларни тутуб, ахтелаб,
Алиб туттуруб, мал-мулкин талаб.

Және кейбіреулерді ұстап әтек етіп ,
Алып ұстап , мал-мүлкін талап .
Мусулманлар ермиштук асру хараб,
Қуруб залем илкида турлук азаб.
Мұсылмандар тап болды [осындай] көп күйзеліске,
Көріп залым колында түрлі азап .
Булуб ушбулар баэси шаһрийар,
Булуб иттифақу сиғару қибар.
Болып осылар себеп патшаға,
Қосылып оған кіші мен үлкен,
Раван булди хан Қашғар мулкига,
Ким ул Хайбари би-хабар мулкига.
Атанды хан Қашғар патшалығына,
Ол Хайбари бейхабар патшалығына.
Хабардар булуб, келиб ул бад-гоуһар,
Чарикин салиб қала-и Қашғар.
Хабар алып койып, келіп ол жауыз,
Әскерін кіргізді Қашғар қаласына.
Йетиб хани алам алиб қаласин
Тубатқа қачиб ул, салиб қаласин.
Жетіп әлем ханы алған [соң] қаласын,
Тибетке қашты ол, тастап қаласын.

7-бет

Суңиға тушуб чарик ахер йетиб,
Башини алиб келдилар катл йетиб
Соңына түсіп әскер ақыры жетіп,
Басын алып келді өлтіріп.
Хутан, Қашғарча алиб хан йуруб,
Адалат била тахт уза ултуруб.
Қотанды, Қашғар сияқты хан алып,
Әділетпен такка өзі отырып.
Улус бар-қарар улди давранида,
Киши қалмади банду зенданида.
Ұлыс мығым болды дәуренінде,
Кісі қалмады тұтқын [болған] зынданында.
Ким ул хаджаву малдар улмағай,
Хазина ана гандж ила тулмағай.
[Қандай бір] дәулеттінің мал-мүлкі болмаса,
Қазынасы оның байлыққа толмайды.
Тапуғинда ман һәм булуб собһу-шам,
Туруб қуллуғинда қилиб иһтемам.
Қызметінде мен һәм болып ертелі-кеш,

Тұрып қол астында кылып ыждаһат.
Булуб лотфу иһсанидин сар-афраз
Булуб ерди Махмуд йаңлиғ Айаз.
Еткен соң жақсылық, қайырым-бақытты
Болып еді[м] Махмудтың Аязы сияқты.
Салиб илтефати кунулға һозур,
Тушуб башка һәр лаһзе андин ғорур.
Салып ілтифаты көңілге мамыражайлық,
Түсіп басқа сәт сайын одан мақтаныш.
Фалжоуру золмин фарамуш етиб,
Нашату тараб жамини нуш етиб.
Тағдырдың зорлық, зұлымдығын ұмыт етіп,
Шаттық, қуаныш кесесін нәр етіп.
Йурур ердим асуде дел-шаду хош,
Фалак жоуру золмидин азаде ваш.
Жүруші едім тып-тыныш қуанышты,
Тағдырдың зорлық, зұлымдығынан құтылғандай.
Ки вақие булуб андағ айһам иши,
Келибан Бадахшан саридин киши.
Оқиға болып сондай күндер іші,
Келіп еді Бадахшан жактан кісі.
Хабар берди: «Би-сар калибдур улус,
Бузуғлуқға куңлин салибдур улус».
Хабар берді: «Бетімен кетіп тұр ұлыс,
Бұзықтыққа көңілін салып тұр ұлыс».
Ул йелни иликламаса хан бариб,
Асир улгусидур фақиру ғариб.
Ол елді қолына алмаса хан барып,
Тұтқын үлгісі-дүр пақыр мен ғарып.

8-бет

Алур ул вelayатни узбик келиб,
Мани йел ибардилар андақ билиб.
Алар ол уалаятты өзбек келіп,
Мені ел жіберді соны біліп.
Ки хандин өкун йуктур уммидимиз,
Йаруғлуқ берур кузга хоршидимиз
Ханнан басқа ешкімде жоқ үмітіміз,
Жарық нұр берер көзге күніміз!
Ешиткач раван булди хан ул заман,
Бу құлға деди ким раван бул, раван.
Есіткен соң аттанды хан сол сәтте,
Бұл құлға деді, аттан бол, аттан!
Ки сандин хабар тапсун йел бурнарақ,

Барурбиз муна йелта недур йирак,
Сенен хабар алсын ел бұрынырақ
Барармыз мына елге [жатқан] едәуір жырақ.
Раван булдум амри Илаһи билан,
Кириб йулга фармани¹ шаһи билан.
Атандым әмірімен Алланың,
Шығып жолға пәрменімен патшаның.
Бир уксук йигирма йилдин андин бари,
Булуб ерди ким йана бир ул сари.
Бір жетім будан жиырма жыл [бұрын],
Болып еді тағы бір [рет] сол жақта.
Бу йанлиг баһанени пиш уфтад,
Килиб бергали уткан ишларни йад.
Бұл секілді себепті алға тарту,
Өткен істерді еске түсіргім келгені.
Гозаримни салди фалак гардиши,
һамише будур йелге аниң иши.
Жолымды салды, тағдырдың айналысы,
Дайымы сол ғой елге онын ісі.
Ки һарраң ила бир жафа айлағай,
Жафаси билан мобтала айлағай.
Әр қимылымен бір жапа шеккізген,
Жапасымен бірге бәлеге ұшыратқан.
Ушул чағда ким жамъи аһбаб ила,
Йуруб ултуруб ердим асбаб ила.
Сол кезде барлық достармен бірге,
Жүріп-тұрып едім [осындай] себеппен.
Барини танидим йуруб ул заман,
Бариси кузимга курунди айан.
Бәрін де таныдым жүріп сол кезде,
Бәрі де көзіме көрінді аян.
Ушул бағу, саправу манзел ки бар,
Турубдур йеринда бари бар-қарар.
Сол бақ, дала және үйлер баршасы,
Тұр орнында бәрі өзгеріссіз.

9-бет

Валә ул жамағатка бе-һам едим,
Ушул жайи манзелда һам-дам едим.
Кезінде ол жамағатпен бір боп едім,
Сол жай, үйлерге шын дос едім.

¹ Фарман, фирман – хан жарлығы.

Биридин асар курмадим ул заман,
 Қараңғулуқ улди кузумга жаһан.
 Бірінің де ізін көрмедім сол кезде,
 Қараңғы тартты көзіме жаһан.
 Паришан улуб хатерим анча зар,
 Йиғи йиғладим анча имкани бар.
 Құлазып көңілім, ойым тым зарлы,
 Катты жыладым егіліп ұзақ.
 Унут булған, учқан фераг утлари,
 Туташти воджудга андин бари.
 Ұмыт болған, өшкен айрылысу оттары,
 Тұтасты бойыма соның бәрі.
 Алам йузланиб дарди матам била,
 Кеча-кундуз улди ишим ғам била.
 Қайғы жүзденіп дерт мұңменен,
 Түні-күні болды ісім қайғыменен.
 Начча кунганча уртаниб ушбу хал,
 Чекар ерди азурда жаным малал.
 Неше күндей өртеніп осындай хал[ден],
 Шегер еді қайғыны жаным қажып.
 На кундуз куңилдин чиқар ерди ғам,
 На кеча йетар ерди уйку бе-һам.
 Күндіз де көңілден шыкпас еді мұң,
 Түнде де [көзге] ұйқы келмес еді.
 Бу йаңлиғ куйуб, уртаниб һар кеча,
 Фераг оти бирла йатиб бир кеча.
 Осьлай күйіп, өртеніп әр түні,
 Айрылысу отымен жатып бір түні.
 Йумулмай кузум уйқуға та¹ саһар,
 Йатиб ердим ул дам қашимда магар.
 Жұмылмай көзім ұйқыға таңға дейін,
 Жатып едім, сол кез қасымда сияқты.
 Бирав ушбу халимдин агаһ еди,
 Маниң бирла ким, анда һам-раһ еди.
 Біреу осы халімді білуші еді,
 Меніменен сонда жолдас еді.
 Аңа һәм бу тун уйқусизлик йетиб,
 Маңа уйқу учқанни мағлум етиб
 Оған да бұл түн ұйқысыздық жетіп,
 Менен ұйқы қашқанын мағлұм етіп
 Йатиб еркан ул дам, чу билдим ани,
 Дедим: деб едим уйку елтмиш сани.

¹ Бұл сөз Берлин колжазбасында «һар» деп жазылыпты. Бірақ біз оны мағынасына сай әрі Қашғар нұсқасындағыдай «та-» (дейін) деп бердік.

Жатқан екен, сол сәт білдім оны
Дедім оған, ұйқы билепті сені.

10-бет

Маңа бу кеча уйқу келган емас,
Магар кузларим килди уйқуни бас.
Маған бұл түн ұйқы келген емес,
Ұйықтаған тек көздерім ғана.

Улар ким фалак давридин кузғалиб,
Бариб ердилар мани мундақ салиб.
Олар дүние шеңберімен қозғалған кезде,
Кетіп еді мені мұнда тастап.
Уларниң фераги била зарман,
Саһар вақти булдийу бидарман.
Олардан ажырағандықтан зарлымын,
Таңсәрі болды, әлі ояумын.
Ғаму фикр бирла дел ашофтуман,
Кузумдин учуб уйқу алефтаман.
Мұң мен ойдан әбіржулімін,
Көзімнен ұшып ұйқы мазасызбын.
Вафасиз фалак даурига¹ иътемад
Килиб булмас ермиш жаһандин умид.
Опасыз дүние айналымына сеніп,
Етуге болмайды екен жаһаннан үміт.

Баспаға дайындаған Б. ДҮЙСЕНОВ

One of the works dedicated to the history and life of the people of Central Asia is the book of M. Kh. Dulati «Jahan name». Doctor of Philology, Professor, Academician Absattar Derbisali was a scientist who studied the heritage and popularized the work of M. Kh. Dulati. This article presents an extraction from the work «Jahan name» translated by A. Derbisali.

Одним из произведений, посвященных истории и быту народов Средней Азии, является произведение М. Х. Дулати «Жахан наме». Доктор филологических наук, профессор, академик Абсаттар хаджи Дербисали изучил наследие и популяризовал творчество М. Х. Дулати. В данной статье представлен отрывок из произведения «Жахан наме», переведенного А. Дербисали.

¹ Бұл сөз Қашғар нұсқасында «дардига» (дертіне) деп қате берілген. Берлин қолжазбасы бойынша түзетілді.

Б. Д. ДҮЙСЕНОВ, Д. Е. МЕДЕРОВА, Қ. С. ҚҰРМАНБАЕВА

АРАБЖАЗУЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кең жазира Қазақстан аумағындағы аса көп арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер еліміздің тарихи-рухани феномені болып қала бермек. Бұл ескерткіштер жанрлық ерекшеліктері, ғылыми құндылығы және тарихи-рухани маңыздылығына қарай тек Қазақстанның мәдени мұрасы емес, бүкіл Орталық Азия, мұсылман мұрасы ретінде әлемдік ғылымда ойып орнын алуы қажет.

Қазақстан аумағындағы арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу ісі соңғы жылдары ғана қатты қарқын алып отыр. Бұған дейінгі зерттеулер мен далалық экспедициялардың басым көпшілігі жартастағы жазуларды, суреттерді, руналық көнетүркі мәтіндерін іздеуді, соларды оқуды, аударуды мақсат тұтты. Ал арабжазулы эпиграфикалық мәтіндерді оқуды көздеген емес. Көбіне көп қазақ даласындағы қасиетті орындар, олардың архитектурасы, этнографиясы, яғни, жерлену ерекшеліктері, табылған заттар, олардың кезеңі сияқты мәселелерді анықтауға бағытталғанын білеміз.

Жартастағы бейнелер, эпиграфикалық жазбалар – археологиялық материалдар тәрізді XVII–XVIII ғасырларда ғалымдардың назарын өзіне аудара бастайды. Бұл кезеңде А. И. Андреев, Н. Спафарий, С. У. Ремезов, Д. Г. Мессершмид сияқты жиһанкездер әр жерде жартастарда бейне бар екенін хабарлаған болатын. Мұндай эпиграфиялық ескерткіштерді іздестіріп, оларды бір ізге салуда В. Томсен, В. В. Радлов, Н. С. Савельев, В. Розен, В. В. Бартольд, С. Е. Малов және т. б. ғалымдардың сіңірген еңбегі, қосқан үлесі өте көп.

Қазақстан жеріндегі эпиграфиялық мұраларды революциядан бұрын қарастырған Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, И. А. Кастанье сияқты ғалымдарды атаған орынды. Кеңес өкіметі орнаған соң, оңы мен солын айырып болғанша бұл жұмыстар тоқтап тұрды.

Кеңес кезінде мұндай тарихи мұраларымызды арнайы зерттейтін Тіл білімі, Тарих, археология және этнография институттары құрылды. Шығыстану, түркітану ғылымдарының негізі қаланып, қазақ археологиясы, архитектурасы, эпиграфикасы, тіл тарихы мәселелерін зерттеуге шексіз үлес қосқан Ә. Х. Марғұлан, І. К. Кеңесбаев, Ғ. Ғ. Мұсабаев сияқты ірі-ірі тілші, тарихшы ғалымдар өсіп жетілді. 1960 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев даламыздағы қорым-қоралар мен қасиетті орындарды, эпиграфиялық ескерткіштерді зерттеуді қолға алуды көздеп, Тіл білімі институты мамандарына қолдау көрсетеді. Соның негізінде 1971 жылы Ғ. Мұсабаев, А. Махмутов, Ғ. Айдаров авторлығымен тұңғыш рет «Қазақстан эпиграфикасы» атты кітап жарыққа шығады [1]. Бірақ бұл кітапта тастағы бейнелер мен көнетүркі руна жазулары туралы зерттеулер жүгізілген.

Одан кейінгі кезендері А. Г. Медоев, М. М. Меңдіқұлов, С. Е. Әжіғалиев сияқты ғалымдар ескерткіштердің тарихын, архитектурасын, этнографиясы мен мән-маңызын зерттеп, көптеген экспедициялар ұйымдастырып, қазақ ескерткіштерін зерттеу аясын кеңейте түсті.

Ал арабжазулы эпиграфиялық ескерткіштердің архитектурасына емес, мәтініне зер салып, табу, талдау, зерттеу, оқу, аудару, жарыққа шығару жұмыстарын бертінгі жылдары қолға алып, ғылыми айналымға енгізіп, зерттеп жүрген Ә. Қ. Муминов, А. Ш. Нұрманова сияқты ғалымдардың еңбегін айрықша атап өтуіміз керек. Осының негізінде «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы» [2], «Сейсем ата қорымының арабжазуындағы эпиграфикасы» [3] сияқты кітаптар жарық көрді. Бұл кітаптар қазақ даласындағы арабжазулы эпиграфиялық ескерткіштердің мәтінін тану жолындағы еңбектердің алғашқы қарлығаштары. Одан кейін «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» атты альбом кітабы жарыққа шықты [4]. Сонымен қатар, Қазақстанның әр өңірлерінде, мәселен, Маңғыстау облысында өлкетанушы, эпиграфист Нұрлан Құлбаевтың «Арал-Каспий аралығы тарихи-мәдени ескерткіштеріндегі араб графикалы мәтіндер анықтамасы» атты еңбегі [5], Батыс Қазақстан облысында, Жантас Набиоллаұлының бастамасымен Қазыбек Құттымұратұлы, Мұратбек Жахатов сияқты өлкетанушы, эпиграфистердің оқуы арқылы «Құлпытас сырын ашайық» жинақтары [6] және Атырау облысындағы «Тарихи-мәдени мұраларды зерттеу орталығының» жетекшісі Мұқан Кипиевтің бастамасымен «Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері» атты сериясымен кітап-альбомдар жарық көрді [7]. Қарағанды облысы Қарқаралыдағы өте зерек өлкетанушы Ерлан Мустафиннің де эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу алаңына енгізіп жүрген еңбектерін атап өтуіміз керек. Сол сияқты еліміздің әр өңірінде құлпытастарды зерттеу жұмыстары қолға алынып жатыр. Бұл отанамыздың әр түкпіріндегі азаматтардың ауылының іргесіндегі мола-зираттарда кімнің жатқанының, ата-бабаларын білгісі келгенінің анық айғағы.

Арабжазулы эпиграфиялық ескерткіштерді зерттеу ісі көрші елдерде де қарқын алып, жақсы жолға қойылып келеді. Мәселен, соңғы жылдары Өзбекстан ғылымына ерекше сілкініс әкелген үлкен еңбек ол «Архитектурная эпиграфика Узбекистана» атты өзбек, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген құнды еңбек. 25 том жоспарланып, бүгінгі күні жартысынан көбі жарық көрді. Әсіресе, әлемге әйгілі қасиетті орындар орналасқан Қарақалпақстан, Сурхандарья, Самарқанд (Регистан мен Шохи Зинда кешендері), Навои, Хиуа, Наманған, Әндіжан, Ташкент, Бұхара мен Ферғана эпиграфиялары жарияланып отыр [8].

Сондай-ақ Татарстанда да эпиграфиялық ескерткіштерді зерттеу ісі жақсы жүйемен жалғасып келеді. Қазіргі таңда татар эпиграфиясымен айналысып жүрген ғалымдар М. И. Ахметзянов, И. Г. Хадиев, Р. Ф. Марданов, В. М. Усманов, Д. Г. Мухаметшин, А. Бустанов және т. б. ғалымдар баршылық. Татарстан Ғылым академиясы Г. Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының қолжазба, ғылыми және архивтік қор бөлімі базасында «Мирасханә» Жазба және музыкалық мұралар орталығының жетекшісі Илхом Гумеровтің бастамасымен,

эпиграфист ғалым Венер Усмановтың оқуы, аудармасымен Татарстанның XVII–XX ғасырлардағы арабжазулы эпиграфиялық ескерткіштері Мирасханэ сайтында ашық ғаламторға жарияланып отыр. Бұл қазіргі заман талабына сай жасалған жаңа бастама [9].

Ал енді эпиграфикалық ескерткіштердің тіліне тоқталсақ, бұл ескерткіштердің барлығы XV ғасырдан XX ғ. басына дейін қолданыста болған шағатай тілінде жазылған. Шағатай тілі – Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы түркілердің жазба және сөйлеу тілі.

Шағатай тіліндегі алғашқы шығармалар Әмір Темір билігі кезеңінде пайда болған. Шағатай тілі деген терминге қатысты көптеген пікірталастар бар. Себебі шағатай тілі деп аталған бұл тіл Шағатай хандығы (1242–1345) кезеңінде пайда болмаған.

Шағатай кезеңінің ақындары бұл тілге «түркі, түрік тілі, түркі тілі, түрік лафзы, түрік элфазы, түрікше, түрікше тіл» терминдерін қолданған.

Бұл атауды алғаш рет 1867 жылы Армин Вамбери қолданған. Мажар Жозеф Тюри, неміс Мартин Хартман және басқа да түркітанушылар шағатай сөзін осы мағынада қолданып, кеңінен таралуына әсер еткен.

Одан кейін XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында түркітанушылар В. Радлов және Ф. Е. Корш, А. Н. Самойлович, М. Ф. Көпрулү, А. М. Щербак, Я. Экман және т. б. түркітанушылар шағатай тілін топтастырып, бірнеше кезеңдерге бөледі.

Шағатай тілінде 9 дауысты дыбыс бар. Олар: **a** , /e/, /è/, /l/, /i/, /o/, /ö/, /u/, /ü/ (a, e, ə, ы, i, o, ө, ұ, ү). Бұлармен қоса, арабша және парсыша сөздердегі созыңқы /ā/, /ī/, /ū/ дауысты дыбыстары және тек парсы сөздерінде қолданылатын /ō/ (созыңқы o) дауыстысы қолданылады.

Сондай-ақ, шағатай-түркі тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар деп қорытындыланған.

Олар **b** (ب), **p** (پ), **t** (ت), **c** (ج), **č** (چ), **h** (ح), **ḥ** (ه), **d** (د), **r** (ر), **z** (ذ), **s** (س), **š** (ش), **g** (گ), **ğ** (غ), **q** (ق), **k** (ك), **g** (ك), **l** (ل), **m** (م), **n** (ن), **ŋ** (ن), **v** (و), **y** (ي), **u** (و), **f** (ف), ‘**анн** (ع).

Қазақстан аумағындағы арабжазулы құлпытастардың басым көпшілігі ескі шағатай, яғни, бірде түркі, бірде ортақ түркі тілі, бірде ескі қазақ тілі деп аталатын тілде жазылған. Сонымен қатар, татар тасқашаушылары мен молдаларының ықпалымен татар тілінде де қашалған тастар баршылық. Тілдік тұрғысынан бастысы, ортақ түркі тілде.

Ал графикалық берілуі тұрғысынан XVII–XX ғасырларда түркі жұрттарының арасында кең тараған қадим және жадид жазуларымен қашалған тастар баршылық. Енді қадим жазуына тоқталып өтсек. Қадим оқуы мұсылмандық Шығыс әдебиетінің қазақ арасына таралуына үлкен әсер етті. Орта ғасырдан XX ғасырға дейін жазылып қалған түркі халықтарына ортақ мол мұра осы қадим әліпбиімен хатқа түсті. Қадим әліпбиінде 33 әріп бар. Оның ішіндегі 28 таңба құраннан алынған араб әріптері. 4 таңбаны (گ, ژ, چ, پ) парсылар қосқан. Ал көне түркі оқымыстылары گ таңбасын қосып, бар мәселе шешімін тапқан. Осы әліпбимен 20 ғасырға дейін түркі тіліндегі мұраларымыз жазылып сақталды.

Ендігі кезекте тастармен мысал келтіре отырып отырсақ. Мәселен БҚО Жаңақала жанындағы қорымдағы ескі тастарға тоқталсақ, Алашалар қорымындағы құлпытас 1836 жылғы қашалған екен.

№ 021

Алдыңғы беті (1-сурет):

1. المرحوم المغفور
2. الاچه روعى قرا بورا
3. طائفه سى صطای
4. اوعلی محمد وفات ۱۷
5. یاشنده ۱۸۳۶ سنه ده كچى اوعلی
6. بوقورعلی وفات ۱۱ یاشنده
7. ۱۸۴۵ سنه بو طاشنى یا
8. زردى اطاسى صطای



Аудармасы: Марқұм кешірілген, Алаша руы Қарабура тайпасы Сатай ұлы Мұхаммед опат 17 жасында 1836 жылы, кіші ұлы Бұқұрғали опат 11 жасында 1845 жылы. Бұл тасты жаздырды атасы Сатай

Келесі құлпытас Белгісіз қорымдікі.

№ 011

Алдыңғы беті (2-сурет):

- الاچه روعى ننگ قرا بورا طائفه سى ننگ
 اييتقل ننگ نبره لرنندن مذاق جكت
 اوعلی وفات ۴۳ یاشنده ۱۸۵۳ نچى سنه ده
 انا لله وانا اليه راجعون بو طاشنى یازدر
 دى حلالى قورمانبيکه یلقايدار قزى
 كل نفس ذايقة الموت كفى



Аудармасы: Алаша руының Қарабура тайпасының Айтқұлының немерелерінен Мадақ Жігіт ұлы опат 43 жасында 1853 жылда. Аллаға тәнбіз әрі оған қайтушымыз (Құран. Бақара сүресі, 156 аят.). Бұл тасты жаздырды әйелі Құрманбике Жылқыайдар қызы. Өркім өлімді татады (Құран. «Әли Ғыман» сүресі. 185 аят.).

14 тас

Алдыңғы жағы (3-сурет):

1. Қазак нسلندان
2. ايسكىندير
3. شاميل اوغلى
4. قاراتاييف
5. 1927 نئشى جلى
6. 16 نئشى فيورالده
7. قزل اوردا
8. قالاسندا توده
9. 1931 نئشى جلى
10. 6 نئشى مايدا
11. وفات بولدى
12. اكيسه چاميل
13. باقتجان ولى
14. شه شه سى
15. مه ريه م
16. چاعر قزى
17. تركمان
18. نسلندان

оң жағы (4-сурет):

1. بول قاپه تاسته قويوچلار باباسه باحت جان بييسال ولى
2. هم الكه ن شه شه سى سار جان بايمان قزى قاراتاييف دار

Алдыңғы жағы: Қазақ нәсілінен Ескендір Шәмілұлы Қаратаев 1927 жылы 16 февральде Қызылорда қаласында туды. 1931 жылы 6 майда опат болды. Әкесі Шәміл Бақытжанұлы, шешесі Мәриям Шағырқызы, түркімен нәсілінен.

Оң жағы: Бұл құлпытасты қоюшылар бабасы Бақытжан Бисалыұлы һәм үлкен шешесі Саржан Байменқызы Қаратаевтар.

Бұл жерде байқайтынымыз, графикалық жағынан келсек, арабтың **ا** алиф таңбасы түркінің а, ә, е дыбыстарын бере алады. Түркі тілінің а дыбысы арабтың **ا / آ / ا /** таңбаларымен жазылады. Ал арабтың **ي** таңбасы түркінің й, и, ы, і дыбыстарын белгілейді. Ал арабтың **و** таңбасы түркінің у, в, ұ, ү, о, ө дыбыстарын белгілейді.

Сонымен қатар, арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер араб каллиграфиясының әртүрімен әсемделіп, әрленген. Араб жазуының жүзге тарта жазу стилі бар.

Бірақта көбіне көп қолданылатыны негізгі алты стиль – геометриялық (куфи және оның нұсқалары), курсивті (наسخ, рука, сулус және т. б.).

Куфи – өзіндік пропорциялық өлшемдері, бұрышты, төртбұрышты қырларымен белгілі жазу (*5-сурет*).

Насталиқ – араб елдері мен басқа да елдерде «парсы жазуы» ретінде танымал жазу түрі. Бұл жазу таңбалардың қысқартылып жазылуы, лигатураның көп болуы, сөз ішіндегі байланысқан элементтердің соңына дейін белгілі бір бейімділікпен өрілуі және келесі элемент те жолдың үстіңгі жағынан басталуы сияқты қырларымен ерекшеленеді (*6-сурет*).

Насх – «көшіру» деген мағына береді. Жазудың ең ескі стильдерінің бірі. Бұл жазу таза, анық, оқуға жеңіл, құранды көшіруде жиі қолданылады. Ең көп тараған түрі (*7-сурет*).

Рик'а (рук'а) – насх пен сулус жазу үлгісі негізінде дамыған стиль. Бұл жазу өте қарапайым, сондықтан да күнделікті өмірде жиі қолданылады, кең тараған. Соған карамастан насх стиліне қарағанда күрделі, бұны әдетте тек жоғары сыныптарда жазып үйренеді (*8-сурет*).

Сулус – «үштен бір бөлігі» – өте «икемді» жазу түрі. Бұл жазу стилінде әріптер бір бірімен айқұш-ұйқыш өріліп, біресе ажыратылып, біресе түйшектеліп, бір сызықта кірістіріліп жазылатын күрделі пропорциялы жазу (*9-сурет*).

Құлпытастарда көбіне көп осындай каллиграфиялық жазулар кездеседі.

Әр қорымның эпитафияларындағы тілдік қолданыстар әртүрлі. Мысалы Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы ауданындағы Жәңгір хан қорымы мен Қарағанды облысы Қарқаралы қаласындағы Үлкен зиратта дін қайраткерлері де, хан-сұлтандар да, ел ішінің би-болыстары мен кәсіп иелері, саудагерлер де жерленгендіктен ондағы құлпытастарда сөздік қор әрқилы болып, әр саланың лексикалық қоры молынан кездеседі. Ал БҚО-дағы Мәулімберді қорымында діни адамдар жерленгендіктен эпитафиялардағы лексикалық қордың негізгі дені діни сөздер терминдер болып келеді.

Қазақстанның әр өңіріне жүргізілген ғылыми экспедициялар нәтижесінде көптеген материалдар жинақталды. Мұндағы эпитафиялардың мәтінін оқып, аударып, тілдік ерекшеліктерін зерттеу барысында әлі де кеңінен зерттеулер жүргізу – келешектің ісі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан эпиграфикасы [Мәтін] Мұсабаев Ғ., Махмұтов А., Айдаров Ғ.; Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты; жауапты ред. Ғ. Мұсабаев. – Алма-Ата: Ғылым, 1971. – 1 720 дана. – көрсетілмеген – Мәтіні қазақ және орыс тілдерінде. Тақырып асты библиогр. 1-шығ.– 161, [2] б.: 267 тг.

2. Шақпақ-ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы / Муминов Ә. Қ., Нұрманова А. Ш.; ред. Б. М. Бабаджанов – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 223 б., фотосурет. Альбом – (Қазақстанның эпиграфикалық ескерткіштері. – Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы бойынша; «Мәдени мұра» өңірлік салалық бағдарламасы, Мәтіні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Библиогр.: б. 213 – 978–601–7170–83–7 (мұқ.)

3. Сейсем Ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы / Кіріспе, құрастыру, араб, парсы, түркі тілдерінен аударма, көрсеткіштер Ә. Қ. Муминов, А. Ш. Нұрманова, Н. А. Құлбаев. Ғылыми консультант М. С. Нұрқабаев, ағылшын тілі редакторы Нил Робинсон. Астана, 2015. – 160 бет.

4. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi / Құрастырушылар Ә. Қ. Муминов, М. Б. Қожа, С. Моллақанағатұлы, М. Ж. Садықбеков, Ж. М. Нұрбеков. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. Издание четвертое, переработанное и дополненное. Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. – 208 б.

5. Арал-Каспий аралығы тарихи-мәдени ескерткіштеріндегі араб графикалы мәтіндердің анықтамалығы [Мәтін] / Н. А. Құлбаев. – Алматы: Бадамұра – М., 2015. – 1500 дана. – 978–601–7064–12–9 (мұқ.) Библиогр.: 220 б. 1-том – 226, [1] б., [16] п. сурет. (мұқ.): 50 тг.

6. Құлпытас сырын ашайық. Жоба авторы: Ж. Сафуллин, Құлпытас мәтіндерін аударған: Қ. Құттымұратұлы. Орал: ЖК «Adil Parasat». – 2014. – 84 б.

7. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштер. Том 1–3. – Атырау: Ағатай, 2017–2019. – 154 б.


8. Архитектурная эпиграфика Узбекистана. Книга-альбом. 1–25 том. – Ташкент, 2015. – 376 с.

9. [Электрондық ресурс] <http://miras.info/monuments>

This article provides for the first time detailed information about the study of Arabographic epigraphic monuments on the territory of Kazakhstan and neighboring countries. The study of Arabographic epigraphic monuments on the territory of Kazakhstan began only after independence. Inscriptions on tombstones (kulpytas) were studied and the texts of epitaphs were introduced into scientific circulation. On the example of epitaphs found on kulpytas as a result of expeditions to different regions of Kazakhstan, topical issues of the language of inscriptions on kulpytas are analyzed. The analysis of the epitaphs reveals various Arabic calligraphy and architectural features.

В данной статье впервые приводятся подробные сведения об изучении арабографических эпиграфических памятников на территории Казахстана и соседних стран. Изучение арабографических эпиграфических памятников на территории Казахстана начато только после обретения независимости. Изучены надписи на надмогильных камнях (құлпытас), тексты эпитафий введены в научный оборот. На примере эпитафий, обнаруженных на кулпытасах в результате экспедиций в разные регионы Казахстана, анализируются актуальные вопросы, касающиеся языка надписей на кулпытасах, выявляются различные арабские виды каллиграфии и архитектурные особенности.

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР
НАУЧНЫЕ ИЗДАНИЯ
SCIENTIFIC PUBLICATIONS



**ХИБАТУЛЛА АТ-ТАРАЗИ
И ЕГО ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ**

Введение к изданию памятника, перевод с арабского языка, комментарии, составление указателей: шейх Абсагтар хаджи Дербисали, доктор филологических наук, профессор, председатель ДУМК, председатель Совета муфтиев Центральной Азии и Казахстана. – Астана: ТОО «КазПолиграфИздат», 2012. – 324 с. + 8 вкл. ISBN 978-601-7351-06-9

Хибатулла ибн Ахмад ибн Му'алла ат-Тарази ат-Туркистани (1272–1333) – известный средневековый ученый, выходец из средневекового казахского города Тараза.

Он является автором ряда важных работ, посвященных проблеме шари'ата. Представленный здесь труд ученого впервые переводится на русский язык и вводится в научный оборот известным ученым, религиоведом, Верховным муфтием Казахстана шейхом Абсагтаром хаджи Дербисали на основе рукописной копии сочинения, хранящейся в библиотеке Принстонского университета (США).

Хибатулла ат-Тарази работал мударрисом в медресе Султана аз-Захира Бейбарса, что находится в Каире, где он скончался и был захоронен.

В качестве приложения дается факсимиле Принстонского списка.

Книга предназначена исламоведом – востоковедам, историкам, филологам, философам, интересующимся историей отечественной культуры и исламской цивилизации.

ХИБАТУЛЛА АТ-ТАРАЗИ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Ескерткіш басылымына кіріспе, араб тілінен аудармасы, көрсеткіштерді құрастырған: шайхы Әбсагтар қажы Дербісәлі, филология ғылымдары докторы, профессор, ҚМДБ төрағасы, Орталық Азия мен Қазақстан Мұфтилері кеңесінің төрағасы. – Астана: ТОО «КазПолиграфИздат», 2012. – 324 б. + 8 жапсырма ISBN 978-601-7351-06-9

Хибатулла ибн Ахмад ибн Му'алла ат-Тарази ат-Түркістани (1272–1333) – қазақтың орта ғасырлардағы Тараз қаласынан шыққан белгілі ортағасырлық ғалым. Ол шари'ат проблемаларына арналған бірқатар маңызды еңбектердің авторы. Ұсынылып отырған ғалымның еңбегі Принстон университеті (АҚШ) кітапханасында сақтаулы шығарманың қолжазба көшірмесіне негізделіп, оны

атақты ғалым, дінтанушы, Қазақстанның Бас мүфтіі Әбсаттар қажы Дербісәлі алғаш орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізді. Хибатулла ат-Тарази Каирдегі Сұлтан аз-Захир Бейбарстың медресесінде мударрис қызметін атқарды, сол жерде қайтыс болып, Египет астанасында жерленген. Принстон тізімінің факсимилесі қосымша ретінде берілген. Кітап исламтанушы-шығыстанушыларға, тарихшыларға, филологтарға, философтарға, отандық мәдениет пен ислам өркениеті тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

HIBATULLAH AT-TARAZI AND HIS SPIRITUAL HERITAGE

Introduction to the publication of the monument, translation from the Arabic language, commentary, compilation of indexes: sheikh Absattar khadji Derbisali, Doctor of Philology, Professor, Chairman of SAMK, Chairman of the Council of Muftis of Central Asia and Kazakhstan. – Astana: LP «KazPoligrafizdat», 2012. – 324 p. + 8 tabs. ISBN 978-601-7351-06-9

Hibatullah ibn Akhmad Muala at-Tarazi at-Turkistani (1272–1333) was famous Middle Ages scientist, a native of the medieval Kazakh city of Taraz. He is the author of a number of important works devoted to the problem of Shari'a. The work of the scientist presented here is for the first time translated into Russian and introduced into scientific circulation by the famous scientist, religious scholar, Supreme Mufti of Kazakhstan Sheikh Absattar Haji Derbisali on the basis of a handwritten copy of the essay kept in the library of Princeton University (USA). Hibatullah at-Tarazi worked as a mudarris in the Sultan al-Zahir Baybars madrasah in Cairo, where he died and was buried in the Egyptian capital. A facsimile of the Princeton list is attached as an attachment. The book is intended for Islamic scholars – orientalists, historians, philologists, philosophers interested in the history of domestic culture and Islamic civilization.



Дербісәлі Шейх Әбсаттар қажы

ҚАУАМ АД-ДИН ӘЛ-ИТҚАНИ (ИҚАНИ) ӘЛ-ФАРАБИ АТ-ТҮРКІСТАНИ (1286-1357). ӨМІРІ МЕН МҰРАСЫ

*Жауапты ред. Әшірбек Момынов. – Алматы. 2013. – 244 б.
ISBN 978-601-217-389-5*

Ислам өркениеті мен оның бір бөлігі болып табылатын қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі, ғылымындағы Отырардың орны бөлек. Ол көптеген ғұлама ғалымдарды, ойшыларды, даналарды дүниеге келтірді.

Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани солардың көрнектілерінің бірі. Түркістан маңындағы ежелгі Иқанда дүниеге келген ол Отырардың бас имамы болған, сонан соң Шам астанасы Дамаскіде тұрған. 25 жыл Бағдатта әйгілі Әбу Ханифа кесенесі жанындағы медреседе ұстаздық еткен.

Өмірінің соңында Мысырға қоныс аударып, Каирдегі Сұрғатмишия (Сарғатмашия) мен аш-Шайхуния медреселерін басқарған, мүдarris болған. Ол оқу орындары күні бүгінге дейін дін аман тұр.

Қауам ад-дин Ислам дініне, өркениетіне қатысты мәнді де маңызды бірқатар еңбектер қалдырған. Олардың біразы біздің заманымызға жетті.

Қолыңыздағы еңбекте қазақ тарихындағы сондай даңқты перзенттердің бірінің өмірі мен мұрасы жайлы баяндалады.

Derbisali Shaih Absattar kazhy

KAUAM AD-DIN AL-ITKANI (IKANI) AL-FARABI AT-TURKISTANI (1286-1357). HIS LIGE AND HERRITAGE

Responsible editor Ashirbek Muminov. – Almaty. 2013. – 244 p. ISBN 978-601-217-389-5

The place of Otrar has a special place in Islamic civilization and in Kazakh culture, literature, science. He was the reason for the birth of many scientists, thinkers, sages. Kauam ad-Din al-Itkani (Ikani) al-Farabi At-Turkistani was one of the brightest of them. Born in Ancient Ikan near Turkestan, he was the main imam of Otrar, and then lived in the Sham capital of Damascus. 25 years he was a teacher in medrese near mausoleum of famous Abu Hanifa in Baghdad. At the end of his life, he moved to Egypt and ran the Surgatmishiyya (Sargatmashiyya) and Ash-Shaykhuniyya madrasahs in Cairo, where he was a Modarris. This study place is still located here. Kauam ad-Din lefted many works about religious and civilization of Islam. Some of them have survived to our time. The work tells about the life and legacy of one of such glorious ancestors in Kazakh history.

Дербисали Шейх Абсаттар хаджи

КАУАМ АД-ДИН АЛЬ-ИТКАНИ (ИКАНИ) АЛЬ-ФАРАБИ АТ-ТУРКЕСТАНИ (1286-1357). ЖИЗНЬ И НАСЛЕДИЕ

Отв. ред. Аширбек Муминов. – Алматы, 2013. – 244 с. ISBN 978-601-217-389-5

В исламской цивилизации и являющейся ее частью казахской культуре, литературе и науке Отырар занимает особое место. Он дал миру множество гениальных ученых, мыслителей, мудрецов. Қауам ад-дин аль-Иткани (Икани) аль-Фараби ат-Туркестани является одним из них. Он родился в древнем Икане, близ Туркестана, после стал главным имамом Отырара, далее жил в столице Сирии – Дамаске, 25 лет преподавал в медресе близ мавзолея Абу Ханифы в Багдаде. В конце жизни он переезжает в Египет, руководит медресе Сургатмишия (Саргатмашия) и аш-Шайхуния, становится мүдarrisом в Каире. Данные учебные заведения сохранились и по сей день. Қауам ад-дин написал целый ряд содержательных и значительных трудов по исламской религии и цивилизации. Часть из них дошла до наших дней. В представленной работе изложены жизнь и наследие славных сынов казахской истории.



Әбсаттар қажы Дербісәлі

**РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ
(ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР)**

Алматы: Атамұра, 2016. – 712 б. ISBN 978-601-306-266-2

Филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербісәлінің бұл еңбегі жеті тараудан тұрады.

Бірінші «Ислам – ұлы дін» тарауы – Қазақстан мен Орта Азия мұсылмандары мың жылдан бері ұстанып келе жатқан ислам діні, оның тарихы, Ханафи мазһабы, Матуриди ақидасы, ата дініміз бен оның ерекшеліктері, дін және Отан, ислам діні және жастар.

Екінші «Ислам – үлкен өркениетте» халқымыздың ислам мәдениетімен қойындасып жатқан жазба мұралары және оның ірі өкілдері – Отырарлық, Сығанақтық және т.б. ғалымдар жөнінде әңгіме өрбиді.

Үшінші «Құрылтайлар мен конференциялар ғибратында» Әбсаттар қажы Дербісәлінің Астанада төрт рет (2003, 2006, 2009, 2012) өткен әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің құрылтайында сөйлеген сөздері, діндераралық түсіністік пен үнқатысу, діндер мұраты – ынтымақ пен бірлік, «Қазақстан – Батыс пен Шығыстың алтын көпірі» секілді және т. б. өзекті мәселелер ортаға салынады.

Төртінші «Сұхбаттарда» Бас мүфтидің дін һәм өркениет, сондай-ақ руханияттың өзекті мәселелерін сөз ететін ақпарат құралдары және шетелдік мемлекет қайраткерлерімен болған сұхбаттары, ислам дінінің бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтары және т. б. әңгіме арқауына айналған.

Бесінші «Ғұмырнаамалық баяндар» ғалымның еліміздің мемлекет және ғылым, өнер қайраткерлері туралы ой-толғамдарына арналған.

Алтыншы «Жолжазбаларда» көрнекті дінбасы ретінде түрлі елдер мен жұрттарға жасаған сапарлары, зияраттарда көргендері мен көңілге түйгендері, сапарлардың ғибраттары жайлы ой бөліседі.

Жетінші «Ғалым, мүфти, қайраткер немесе замандас туралы ойлар» тарауында ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті мәдениет қайраткері Асанәлі Әшімов пен филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Әшірбек Момынов, Шамшидин Керім, Ислам Жеменей, Айгүл Смақова, Сәрсенбі Дәуітовтің Әбсаттар қажы Дербісәлінің шығармашылығы туралы ой-пікірлері берілген.

Кітап дінтанушылар мен исламтанушылар, ғалымдар мен қоғам және дін қызметкерлері, мәдениеттанушылар һәм өнертанушылар, сонымен қатар жалпы жұртшылыққа арналған.

Absattar kazhy Derbisali

SPIRITUALITY AND CIVILIZATION (RESEARCH AND ARTICLES)

Almaty: Atamura, 2016. – 712 p. ISBN 978-601-306-266-2

This work of Doctor of Philology, Professor Absattar Kazhy Derbisali has seven chapters. First chapter «Islam is the Great Religion» is about the religion of Islam, which the Muslims of Kazakhstan and Central Asia have adhered to for more than a thousand

years, its history, the Hanafi madhhab, the Maturid Akida, our religion and its features, religion and Motherland, Islamic religion and youth. Second chapter «Islam – in a large civilization» is about the literary heritage of our people associated with Islamic culture, and its major representatives – scientists of Otyrar, Syganak and other. Third chapter will present the speeches of Absattar kazhy Derbisali at the kurultai of world and traditional religious leaders held in Astana four times (2003, 2006, 2009, 2012), interreligious understanding and dialogue, the ideals of religions and unity, «Kazakhstan – the Golden Bridge of the West and the East» and others. Fourth chapter in the «interview», the Supreme Mufti's conversations with the media and foreign statesmen covering topical issues of religion and civilization, as well as spirituality, universal values of Islam, etc. were sounded. In the fifth part «biographical stories» are devoted to the scientist's reflections on the statesmen and figures of science and art of our country. The sixth chapter «in the luggage» tells about trips to different countries as an outstanding religion staff, about what he saw and experienced in pilgrims, about the edification of travel. In the seventh chapter «reflections on a scientist, mufti, figure or contemporary» – the laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan, a prominent cultural figure Asanali Ashimov and Doctor of Philological sciences, professors Ashirbek Momynov, Shamshidin Kerim, Islam Zhemenei, Aigul Smakova, Sarsenbi Dautov are given opinions on the work of Absattar kazhy Derbisali. The book is intended for religious scholars and Islamic scholars, scientists, public and religion staffs, culturologists and art historians, as well as the general public.

Абсагтар хаджи Дербисали

ДУХОВНОСТЬ И ЦИВИЛИЗАЦИЯ (ИССЛЕДОВАНИЯ И СТАТЬИ)

Алматы: Атамұра, 2016. – 712 с. ISBN 978-601-306-266-2

Данная работа доктора филологических наук, профессора Абсагтара хаджи Дербисали состоит из семи глав. Глава первая «Ислам – великая религия» рассказывает об исламе, которого придерживаются более тысячи лет мусульмане Казахстана и Средней Азии, его истории, мазхабе Ханифы, акиде Матуриди, исконной религии и ее особенностях, религии и Родине, исламе и молодежи. Во второй главе «Ислам в большой цивилизации» идет речь о письменном наследии нашего народа, идущего рука об руку с исламской культурой, и его крупных представителей – ученых из Отырара, Сыгнака и т. п. В третьей главе «Назидания съездов и конференций» приводятся выступления Абсагтара хаджи Дербисали на четырех (2003, 2006, 2009, 2012) съездах Лидеров всемирных и традиционных религий, проведенных в Астане, о межконфессиональном взаимопонимании и диалоге, о цели религий – сотрудничестве и единении, о конференции «Казахстан – золотой мостик между Западом и Востоком» и т. п. В основу четвертой главы «Беседы» легли размышления видного лидера духовенства о религии и цивилизации, общих для человечества ценностях ислама, а также интервью Главного муфтия для СМИ и зарубежных государственных деятелей, в которых затронуты актуальные проблемы духовности. Пятая глава «Биографические заметки» посвящена размышлениям ученого о нашем государстве, науке, деятелях искусства. В шестой главе «Путевые

записки» видный духовный лидер делится мыслями о своих поездках в различные страны, увиденном лично и произведшем впечатление во время паломничеств, заключениями, сделанными после поездок. В седьмой главе «Ученый, муфтий, деятель или размышления о современнике», представлены суждения Лауреата Государственной премии РК, видного деятеля искусства Асанали Ашимова, докторов филологических наук и профессоров Аширбека Муминова, Шамшидина Керима, Ислама Жеменей, Айгуль Смаковой, Сарсенби Даутова о творчестве Абсаттара хаджи Дербисали. Книга предназначена религиоведам и исламоведам, ученым, общественным работникам и работникам духовенства, культурологам и искусствоведам, а также широкому кругу читателей.



Әбсаттар Дербісәлі

МУХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ: ӨМІРБАЯНДЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ

2-басылымы, толықтырылып, өңделген. – Алматы: Өнер, 2018. – 320 бет. ISBN 978-601-209-254-7

Мұхаммед Хайдар Дулати (Дуғлат) (1499-1551)-XVI ғасырда өмір сүрген көрнекті мемлекет қайраткері, атакты тарихшы ғалым, ақын, дипломат, әскери қолбасшы. Қазақ халқы тарих сахнасына көтерілген тұста өмір сүрген үлкен ойшыл. Өмірінің негізгі кезеңдері осы күнгі Орталық Азияның Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Пәкстан һәм Үндістан мен Шығыс Түркістан және Тибет елдерінде өтті. Ол осы жұрттар тарихына қатысты «Тарих-и Рашиди» атты тарихи-мемуарлық еңбек және «Жаһан наме» атты поэма жазған. Осы бір дарабоз ірі тұлғаның өмірі мен шығармашылығына арналған өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалыққа ұлы тұлға және оның шығармалары жайлы негізінен 1829–2018 жылдар аралығында жазылған қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, ұйғыр, түрік, парсы, орыс тілдерімен қатар ағылшын, неміс, француз тілдеріндегі де әдебиеттер енгізілді.

Absattar Derbisali

MUKHAMMAD KHAIDAR DUGHLATI: BIOGRAPHIC AND BIBLIOGRAPHIC DIRECTORY

2-edition, supplemented and processed. – Almaty: Oner, 2018. – 320 p. ISBN 978-601-209-254-7

Mukhammad Khaidar Dughlati (Dughlat) (1499–1551) was outstanding statesman, famous scientist-historian, poet, diplomat, military leader who lived in the 16th century. The Kazakh people were a great thinker who lived on the stage of history. The main stages of his life that day passed in the countries of Central Asia: Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Afghanistan, Pakistan, India, East Turkestan and Tibet. He wrote the historical-memoir work «Tarikh-i Rashidi» and the poem «Jahan name», concerning the history of these people. The biographical bibliographic reference book dedicated to the

life and work of one major man Daraboz included literature about the great man and his works, mainly in Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Tajik, Uyghur, Turkish, Persian, Russian, as well as in English, German, French, written between 1829 and 2018.

Абсагтар Дербисали

**МУХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ:
БИОБИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК**

2-издание, дополненное, исправленное. Алматы: Өнер, 2018. – 320 стр. ISBN 978-601-209-254-7

Мухаммед Хайдар Дулати (Дуглат) – видный государственный деятель, известный ученый-историк, поэт, дипломат, полководец, живший в XVI веке. Великий мыслитель периода, когда казахский народ поднялся на историческую арену. Важные периоды его жизни прошли на территории нынешних стран Центральной Азии, таких как Узбекистан, Таджикистан, Кыргызстан, Афганистан, Пакистан, Индия, Восточный Туркестан и Тибет. По истории указанных стран он написал историко-мемуарную работу «Тарих-и Рашиди» и поэму «Джахан-наме». В первый биобиблиографический справочник, посвященный жизни и творчеству исключительной личности, была введена литература, написанная в 1829–2018 годах на казахском, кыргызском, узбекском, таджикском, уйгурском, турецком, персидском, русском, а также на английском, немецком, французском языках.



Ә. Б. Дербісәлі

**МУХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ – КӨРНЕКТІ
РУХАНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚАЙРАТКЕР**

Монография / Рецензенттер: филология ғылымдары докторы, профессор Ислам Жеменей, философия ғылымдары докторы (PhD) Болатбек Батырхан. – Астана: Корпоративный фонд «Фонд поддержки духовных ценностей», 2018. – 260 б. – I том.

Монография «Исламтану бойынша қазақ мектептерін дамыту бойынша зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы грант шеңберінде жарияланған. Кітап Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» гранттық қаржыландыруы аясында жарияланды.

A. B. Derbisali

**MUKHAMMAD KHAIDAR DUGHLATI. A PRINCIPAL SPIRITUAL AND
SCIENTIFIC ACTOR**

Monograph / Reviewers: Doctor of Philology, professors Islam Zhemenei, doctor of philosophical science (PhD) Bolatbek Batyrkhan. – Astana: Corporate Foundation «Foundation for the Support of Spiritual Values», 2018. – 260 p. – I Volume.

A monograph published within the framework of a grant on the topic «Conducting research on the development of Kazakh schools of Islamic studies» and within the framework of grant funding from the «Center for Support of Civil Initiatives» with the support of the Ministry of Social Development of the Republic of Kazakhstan.

А. Б. Дербисали

**МУХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ – ВИДНЫЙ ДУХОВНЫЙ
И НАУЧНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ**

Монография / Рецензенты: доктор филологических наук, профессор Ислам Жеменей, доктор философских наук (PhD) Болтабек Батырхан. – Астана: Корпоративный фонд «Фонд поддержки духовных ценностей», 2018. – 260 с. – I том.

Монография опубликована в рамках гранта по теме «Проведение исследований по развитию казахстанских школ по исламоведению», а также в рамках грантового финансирования «Центра поддержки гражданских инициатив» при поддержке Министерства общественного развития Республики Казахстан.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Батырхан Болатбек – Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері

Дербісәлиева Рафия – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкер-ардагері

Дүйсенов Бағдат – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері

Жанабергенова Динара – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс докторанты

Жеменей Ислам – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор, филология ғылымдарының докторы, ҚР мәдениет қайраткері, Халықаралық жазушылар «Pen klub» мүшесі

Керім Шамшәдин – профессор, филология ғылымдарының докторы, Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Қалиева Шынар – филология ғылымының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушысы

Құрманбаева Құралай – ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан

Лама Шариф Қайрат – Қазақстанның Мысыр Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі

Мәкішева Мәрияш – ҚазҰУ қауымдастырылған профессоры

Мәсімханұлы Дүкен – Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Медерова Дина – тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР БҒМ ҒК Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері

Нығыметов Ғани – Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Batyrkhan Bolatbek – Senior Research Fellow at R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

Derbisalieva Rafia – Statesman and Public Figure, Honored Employee-Veteran of the diplomatic service of the Republic of Kazakhstan

Dyusenov Baghdad – Senior Research Fellow at R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of CS MES RK

Kalieva Shynar - Lecturer of the Department of the Middle East and South Asia, Faculty of Oriental Studies, al-Farabi Kazakh National University, candidate of philological sciences, associate professor

Kerim Shamshadin – Professor, Doctor of Philology Sciences, Director of the Abu Hanifa Research Center of the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak

Kurmanbaeva Kuralay – Research Fellow at R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of CS MES RK

Lama Sharif Kairat – Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of Kazakhstan to the Arab Republic of Egypt

Makisheva Mariyash – Associate Professor of KazNU

Masimkhanuly Duken – Director of R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Philology, Professor

Mederova Dina – Candidate of Historical Sciences, Senior Researcher at R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of CS MES RK

Nygymetov Gani – Deputy Akim of the North Kazakhstan region

Zhanabergenova Dinara – 2nd year doctoral student at L. N. Gumilyov Eurasian National University

Zhemenei Islam – Director of the Turan-Iran Research Center of al-Farabi Kazakh National University, Professor, Doctor of Philological Sciences, Culture Worker of the Republic of Kazakhstan, Member of the International «Pen klub» of writers

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Батырхан Болатбек – старший научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова

Дербисалиева Рафия – государственный и общественный деятель, заслуженный сотрудник-ветеран дипломатической службы Республики Казахстан

Дюсенов Багдат – старший научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК

Жанабергенова Динара – докторант 2 курса Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева

Жеменей Ислам – директор научно-исследовательского центра «Туран-Иран» Казахского национального университета им. аль-Фараби, профессор, доктор филологических наук, деятель культуры РК, член Международного Пен-клуба писателей

Калиева Шынар – преподаватель кафедры Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения Казахского национального университета им. аль-Фараби, кандидат филологических наук, доцент

Керим Шамшадин – профессор, доктор филологических наук, директор научно-исследовательского центра Абу Ханифы Египетского университета Исламской культуры Нур-Мубарак

Курманбаева Куралай – научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Казахстан

Лама Шариф Кайрат – Чрезвычайный и Полномочный Посол Казахстана в Арабской Республике Египет

Макишева Марияш – ассоциированный профессор КазНУ

Масимханулы Дукен – директор Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, доктор филологических наук, профессор

Медерова Дина – кандидат исторических наук, старший научный сотрудник Института востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК

Ныгыметов Гани – заместитель акима Северо-Казахстанской области

Уважаемые коллеги!

Институт востоковедения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан продолжает издание научного журнала «SHYGYS» («Восток»). В журнале публикуются научные исследования казахстанских и зарубежных ученых по различным направлениям востоковедения.

Журнал выходит на казахском, русском, английском, французском и немецком языках.

Редакция журнала «SHYGYS» принимает к публикации статьи, которые должны соответствовать следующим требованиям:

– статьи следует отпечатать в двух экземплярах, 14-м кеглем, шрифтом Times New Roman через один интервал, с соблюдением полей в 2 см со всех сторон. Статьи заверяются подписью автора (авторов). К рукописи прилагается электронный вариант статьи в формате Microsoft Word, графические материалы необходимо предоставлять отдельными файлами с расширениями jpeg или tiff и разрешением не менее 300 dpi. К графическим материалам обязательны подписи;

– сноски даются в следующем виде: в тексте статьи приводится номер по порядку в квадратных скобках, а в конце – автор (Ф. И. О.), название статьи, название источника (книги, журнала), место, месяц и/или год издания;

– графики, диаграммы, иллюстрации и другие графические материалы распечатываются на отдельных листах. В тексте указывается желаемая позиция для размещения графических материалов и приводятся подписи к ним;

– к статье прилагаются резюме на трех языках: русском, казахском и английском, с Ф. И. О. и названием статьи.

– к статье прилагаются следующие сведения об авторе: фамилия, имя, отчество, место работы, ученая степень и должность, служебный и домашний адреса, номера служебного и домашнего телефонов.

Рукописи статей не возвращаются и не рецензируются.

Ответственность за содержание статей несет автор (авторы).

Редакция журнала оставляет за собой право публикации или отклонения рукописи.

Адрес редакции:

Республика Казахстан, 050010

Алматы, ул. Курмангазы, 29

Тел. (727) 261-16-01

Факс (727) 261-46-00

E-mail shighistanu@mail.ru, uly.dala2017@mail.ru

Ссылка при перепечатке на журнал «SHYGYS» обязательна.

Подписаться на журнал «SHYGYS» («Восток»)

можно в любом отделении «Казпочты».

Подписной индекс 75117 (для подписчиков из Казахстана).